Mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyv, tuqьmьn asьldandьruv çɵninde zooteqnijkterdiꞑ atqaratьn qьzmeti erekce zor. Biraq, kɵp çerlerde Zooteqnijkter mindetterin tolьq atqara-almaj keledi. Zooteqnijkterdi durьstap pajdalanʙav, olardьꞑ çumьs istevine çaqsь çaƣdaj çasamav ʙir sьpьra çerlerde əlide ʙar. Bul kemcilikti ʙytindej çojyv kerek. Zooteqnijkterdi plan çasavcь, sanaqcь retinde nemese çaj keꞑes ʙeryvci retinde ƣana pajdalanʙav kerek. Olar mal icine aralasa çyrip, mal ɵsiryvci qalqozcьlarƣa zooteqnijkalьq caralardь çyzege asьruvda naqtьlь kɵmek ʙeretindej ʙolsьn. Qalqozcьlar olardьꞑ ʙilim təçirijʙesin qoldanьp, ɵzderiniꞑ çaqsь təçirijʙalarь men ʙajlanьstьrьp çyrgize ʙiletin ʙolsьn.

Ɵktəʙir avdanьnьꞑ Zooteqnijgi Meqajьl Juvrockijdiꞑ (komsomolets) çajlavdaƣь ʙir nece mal permalarьnьꞑ ortasьnan Zooteqnijkalьq kuyrs ujьmdastьrьp, osь çazda mal ʙaqtacьsь, savьncь, perma ʙastьqtarьnan 185 adam oqьtьp cьƣarmaq. (Bular çumьstan qol ɵzʙej çyrip oqьjdь). Qalqozdar Zooteqnijktiꞑ osьndaj çaqsь çumьs istevine çaƣdaj çasaƣan. Teginde Zooteqnijktardь tolьq pajdalanьp, Zooteqnijkalьq caralardь tolьq çyzege asьrmajьnca, qalqozcьlardьꞑ Zooteqnijkalьq ʙilimderin arttьrmajьnca sotsьjaldь mal caruvacьlьƣьn kelecekte ojdaƣьdaj ɵrkendetyvge, tuqьmьn asьldandьrьp, ɵnimin arttьruvƣa ʙolmajtьndьƣьn tysinyv kerek. Qalqocьlardьꞑ zooteqnijkalьq ʙiliminiꞑ artuvьna ʙarlьq çaƣdajdь çasav kerek. Bul negizgi mindet.

Bir sьpьra çerlerde mal indetine qarsь kyres əli de çyrgizilmej keledi. Avruv maldь sav malƣa qosьp ʙaƣьp, sav maldarƣa avruv çuqtьruv, maldь indet cьqqan çerge çajuv, irkindi las suv men suvaruv, indet cьqqan mal qoralarьna dezijnpeksija çasamav, avruv maldь mal dərgerine kɵrsetip, olardьꞑ tilin almav, ɵz ʙetteri men „emdev" sьjaqtь soraqьlьq-

tar əsirese avьldьq çerlerde əli de çojьlьp bolƣan çoq. Sonьꞑ saldarьnan вir sьpьra çerlerde вьjьlƣь çьlь da mal indeti вoldь. Mundaj ɵreskelderdi вoldьrmavdьꞑ carasьn aldьn ala istep, mal indetine qarsь kyreske kɵpciliktiꞑ nazarьn avdaruvь kerek. Ystimizdegi Staqanьpcьlar çьlьnda kəzirgi qolda вar вirde вas iri maldь, вir)de ças tɵldi avruvƣa caldьqtьrmaj, ɵlim çitimnen aman saqtav ycin kvresyv, вul çɵnde çurtcьlьqtь ujьmdastьra вilyv-ər вir avьl kommunisiniꞑ вastь mindeti

Maldь indetten aman saqtav, semirtyv, ɵnimin arttьruv çeninde çazƣь mal çajьlьmьn durьstap ujьmdastьruvdьꞑ maꞑьzь ɵte zor. Ɵtken çьldarda maldь çajlavƣa cьƣaruvƣa qarsь pikirler вir sьpьra çerlerden kezdesip keldi. Bul-partija çolьna ec вir çanaspajtьn pikir. Mundaj zьjandь pikirlerge çol вermej, çaqsь çajlavlardьꞑ cyjgin cɵp, mɵldir suvьn emin, erkin pajdalanuvdьꞑ carasьn istev kerek. Вьjьlƣь çьlь əsirese Almatь, Qaraƣandь oвьlьstarьnьꞑ вir sьpьra avdandarь, qalqozdarь maldь çajlavƣa cьƣaruv çumьstarьn ujьmdastьrdь. Qaraƣandь oвьlьsьndaƣь Cuvcьn avdanьnьꞑ „12 çьldьq ɵktəвir“ atьndaƣь qalqozdьꞑ qoj permasьnьꞑ ordendi вastьƣь Əmrijn Tɵke çoldas çazƣь çajlavdь tamaca ujьmdastьrƣan. Çaqsь çajlavdь taꞑdap alьp, onь вir nece qonьsqa вɵlgen, maldь qonьs ьꞑƣajьna qaraj çajatьn вolƣan. Sonьꞑ arqasьnda вul qalqozdьꞑ çajlavdaƣь malь erekce semirip, tɵli de kyn sanap çetilip keledi. Byjtip maldь çaz, kyz вojь çajlavƣa kyzdevge cьƣarьp, qonьstap çajьp, semirtyv вarlьq qalqozdardьꞑ isine ajnaluv kerek.

Barlьq çergilikti partija ujьmdarьnьꞑ, soвet orьndarьnьꞑ, qalqozcьlar kɵpciliginiꞑ kəzirgi vaqьtta erekce kɵꞑil вɵletin çumьsь-ystimizdegi cɵp caвuv navqanь вoluv kerek. Ɵtken çьlь cɵpti der kezinde cavьp, çьl вojьna çeterlik etip qamdap almaƣandьqtan çazƣь turьm вir talaj qalqoz вir sьpьra malьn ɵltirip aldь. Bul, ərijne, iri masqaracьlьq. Mal azьƣьn tolьq qamdap almajьnca „Mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyv isi qamtamasьz etildi“ dev вos sɵz вoladь.

Mal azьƣьnьꞑ əsirese, sapalь вoluvьna qattь kɵꞑil вɵlyv kerek, caвьlƣan cɵpti quvratpaj, kɵk kyjinde ile çьjnap maja salьp otьruv kerek. Caвьlƣan cɵpti quvratьp nemese çavьn-cacьnƣa urьndьruv-eꞑвekti kɵrine dalaƣa ketiryv degen sɵz вoladь. Endigi çerde caвьlƣan, yjilgen cɵpti mal qoralarьna tasьp çetkizyv çumьsьn qьzuv tyrde ujьmdastьruv kerek.

Ɵtken çьldarda kɵp çerlerde cɵp syrilev planь orьndalmaj qaldь. Bul cɵp syrlevge qarsь pikirlerge der kezinde soqqь вerilmevdiꞑ nətijcesi. Çergilikti partija, soвet ujьmdarь вьjьlƣь çьlь mundaj zьjandь pikirlerge çol вermej, cɵp syrilev çumьsьna çete maꞑьz вerip, qalajda cɵp syrilev pьlanьnьꞑ tolьq, sapalь вolьp orьndaluvьn qadaƣalavь kerek.

Mal azьƣьn sapalь etip vaqьtьnda tolьq qamdap aluv men qaвat, maldьꞑ qьsqь qorasьna da osь вastan kɵꞑil вɵlmejince вolmajdь. Mal caruvacьlьƣьndaƣь taвьstarьmьzdь вajandь etyvdegi вastь caranьꞑ вiri osь. Maldьꞑ arьp, çydevi, qotьrƣa вasqada avruvƣa caldьquvь mal qoralarьnьꞑ çamandьƣьnan da вoladь. Mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyvdi qunttaƣan qalqozdarьmьz mal вasьn çьlь, çajlь, çarьq qoralar men tolьq qamtamasьz etip aldь. Al, quntsьz caruvalar əli kynge dejin вul çumьstь eskermej keledi. Bul вastь kemcilikti вьjьlƣь çьlь qalajda çojuvdьꞑ carasьn istev kerek. Plan вojьnca çaꞑadan qora saluv, вurьnƣь qoralardь remonttav çumьstarьna osь вastan kɵꞑil вɵlip, qurьlьs çumьsьna kerekti adam kycin, kɵlik kycterin çetkilikti вɵlip, qurьlьs materijaldarьn vaqьtьnda tolьq çetistiryv kerek. Aldaƣь qьsta qalajda вarlьq maldьꞑ çьlь, çajlь, çarьq qorada turuvьn qamtuv-mal caruvacьlьƣьndaƣь вastь mindetimizdin вiri вolьp sanaladь.

Qalqozdar men qalqozcьlar memleketke beresi (et, maj, çyn sьjaqtь) mal ənimderin vaqьtьnda tapsьruv çumьstarьn erekce eskeryvleri kerek; mal caruvacьlьqьn ərkendetyvde ucan teniz kəmek kərsetken, kərsetipte otьrqan əzinin proletarьjat memleketinin aldьndaqь borьсьn ətevdi-birinci parьz dep tysinyv kerek. Memleketke beriletin ettin, majdьn, çynnin sapalь boluvьn ajrьqca qunttav kerek boladь. Memleket aldьndaqь mindetine „nem ketedi" qarav- bolceвiktik qalqozdьn, adal qalqozcьnьn isi emes ekenin esten cьqaruvqa bolmajdь.

Mal caruvacьlьqьn ərkendetyvdegi en bastь mindetimiz staqanьрcьlar qozqalьsьn kycejtyv boladь. Ystimizdegi çьldьn ətken çeti ajьnda staqanьрcьlar qozqalьsь edəvir əris aldь. Mal basьn, ças təlderdi cьqьnqa ucьratpaj aman saqtap otьrqan, çaqsь kytip, semirte bilgen, maldan sytti, çyndi kəp alьp, ənimin arttьrьp otьrqan staqanьрcьlarьmьzdьn qatarь kyn sanap əsip keledi. Tamaca is ylgisin kərsetip otьrqan tamaca kadьrlarьmьz qaj avdannan bolsa da tabьladь. Bul çənde tolьp çatqan mьjsal keltiryvge boladь. Endigi bastь mindet-osьndaj mandaj aldь staqanьрcьlarьmьzdьn ylgili is təçirijbelerin kəpcilikke avьstьra bilip, staqanьрcьlardьn qatarьn əsiryv kerek. Staqanьрcьlar qozqalьsьnьn вurьnqьdan da kycejip, staqanьрcьlar qatarьnьn kenyvine barlьq çaqdajlardь çasav kerek. Bul çənde avьl kommunisterinin atqaratьn mindeti erekce zor.

Əcip bitpegen tap duspandarьnьn qaldьqtarь, вujrokьrat elementter əli de bolsa mal caruvacьlьqьnьn ərkendevine qьrsьq çasavqa, staqanьрcьlardьn ylgili isine kedergi bolьp, вedelin tysiryvge kej çerlerde əreket etip otьr. Çergilikti partija, sobet ujьmdarь, avьl kommunisteri mundaj tap çavь qaldьqtarьnьn, olardьn əgentterinin əreketine çol вermevi kerek. Tap qьraqьlьqьn вurьnqьdan da kycejtyv kerek. Ortalьq partija komijtetinin yjen pilenymi „вarlьq partija, sobet ujьmdarьna arqanь kenge salqandьqtь, (tabьsqa mastanqandьqtь, qьjratьlqan tap duspanь qaldьqtarьnьn duspandьq əreketine nazardь вəsendetyvdi tez çojuv kerek" ekenin eskertip ətti. Avьl kommunisteri ortalьq partija komijtetinin bul eskertyvinen tijisti qortьndь cьqarьp, esinen cьqarmavqa mindetti.

Əlkemiz mal caruvacьlьqьn ərkendetyv çəninde Sol tystik Qapqaz əlkesi men sotsijaldьq çarьsqa tysti. Osь çarьstьn negizi вojьnca əlkemizdin bir sьрьra avdandarь sotsьjaldьq çarьsqa tysip, çarьs çumьsьn qьzdьrьp otьr. Avьl kommuvnisteri qalqoz вen qalqoz çana qalqozcьlar arasьnda sotsьjaldьq çarьs çumьstarьnьn ujьmdastьruvcьsь вola вilyvi kerek. Çasalqan çarьs cartьnьn orьndaluvь əz ara çiji tekserilip, staqanьрcьlardьn ylgili is təçirijbelerin avьstьrьp otьruvdь qattь qadaqalav kerek. Bul çənde kimnin qancalьq çumьs atqarqanь sentəвirdin 17-inde вolatьn Respuvвlijkalьq Slətte ajqьn kərinyvge tijis.

Danьcpan kəsemimiz Ulь Stalinnin çaqsь cakirti Mirzojan çoldas вastaqan Əlkelik Partija Komijtetinin вolceвiktik вascьlьqь arqasьnda əlkemiz sotsьjaldь mal caruvacьlьqь calqьqan əlkege ajnaldь. Вiraq mal caruvacьlьqьn вarьnca ərkendetyvge çasalqan вarlьq çaqdajdь əli de вolsa tolьq pajdalanьp otьrqamьz çoq, kyndelikti isimizde əli de kemcilikter kəp. Mal caruvacьlьqь men cuqьldanвajtьndar əli de az emes. „**Mal caruvacьlьqь men cuqьldanвaqan adamdar tykke turmajtьn adamdar, ondaj adamdar Sobet, qalqoz caruvacьlьqьna ujьmdastьruvcь вola almajdь, ondaj adamdardь вascьlьq orьnda qaldьruvqa вolmajdь**" (Mirzojan).

Çergilikti partija, Sobet ujьmdarь, вarlьq avьl kommuvnesteri mal caruvacьlьqь çumьstarьna erekce konil вəlyv kerek, mal caruvacьlьqьn ərkendetyvdi qurqaq səz, вos qavlь cecpejdi, kyndelikti, tьnqьlьqtь çumьs cecetindigin eske ustav kerek. Ystimizdegi staqanьрcьlar çьlьnda, Qazaqьstannьn odaqtas respyvвlijka вolatьn çьlьnda çalpь mal вa-

sьn kem degende 40 protsent ɵsiryv ycin ʙolceʙiktik kyrestiꞑ ylgisin kɵrsetyv ər ʙir avьl kommunisiniꞑ ardaqtь mindeti. Avьl kommunisteri Respyvʙlijkamьzdь sotsьjaldь mal caruvacьlьƣьnьꞑ сьƣьstaƣь aldьnƣь respyvʙlijkasьna ajnaldьruv çɵninde Mirzojan çoldas ʙastaƣan Ɵlkelik Partija Komijtetiniꞑ maꞑьna ʙurьnƣьdan da ʙerik ujьmdassьn!

---

N. Eryvʙajьp

# Kyzdikti sapalь etip, tez salatьn ʙolajьq

Odaqtьq Qalьq Komьjssarlarь Soʙeti 1936-çьlь salьnatьn kyzdik egistiꞑ planьn ʙekitti. Bul qavlь ʙojьnça, ʙьjьlƣь çьlь ʙizdiꞑ respyvʙlijkamьz 451,0 mьꞑ gektar kyzdik egin saluvƣa tijisti. Munьꞑ 51.0 mьꞑ gektarьn ʙarlьq sapqozdar saladь. Munьꞑ icinde 29.3 mьꞑ gektarьn Sapqozdar qalьq komijssarьjatьnьꞑ sapqozdarь, 5,4 mьꞑ gektarьn çer qalьq komijssarьjatьnьꞑ sapqozdarь, 8.8 mьꞑ gektarьn Odaqtьq tamaq zattarь ɵnerli kəsip Komijssarьjatьnьꞑ sapqozdarь saladь da, 7.5 mьꞑ gektarьn çumьscьlardь çaʙdьqtajtьn orьndar men ʙasqa ujьmdar saladь.

Plan ʙojьnca, Qazaƣьstannьꞑ qalqozdarь ʙьjьl 400.0 mьꞑ gektar kyzdik saladь. Munьꞑ 365.0 mьꞑ gektarь MTS tarƣa qarajtьn qalqozdardiki. Syjtip, ʙьjьlƣь çьlь Qazaƣьstan qalqozdarь icinde MTS qa qarajtьn qalqozdar kyzdik egistiꞑ denin salƣalь otьr. Bul ɵte maꞑьzdь çumьs.

Odaqtьq qalьq komijssarlarь soʙetiniꞑ qavlьsь ʙojьnca, Qazaƣьstanda ʙьjьlƣь çьlь salьnatьn kyzdiktiꞑ 212.1 mьꞑ gektarь ʙijdaj. Bul ʙarlьq salьnatьn kyzdiktiꞑ teꞑ çartьsьna çaqьn. Syjtip, kyzdik ʙijdajdьꞑ kɵlemin ʙudan ʙьlajda arttьra ʙeryv mindetin iske asьruvƣa ʙьjьl cuƣьl kirisetin ʙolьp otьrmьz.

Bьjьlƣь çьlь taza sorttь kyzdik egin saluvdьꞑ memlekettik planь ʙirinci ret ʙelgilenip otьr. Bul memlekettik maꞑьzь ʙar ylken çumьs. Yjtkeni, kyzde salьnatьn sorttь tuqьmdardь kɵʙejtip, kyzdik eginniꞑ tysimdiligin arttьruvƣa ʙul ylken mymkindik ʙeredi. Bul mindetti orьndav ycin, „1936-çьlƣь kɵktemgi egistiꞑ memlekettik planь tuvralь“ Odaqtьq Qalьq Komijssarlarь Soʙeti men Ɵrtalьq Partija komijtetiniꞑ 1936-çьlь 10-peʙiraldaƣь qavlьsьna lajьq, ər ʙir qalqozda çana sapqozdarda kyzdik egiske kerekti tuqьmdьq uvcaskeler ʙelgilenyvi kerek.

Mine, osьnьꞑ ʙarlьƣь kyzdik egistiꞑ tysimin arttьruvdь qamtamasьz etetin çaꞑa caralar. Bьjьlƣь çьlь ʙizdiꞑ Qazaƣьstanda 110,0 mьꞑ gektar ʙijdaj men 175.0 mьꞑ gektar qara ʙijdajdь taza sorttь tuqьm men seʙyv kerek.

Sorttь tuqьm seʙiletin uvcaskelerdiꞑ çerlerin sajlap aluv, oƣan seʙiletin tuqьmnьꞑ kɵꞑildegidej ʙoluvьn qamtuv ʙykil qalqozdardьꞑ, çer mekemeleriniꞑ çana MTS tardьꞑ ʙastь mindeti. Bul çumьstь kɵꞑildegidej çyrgizyv ycin çergilikti partija çana soʙet ujьmdarь сьndap ʙascьlьq etyvi kerek. Sonda ƣana sorttь tuqьmdь kyzdik egin saluv planьn artьƣь men orьndavƣa mymkindik ʙoladь.

Bьjьlƣь kyzdik egis saluv navqanь—Stalin ajtqan 7-8 milijart put astьq aluv uranьn iske asьruvdьꞑ ʙastь ʙir carasь ʙolьp sanaladь. Sondьqtan kyzdik egisti saluv çumьsьn mezgili men qolƣa alьp, ykimet ʙelgilegen srokte plandь orьndav kerek. Odaqtьq Qalьq Komijssarlarь soʙeti kyzdik egin saluv planь ər-ʙir qalqozda çana sapqozda 7-10 çumьs kyniniꞑ icinde ʙitetin ʙolsьn dep otьr. Bul ɵte durьs ʙelgilengen srok. Yjtkeni, ʙizdiꞑ avьl caruvacьlьƣьmьzdьꞑ kyzdik egin saluv planьn osь srokta çana ʙudan erte de orьndavƣa tolьq mymkindigi ʙar. Sondьqtan, kyzdik egin

saluvqa kiriskende plandь ykimet belgilegen vaqьtta orьndavqa tьrьsuv kerek, kycti osьqan səjkes bəlyv kerek.

Odaqtьq qalьq komijssarlar sobetinin qavlьsьna səjkes, Odaqtьq çer qalьq komijssarijatь ər bir respyvlijka, əlke çana obьlьstarda kyzdik egin salьp boluvdьn aqtьq srogin belgiledi. Bьjьlqь çьl kyzdik egin saluv planьn sol tystik Qazaqьstan obьlьsь sentəbirdin birine dejin, Cьqьs Qazaqьstan, Qaraqandь, Qostanaj obьlьstarь sentəbirdin 5-ne dejin, Batьs Qazaqьstan obьlьsь sentəbirdin 10 na dejin, Aqtəbe obьlьsь sentəbirdin 15-ne dejin, Almatь obьlьsь əktəbirdin 1-ne dejin çana On tystik Qazaqьstan obьlьsь nojabirdin 5-ne dejin orьndavь kerek.

Çьlda bolьp kelgen ylken kemciliktin biri—kyzdik egin vaqьtь men salьnbaj keledi. Kyzdik saluv çumьsь kec bastaladь da, çer qatqanca toqtalmajdь. Bul durьs emes. Yjtkeni, kyzdik ne qurlьm erte salьnьp, çer qatьp, qar tyskence ənip, çer betine cьqьp qalatьn boluv kerek. Al, çer qatqanca salьnqan kyzdikten pajda camalь,kyc beker cьqьn boladь. Bul təçirijbeden belgili. Sondьqtan kyzdik saluvdьn srogine erekce kənil bəlyv kerek.

Kyzdik eginnin tysimdi mol beretindigi təçirijbede əbden sьnalqan. Mьsalь: Almatь obьlьsьnьn Qaskelen avdanьndaqь „Buvdennьj", „OGPV" qalqozdarь bьjьlqь çьlь kyzdik eginderinen 180 puttan 200 putqa dejin astьq alьp otьr. Biraq, kyzdik eginnen mol tysim aluvdьn cegi osь qana emes, egerde, kyzdik egindi çaqsь kytilgen taza parqa salsaq, plandь vaqьtь men orьndasaq,tuqьm sebyv, tьrma tartuv çana kyzdikti kytyvde agroteqnijkalьq caralardь tolьq qoldansaq,kyzdik eginnen astьqtь əlde qajda mol alamьz. Bul kymənsiz nərse.

Biraq, acьq ajtuv kerek, bizde osь kynge dejin kyzdik egin di çete baqalamavcьlьq əli bar. Əsirese, kyzdik egin salьnatьn parlardь kytyv, kyltijbatsьja çyrgizyv, kyzdik tuqьmdь sebyvden burьn çerdi sьdьrьp cьrtuv çumьstarь respyvlijkamьzda osь kynge dejin kənildegidej bolmaj keledi. Bьjьlqь çьlda bizdin respyvlijkamьz par ajdav planьn orьndaj almadь. Onьn ystine ajdalqan pardь kytyv, kyltijbatsьja çyrgizyv çumьstarь nacar. Osьnьn saldarьnan par ajdalqan çerlerge aram cəp cьqьp, vaqtь men ajdalqan pardьn manьzьn ketirip otьr.

Əli de kec emes. Kəzirden bastap, par ajdalqan çerdi kytyv, kyltijbatsьja çyrgizyv çumьstarьn qьzuv qolqa alьp, barlьq pardь aram cəpten çaqsьlap tazartuv kerek. Kyzdik eginnin tysimin arttьruvdь səzsiz qamtamasьz etetin agroteqnijkalьq ədistin bastьsь osьlar. Sondьqtan munь egin çьjnav çana astьq tapsьruv çumьstarь men qatar çyrgizip, tez aranьn icinde bitiryv çaqьn qamtuv mindet.

Egindi oruv çumьsьn tezdetyv men qatar, orьlqan egindi anьzda kəp çatqьzbaj, tasьp aluv kerek. Sonda kyzdik salьnatьn çerlerdi tez bosatьp alьp, əl çerdi sьdьra cьrtьp, kyzdik egin saluvqa əzirlevge mymkindik boladь. Sondьqtan, egin oruv çumьsь men kyzdik saluv çumьsьn birdej qolqa alьp, qatan çyrgizyvdin manьzь ylken.

Kəzir kyzgi avьl caruvacьlьq çumьsьnьn barlьqь qatar çyrgizilip çatqan vaqьt. Sondьqtan traktorlardь da, kəlikterdi de barlьq çumьsqa durьs pajdalanьp, əlardьn çumьsь ənimdi istevin qamdav kerek. Barlьq traktorlardь tez remonttap bolьp, kəliktin bir sьpьrasьn kyzdik pen zəpke cьqaruv kerek.

Mine, sonda qana kyzdik egindi vaqьtьnda salьp bolamьz. Bul çonde vaqьt bar qoj dep, arqanь kenge saluvqa nemese basqa çumьsqa ijek syjep, kyzdik egin saluv çumьsьna kezek kyttiryvge bolmajdь. Munь barlьq partija çana sobet ujьmdarь, qalqoz ben MTS bascьlarь çaqsьlap uqьnuvь kerek.

Tasbolatьp Səlmen

# Gerepord pen вuvdandastьramьz

Sonqь çьldardьn icinde mal caruvacьlьqьnьn nedəvir ərkendevi, mal вasьnьn вir nece ret artuvь onьn sapasьnьn da soncalьqtь çaqsaruvьna cuqьl kenil вelyvdi tilek etedi. Et, maj, syt, çyn sьjaqtь mal caruvacьlьqьnьn produvktalarьn kəвejtip, olardьn sapasьn çaqsartьp, вaqasьn arzandatuvdь mindet etedi. Bul mindetterdi orьndav ycin, çyzege cьqaratьn carьttardьn вiri-çergilikti qazaqь maldь asьl tuqьmdь mal men metijstendiryv (вuvdandastьruv) çana əlkemizde maldardь plan вojьnca ornalastьruv вoladь. S.S.S.R. Qalьq komijssarlarь soвeti men Ortalьq partija komijtetinin вul çenindegi cьqarqan qavlьlarьna səjkes osь çьldьn 27-majьnda Qazaqьstan qalьq komijssarlarь soвeti men Əlkelik partija komijteti qavlь cьqardь. Bundaqь вekitilgen plan вojьnca sapqozdardan qalqozdarqa 7.050 asьl tuqьm metis вuqa satьladь. Onьn 5500 jaqnьj 78% gerepord tuqьmь вolmaq. Sol qavlьnь вulçьtpaj orьndav maqsatьnda sьjьr malьnьn tuqьmьna qaraj ər вir avdandarqa plan вekitildi.

Qaraqandьdan -13 avdanьnьn, Aqtəвeden-8 avdanьnьn, Batьs Qazaqьstannan-8 avdanьnьn, Cьqьs-Qazaqьstannan-10 avdanьnьn, Almatьdan 2 avdanьnьn, Qarqaralьdan 3 avdanьnьn sьjьr malьn gerepord tuqьmь men вuvdandastьruvqa tijisti.

Geredord çergilikti aqьlcьn sьjьrьnьn çaqsьlarьn tandap əsiryv arqьlь cьqqan tuqьm. Bul gerepord tuqьmь çer çyzindegi en çaqsь etti tuqьmnьn вiri: tez əsedi, etinin çaqsьlьqь çalqьz qana cortgorn tuqьmdь sьjьrdьn etinen qalьsadь. Cet elderdin məlimetterine qaraqanda, en çaqsь iri gerepord вuqalarьnьn tirilej salmaqь 800 kijlodan 1100 kijloqa dejin вaradь, al en eti çaqsь degen cortgorn вuqalarьnьn tirilej salmaqь 850-1110 kijlo вoladь. Sojqanda etinin salmaqь tirilej salmaqьnьn 65-75% ne dejin çetedi (cortgorn tuqьmьnikide sondaj). Sol cet elderdin məlimetterine qaraqanda qunan gerepord вuqalarьnьn tirilej salmaqь 779 kijlogram, taj əgiz вuqalarьniki 532-588 kijlogram вoladь; iri sьjьrlarьnьn tirilej salmaqь 628 kijlogramqa dejin вaradь, qunaçьndarьniki-614, qacarlarьniki 450-490 kijloqa dejin вaradь. Gerepord tuqьmьnьn caruvacьlьq çeninen ekinci pajdalь çeri-ol tuqьm, tyrli kytyv, вaquv çaqdajlarьna cortgorn tuqьmьnan kəri kəngic, təzimdi keledi. Çana вul gerepord tuqьmь вasqa mədenij tuqьmdardan tyrli avruvlarqa mьqtьraq вoladь. Gerepord tuqьmь tez əsip, tez çetisedi. Cet elderdin məlimetterine qaraqanda, çajьlьsta durьs kytilip, вaqьlqan 18-20 ajlьq taj əgiz вuqalarь salmaqьna sətkesine orta esep pen alqanda 900 gьram camasь (konsentьrat вerilmegenderi); 2-2,5 çьldьq qunaçьndarь 820 gьramnan, dənen вuqalarь men dəneçin sьjьrlarь sətkesine 600-670 gram qosadь. Plemqoz, sapqozdardaqь qьlьmьj məlimetterge qaraqanda gerepord tuqьmь вizdin soвetter odaqьnьn taвijqьj çaqdajьnda da çaqsь əsip, çaqsь, çoqarqь sapalь produvktьlar вeretindigin kəremiz.

Narkomsapqozdьn məlimetteri вojьnca 1932-33-çьlь Batьs Qazaqьstan oвlьsьna Angilijeden 146 gerepord вuqa, 4 qunaçьn, Amerijkadan 136 вuqa, Aqtəвe-oвlьsьna Angilijeden 12 вuqa, Amerijkadan 230 вuqa, Qaraqandь oвlьsьna Amerijkadan 189, Cьqьs Qazaqьstan oвlьsьna 97, Almatь oвlьsьna 10 вuqa keltirilgen. Barlьqьn qosьp ajtqanda, Qazaqьstanqa 2 çьl icinde 827 taza tuqьm gerepord kelgen вolatьn.

Olardan tьsqarь „Balqacьn" (вurьnqь Çijren qopa), „Aqrap" plemqozdarьna 50-den asa вuqa keltirilgen.

Bul taza tuqьm buqalar Qazaqьstan kyn rajь çaqьdajlarьna kөnip, çaqsь yjirenip ketti.

Qaraqandь men Сьqьs Qazaqьstan oвьlьsьna əkelgen gerepord buqalar вurьnqь salmaqьna orta esep pen çьlьna 160-180 kijlogramnan qostь.

Biraq osь asьl tuqьm buqalardь pajdalanuv çumьsь øte nacar bolьp keldi. Мьsalь: 1933-çьlь „Balqacьn" plemqozьna əkelgen 20 taza tuqьm gerepord buqalarьnan 96-aq buzav alьndь, jaqьnьj buqa basьnan 4-5 buzav alьnqan boladь. „Мьц-вulaq" sapqozьnda 1935-çьlь taza tuqьm gerepord вuqa вasьnan 31 buzav ørвidi. Al, Narkomsapqozdьц normasьn alsaq, qoldan caqьlьstьrqanda buqa вasьna 80 sьjьrdan kelyv kerek edi.

Bluvqer atьndaqь syt-et sapqozь 1932-çьlь ortalьq uvsadвede (25 kijlometir çerde) turqan buqalarqa sьjьrlardь ajdap aparьp qacьruv men olardь kөp kyjzeltti. „Balqacьn" plemqozь qoldan urьq qujatьn sьjьrlarьna arnap urьqtandьruv pyvnkitin ujьmdastьruvdьц orьnьna вuqanьц urьqьn 8 kijlometir çerden tasьdь.

Bul mьsaldar asьl tuqьmdь maldardь, sonьц icinde əsirese вuqalardь tolьq pajdalanuv tuvralь partija men ykimettiц san nusqavlarьnьц maцьzьn kej вir caruvacьlьq orьndardьц durьs tysinвegendigin kørsetedi.

Өlke kөleminde bul çөnindegi çyrgizilgen çumьstьц qancama kemcilikteri bolsada, 3-4 çьl təçirijвede gerepord metijsiniц (вuvdanь) çergilikti tuqьmnan artьq ekeni çanada ajqьndaldь. Batьs Qazaqьstandaqь gerepord metijsteriniц erkek вuzavlarьnьц salmaqь 27 kijlogram, urqacьlarьniki 26 kijlogramqa çetti. Qaraqandь oвьlьsьnda erkek вuzav 26,5 kijlo, urqacьlarь 26 kg. Сьqьs Qazaqьstanda erkek вuzavlarь 27-30 kijlo, urqacьlarь 26-28 kijlo boldь. Al, qazaq sьjьrьnьц вuzavlarьn alsaq, olardьц erkek вuzavlarьnьц tuvqandaqь salmaqь orta esep pen 20-21 kijlogramnan,- urqacьlarьniki 19-20 kijlodan aspajdь. Tuvqannan kejin syt emip çyrgen kezderinde de çana ekeviniц kytim çaqdajlarь вirdej bolqan вasqa vaqьtta da gerepord tuqьmь qazaqь tuqьmnan kөp artьq ekeni kөrinedi. Мьsalь: gerepord metijisi вir ajlьqьnda 44 kijlogram, 6 ajlьqьnda 100 kijlogram bolsa, qazaqь вuzav вir ajlьqьnda 37 kijlo, 6 ajlьqьnda 90-94 kijlogram boldь. Batьs Qazaqьstanьц məlimetterine qaraqanda metijs вuzavlarь ajlьqьnda 120 kijlo bolqan, al sol ajdaqь qazaqь вuzavlarь-110 kijloqa əreц degende çetken. Qaraqandь oвьlьsь „Balqacьn" plemqozьnda kytyvin, tamaqьn çaqsartьp вaqqan metijis вuzavlardьц вir ajlьqьndaqь salmaqь 47 kijlo, 6 ajlьqьnda 150-167 kijlogьram; qazaqь вuzavlar вir ajlьqьnda 41-42 kijlo, 6 ajlьqьnda 138-140 kijlo boldь. „Balqacьn" plemqozьnda çaqsь tamaq вerip, çaqsь kytken metijis вuzavlar вir ajlьqьnda 47, altь ajlьqьnda 159-167 kijlogram boldь, qazaqь вuzavlar 41-42 kg, 138-140 kijlogram boldь.

Munda opьt çasaqanda plemqoz вuzavlarьna narkomsapqozdьц normasьnan asьrьp qosьmca 300 lijtir syt, 43 kijlo konsentьrat вergen. Çoqarьda kөrsetilgendej, вirdej normada ustaqanda gerepord metijs вuzavь qazaqь вuzavdan ozьp, 6 ajlьqьnda salmaqь orta esep pen 164 kijlogram boladь, al salsk zonal (Sol tystik Qapqaz) stansasьnьц 6 ajlьq taza gerepord tuqьm вuzavlarь 170 kijlo boldь.

Qazaqьstan çaqdajlarьnda gerepord metijsteriniц salmaqь 7 ajlьqьnda Salskijdiц taza gerepord tuqьmdь вuzavlarьnan 6-aq kijlokgram kem вoldь. Biraq „Balqacьn" pilemqozьnьц təçirijвesine qarap metijsterdiц tamaqьn majьn almaqan syt normasьn kөвejtyv men çaqsartuv kerek degen qortьndь çasav durьs bolmajdь, qajta konsentьrat (çem) pen majьn alqan syt вeryv çaqьna kөцil salьцьrav kerek. Sonьц icinde majьn alqan sytke kөcirgende, onь вirden kөciryvge çaramajdь, çasьna qaraj majь alьnвaqan syt вere kelip, øsyvine zьjan kelmestej etip normasьn

kemite ʙeryv kerek, syjtip ʙirte-ʙirte ʙarьp majьn alƣan sytke cьƣarьladь; çana onda konsentьrattь da qaldьrmav kerek. Sapqozdardьꞑ aldьꞑƣь qatarlь çumьscьlarь mundaj taʙьstarƣa çetisti de. Mьsalь: „Balqacьn“ plemqozьnьꞑ guvrtopьraʙь komsomol mycesi çoldas Polkop syt planьn asьra orьndavь men qatar qolьndaƣь metijs ʙuzavlarьnьꞑ salmaƣьna sɵtkesine 900 gramnan qostьrdь. Ekpindi komsomolka Mustapьjnada syt planьn asьra orьndadь, onь men qatar onьꞑ qolьndaƣь metijs ʙuzavlarь sɵtkesine 850 gramnan qostь. Bul plemqozdьꞑ metijs erkek ʙuzavlarьnьꞑ salmaƣь 12 ajlьƣьnda 227 kijloƣa, urƣacьlarьniki 199 kijloƣa çetti, al qazaqь urƣacь ʙuzavlardьꞑ salmaƣь 181 kijlo ƣana ʙoldь; 24 ajlьƣьnda metijs qacarlar 346 kijlo, 30 ajlьƣьnda 428 kijloƣa dejin çetti. Bul sьjpьrlar Qazaqьstan çaƣdajlarьnda gerepord metijsi qazaq sьjьrьnan ʙurьn çetisetinin, qazaq sьjrьnan eti, tulƣasь artьqtьƣьn sьjpattajdь.

Tirilej salmaƣь asa çoƣarь rekordes gerepord metijsterde ʙar. Mьsalь: „Balqacьn“ plemqozьnda „Alpa“ degen urƣacь ʙuzavdьꞑ 2, 5 çasqa çetkende tirilej salmaƣь 708 kijlogram ʙoldь. Cьƣьs Qazaqьstan oʙlьsь „Calaʙaj“ sapqozьnda „Guvrtoprap“ degen ʙuqanьꞑ salmaƣь 2, 5 çasqa çetkende 620 kijlo ʙoldь. Basqa sapqozdarda da, osьlar sьjaqtь rekordijster ʙar. Gerepord metijsiniꞑ tən, çyje (pijzijologьjalьq) qurьlьsь da qazaq sьjrьnan artьq. Metijs ʙuzavlardьꞑ qazaq ʙuzavlarьnan ɵlim-çitimi kem, avruvь az ʙoladь. Gerepord sьjьrlarь men olardьꞑ metijsteri syt retinen de artta qalьspajdь. Gerepord tuqьmь et ycin ɵsiretin tuqьm, sondьqtan syt retinen kereksiz tuqьm degen pikirler ʙar. Bul pikirlerdi durьs devge ʙolmajdь. Cet elderdiꞑ ədeʙijetinde gerepord sьjrьnьꞑ syt praduvktasь tuvralь san məlimetter ʙar mьsalь: ɵtken ƣasьrda Angilijada sytti sьjьrlar ʙəjgisinde (konkyvrs) gerepord sьjьrlarьda qatьstь. Sonda gerepord sьjьrlarьnьꞑ syti kem cьqsada, sytiniꞑ majь cortgorьn tuqьmьnikinen eki ese artьq ʙoldь. Angilijada taza gerepord tuqьmьnan qurьlƣan syt permeleri ʙar. Mьsalь: Uvjiltcer gьrapɵstьʙasьnda ʙir permede gerepord tuqьmь „Krasotka“ degen sьjьr sɵtkesine 32 lijtir syt ʙeredi. 1905-ç. sol grapɵstьʙada ʙir permeniꞑ 80 gerepord sьjьrь çьlьna orta esep pen 2189 kijlodan syt ʙerdi. Sytiniꞑ majь 4,3 pьrosent ʙoldь. Bul sьjьrlarƣa konsentьrat (çem) ʙerilgen çoq edi. Gerepordtьꞑ syti az emes ekeni osь sьjpьrlardan aq kɵrinedi. Bizdiꞑ soʙetter odaƣьnьꞑ çaƣdajlarьnda da gerepord sytti az ʙermejdi. Salsk zonal stansasьnьꞑ „Brod“ sapqozь, taƣь ʙasqalarьnьꞑ məlimetterine qaraƣanda, ʙirinci ret qacar ʙuzavlaƣan gerepord metijsteri suvalƣanca 1242 lijtirden (orta esep), ekinci ret ʙuzavlaƣandarь 1342 lijtirden, 3-ci ret ʙuzavlaƣandarь 1534 lijtirden ʙeredi. Çeke caruvacьlьqtarda ʙirinci qunaçьn ʙuzavlaƣan metijsterdiꞑ 2000 lijtirden asa syt ʙeretinderi de ʙar.

Qazaqьstanda gerepord pen caƣьlьstьruv 1932-ç. ʙastaldь, sondьqtan kej ʙir caruvacьlьqtarda ƣana ʙirinci ret ʙuzavlaƣan gerepord metijsteri ʙar. Ol caruvacьlьqtardьꞑ məlimetterine qaraƣanda, ʙirinci ret ʙuzavlaƣan gerepord metijster 5 aj icinde 712 lijtirden (orta esep) syt ʙergen. Bul sьjpьrƣa syjene otьrьp ʙirinci ret ʙuzavlaƣan metijster çьlьna orta esep pen 1211 lijtirden syt ʙeredi dep eseptevge ʙoladь. „Calaʙaj“ sapqozьnьꞑ qazaq sьjьrlarь men salьstьrьp qarasaq onьꞑ ʙirinci ʙuzavlaƣan sьjьrlarь suvalƣanca 1152 lijtirden syt ʙeredi eken.

Qorьtьp ajtqanda ʙirinci generetsьja gerepord metijsteriniꞑ syti qazaq sьjьrьnьꞑ sytinen artьq ekeni sɵzsiz.

Sondьqtanda ʙizdiꞑ maqsatьmьz seleksije—asьldandьruv çolь men çana Qazaqьstan gerepordь tuqьm çasap cьƣaruv ʙolьp otьr. Ol çaꞑa tuqьmdь taza tuqьm gerepord pen olardьꞑ metijsteriniꞑ ʙaƣalь qasijetteri qazaq sьjьrьnьꞑ ʙaƣalь qasijetteri men qosьlьp, Qazaqьstanda etti,

sytti çaꞑa gerepord tuqьm сьƣatьn boluv kerek. Ortalьq partija Komijtetiniꞑ 1934-ç. yjeꞑ ajьnda ʙolƣan plenyminiꞑ mal tuqьmьn asьldandьruv tuvralь qavlьsьnьꞑ 5-pyvnkitinde „taza asьl tuqьm mal kɵp taraƣan avdandar ədeji memlekettiꞑ asьl tuqьm mal taratatьn avdandarь ʙolsьn, ol avdandarda seleksije-asьldandьruv çumьsь ujьmdastьrьlьp, çoƣarь pьradyvktalь, tez çetisetin mal çasalatьn ʙolsьn çana asьl tuqьm ças mal ɵsiriletin ʙolsьn" degen.

Budan ʙьlaj ədeji gerepord tuqьmьn taratatьn rassadnekter (orьndar) ujьmdastьrƣan təçirijʙege çaqsь bolar edi. Onь istevge mymkendigimiz de, çaƣьdajlarьmьzda ʙar. Ərijne, sьjьr malьnьꞑ pьradyvktasьn arttьruv ycin, malƣa azьq ʙazasьn durьs ujьmdastьruv qaçet. Sondьqtan metijs sьjьrlardь, onьꞑ icinde əsirese ʙuqalarьna iri azьqta (picen t.ʙ.), konsentьrat (çem) azьqta çetkilikti ʙoluv kerek.

Qazaƣьstannьꞑ ʙir qatar sapqozdarьnda sьjьrdь qoldan urьqtandьruv çumьsь əli kyꞑge dejin çyrgizilmejdi, sonьꞑ saldarьnan metijzatsьja (ʙuvdandastьruv) çumьsь kem ʙop keledi. Taza tuqьmdь ʙuqalar tolьq pajdalanьlmajdь. Sondьqtan, caƣьlьstьruv navqanь kezinde qoldan urьqtandьruv ədisin tolьq qoldanьp, taza tuqьmdь ʙuqalardь mejlince tolьq pajdalanuv caralarьn istev qaçet.

Caruvacьlьqtarda esep çumьsь nacar, sonьꞑ saldarьnan qajda, qanca, qandaj metijs ʙarьn ʙile almajmьz, olardь qalaj pajdalanuv kerek ekenin ajta almajmьz. Bul ylken kemdik. Osьnь eskerip, zooteqnijka qьzmetcileri maldь zooteqnijkalьq esepke aluv çumьsьn durьstavlarь kerek, sonьꞑ icinde maldьꞑ tuqьmьn çazьp aluv men ƣana qojmaj, olardьꞑ praduvktasьnda esepke alatьn ʙoluv kerek.

Ɵtken çьldarь san avdandar men kej ʙir oʙьlьstar metijzatsьja çolь men tuqьm asьldandьruv isin is çyzinde tolьq ʙaƣalamaj keldi. Endigi çerde ondaj kemcilikti myldem çojuv kerek.

Ɵtken çьldarь partija men ykimet ʙekitken metijzatsьja planь, sonьꞑ icinde gerepord pen caƣьlьstьruv planь orьndalmadь. Sondьqtan endigi çerde ykimet pen partijanьꞑ ʙuvdandastьruv çolь men mal tuqьmьn asьldandьrьp, mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyv tuvralь nusqav—derektijpterin tolьq orьndap, bul məselege ʙurьꞑƣьdan ɵzgece qaravьmьz kerek.

---

Tanajьp K.

*(Ɵlkelik partija komijtetiniꞑ nusqavcьsь).*

# Qarsaqpaj aldьꞑƣь qatarlь mal caruvacьlьq avdan ʙoluvь kerek

Qarsaqpaj avdanь iri mal caruvacьlьq avdanьnьꞑ ʙiri. Munda, kəzir 10 avьl caruvacьlьq ərteli, 43 seriktigi çana 12 qoj permesi ʙar.

Avdan kɵlemindegi mal ʙasьnьꞑ ɵsyvin 1934-çьlƣa salьstьrьp qaraƣanda ʙir qatar ɵskenin kɵremiz. 34-çьlь avdan kɵleminde 9888 ʙas mal ʙolsa, (ɵndiristegilerdiꞑ malьn qospaƣanda) 36-çьldьꞑ ʙirinci qьnuvarьna 25190 ʙas ʙolьp otьr. Bьlajca, orta esep pen alƣanda osь eki çьldьꞑ icinde eki ese ɵsip otьrƣanьn kɵremiz. Bunьꞑ icinde, əsirese iri qara men qoj, ecki maldarь eki, yc ese ɵsti. 34-çьlь iri qara 3890 ʙas edi, kəzir 8162 ʙasqa çetti, qoj, ecki 4292 den 15550 ʙas ʙolьp otьr. Bul çьldarda çьlqь men tyje ʙasь qьjlь kemidi. 34-çьlь çьlqь 1111 ʙas edi, kəzir 1069 ʙas ʙoldь, tyje 592 ʙastan 367 ge çetti. Osь çьldardьꞑ

icinde 889 mal өlim-çitimge ucьradь, onьŋ 329 iri qara, 8 çьlqь, 13 tyje çana 545 qoj, ecki malь. Mal ʙasьnьŋ өlim-çitimge ucьravь avdan kөleminde qotьr, maŋqa, topalaŋ, sьqьldь çaman çuqpalь avruvlardьŋ kөʙejip ketyvinen ʙoldь. Bul avruvlarƣa qarsь mal dərgerlik caralar өte tөmen dəreçede ʙolьp keldi. Avdan kөlemindegi çalƣьz mal dərigeri ʙarlьq qalqozdardь qamtьj almadь. Buƣan avdandьq orьndar vaqьtьnda cara qoldanʙadь.

Mal caruvacьlьƣьn өsiryvde maldьŋ sapasьn arttьruv, mal tuqьmьn asьldandьruv çumьstarьn avdandьq orьndar əli kynge dejin qьzuv qolƣa almaj keledi. Barlьq ʙolƣanь avdan kөleminde asьl tuqьmdь 8 ʙuqa, 6 tyje ƣana ʙar. Bul, ərijne mal tuqьmьn asьldandьruvƣa at ystinen qaraƣandьq. Partija men ykimettiŋ mal tuqьmьn asьldandьruv çөnindegi nusqavlarьnьŋ maŋьzьn durьs tysinʙegendik ʙolьp esepteledi.

Avdannьŋ kej ʙir qalqozdarьnda ujьmdastьruv çana qalqozdь nьƣajtuv çumьsь nacar. Buƣan 4-avьldaƣь „Eŋʙek" seriktiginiŋ çumьsь ajqaq ʙoladь. „Eŋʙek" seriktiginde 56 yj ʙar. Qalqoz ujьmdasqannan ʙeri tekseryv komijsijasь ʙolƣan emes. Qalqoz ʙastьƣь Ospanьp osь kynge dejin seriktikte ʙurьnƣь ʙir mьŋ, eki mьŋ qoj ajdaƣan atь cuvlь ʙajlar ьqpalьn çyrgizip, өndiris çumьsьna kesel keltirip keledi. Seriktik ʙastьƣь olar men kyrespek tygil, sonьŋ qol coqparьna ajnalьp otьr. Burьnƣь ʙaj Əçirqulьp qolьndaƣь malьnьŋ 16-nьŋ kөzin çojdь. Bular çөninde seriktik mycelerinin arьzdarь ʙolsa da, qalqoz ʙastьƣь olardь elemej keledi.

Sol sьqьldь zor ʙaƣalь caƣьlьstьruv navqanь da „Eŋʙek" seriktiginde tijisti dəreçege qojьlmaƣan. Bьjьl seriktiktiŋ 10-12 ʙijesi caƣьlьstan qalьp otьr. Qalqoz ʙastьƣь „caƣьlьs navqanь vaqьtьnda ajƣьr ʙolmadь" dejdi. Bul seʙep emes, ʙul tek qana qalqozdьŋ çaman ʙascьlarьnьŋ sьltavь. Bolmaƣan kynde kөrciles turƣan qalqozdardan ajƣьr aluvƣa mymkincilik ʙolatьn. Mymkincilikti seriktik ʙasqarmasь da, avdandьq orьndarda pajdalana almadь. Syjtip, 10-12 ʙijeni qьsьr qaldьrdь. Qalqozda sьn, өz ara sьn çumьsь mejlince өris alsa, qalqoz өndirisinin çumьsьna qozƣalьs ʙeretindigi kimge ʙolsa ajqьn. Bul „Eŋʙek" seriktigindegi çoƣarьdaƣь kөrsetilgen kemcilik osь sьn, өz ara sьnnьŋ ʙasuvlь çatuvьnan ʙolьp otьr. Qalqoz ʙastьƣь, ʙasqarma teŋeregine өndiriske zьjandь adamdardь çьjьp alьp, qalqozcь kөpciliginin kyndelikti myddesiŋ orьndavƣa çavapsьzdьq pen qaravьnan ʙolьp otьr. Ospanьp ʙastaƣan ʙasqarma „çumƣan avьz çumuvlь qalьp," qalqozdьŋ çumьsь tuvralь өz ara sьn kөterilmestigine əʙden kyc çumsap otьr. Buƣan mart ajьnьŋ 21-kyni ʙolƣan seriktiktiŋ çalpь çьjnalьsь tolьq dəlel ʙola aladь. Bul çьjnalьsta serikti avьl caruvacьlьq ərtelinin ustaвьna kecіryv çөninde məsele qojьlƣan edi. Məsele өte maŋьzdь çana çavaptь ʙolatьn. Çьjnalьsta seriktik mycesi Mijzanьp çoldas „Eŋʙek" seriktiginiŋ tolьp çatqan kemciligin kөrsete kelip, seriktiktiŋ avьl caruvacьlьq ərtelinin ustaʙьna kөcyvge dajar emestigin ajttь. Sol-sol aq eken seriktik ʙastьqtarь Mijzanьp çoldastь seriktikten cьƣaruvƣa dejin əreket çasadь. Bul paktь, ərijne seriktiktiŋ arasьndaƣь ujьmdastьruv, partija-kөpcilik çumьsьnьŋ tijisti dəreçede emestigin kөrsetedi.

Avdan kөleminde ujьmdastьruv çaƣьnan ne dəvir nьƣajƣan qalqozdьŋ ʙiri-Kalijnin qalqozь. Bul qalqoz өtken çьldьŋ ajaq cenіnde avьl caruvacьlьq ərtelinin ustaʙьna kөcken. Kəzir, munda 53 yj ʙar. 1933-çьl men 36- çьldьŋ arasьnda qalqozdьŋ mal ʙasь kөp өsti. 1933- çьlь 70 ʙas ƣana mal ʙar ʙolatьn, onьŋ 10 çьlqь, 46 iri qara, 2 tyje, 12 qoj, ecki edi. Kəzir 856 ʙas mal ʙar. Bunьŋ 457 qoj, ecki, 17 tyje, 345 iri qara, 35 çьlqь. Bul Sandardan maldьŋ qaj tyliginin ʙolsa da qьjlь өskenin kөremiz. Bьjьl qalqozdьŋ 341 ʙas malь tөldedi. Qalqozcьlardьŋ

mal ʙasƅn ɵsiryvge ƅntasƅ kyn sanap artƅp otƅr. Mal caruvacƅlƅƣƅnƅꞑ naƣƅz ylgili staqanƅpcƅlarƅnƅꞑ qatarƅ kɵʙejip keledi. Kəzir ylgili staqanƅpcƅ Tɵlegeniptiꞑ çeke menciginde 20 iri qarasƅ, 50 usaq malƅ çana Maqamʙetip çoldastƅꞑ- 6 sƅjƅrƅ, 70 usaq malƅ ʙar. Bulardƅꞑ qatarƅ kəzir 10 ƣa çuvƅq. Staqanƅpcƅlar ɵz ara sotsƅjaldƅq çarƅsqa tysip, is təçirijʙelerin qalqozcƅlardƅꞑ ortasƅna saluvƣa kyc çumsap otƅr. Ɵtken çƅldƅꞑ ajaq kezinde qalqoz çanƅnan ujƅmdastƅrƅlƣan qoj permesiniꞑ çumƅsƅ çɵnge salƅndƅ. Permi malƅnƅꞑ ɵsyvine tolƅq çaƣdaj çasaldƅ. Endigi mindet ər ʙir maldƅꞑ kyjine qaraj otƅrƅp, çaqsƅ ʙaƣƅp qaƣa ʙilyv, tɵldi ɵlim-çitimnen aman saqtavƣa kyc çumsav ʙolƅp otƅr. Biraqta ʙul qalqozda da kemcilik çoq demejmiz, kemcilik ʙar. Qalqoz ɵndirisine kirip alƣan Qarakuvtƅp sƅjaqtƅ tap ducpandarƅnƅꞑ ɵndiriske qarsƅ tendensijasƅna vaqtƅnda tijisti cara qoldanƅlmadƅ. Qalqoz ʙasqarmasƅ ʙuƣan osƅ kynge dejin kɵꞑil avdarmaj keledi.

Caruvacƅlƅq çaƣƅnan nƅƣajƣan avdannƅꞑ aldƅꞑƣƅ qatarlƅ qalqozƅ degen „Mirzojan“ qalqozƅn alajƅq. Bul da ɵtken çƅldƅꞑ ajaq ceninde avƅl caruvacƅlƅq ərteliniꞑ ustaʙƅna kɵcken. Mədenij aƣartuv çumƅsƅ çaƣƅnan ʙasqa qalqozdarƣa ylgi ʙolarlƅqtaj: qalqozdƅꞑ çanƅndaƣƅ mektep, qulƅp, qƅzƅl ʙurƅc, kitapqana çumƅsƅ çaqsƅ çolƣa qojƅlƣan. Kəzir qalqoz qaramaƣƅnda 586 ʙas mal ʙar. Bunƅ usaq malƣa caƣƅp ʙɵlgende ər ʙir qalqoz mycesine 32 den keler edi. Bul qalqozda kemciliksiz emes. Bƅjƅlƣƅ 269 ʙas tɵldiꞑ 40 ɵlim-çitimge ucƅradƅ. Avƅl caruvacƅlƅƣƅ ərteliniꞑ ylgi ustaʙƅn ʙurmalavcƅlƅqta çiji kezdesedi. Mƅsalƅ: qalqoz mycesi Bajçykenip çoldas tyrli seʙepter men partija qatarƅnan cƅƣadƅ. Osƅ qalqoz ʙasqarmasƅ partijada çoqsƅꞑ dep qalqozdan cƅƣaradƅ. Osƅ sƅqƅldƅ qƅlƅqtar tolƅp çatƅr;

Qorƅtƅp ajtqanda Qarsaqpaj avdanƅnƅꞑ seriktik, ərtelderiniꞑ kɵʙi caruvacƅlƅq çaƣƅnan əli nƅƣajƣan çoq. Ujƅmdastƅruv çumƅsƅnƅꞑ dərecesi tɵmen. Mƅsalƅ: „Çaꞑa-talap,“ „Çigerli“ qalqozdarƅ avƅl caruvacƅlƅq ərteliniꞑ ustaʙƅn çete talqƅlamaj turƅp, sol ustapqa kɵce salƣan. Avdan kɵleminde mal dərgerleri osƅ kynge dejin çetispejdi. Sonƅꞑ saldarƅnan maldƅꞑ çuqpalƅ indetteri kɵp kezdesedi. Mal tuqƅmƅn asƅldandƅruv çumƅsƅ da əli tƅꞑƣƅlƅqtƅ tyrde qolƣa alƅna qojƣan çoq, avdannƅꞑ kɵp qalqozdarƅrƅnda asƅl tuqƅmdƅ mal myldem çoq devge ʙoladƅ. Qarsaqpaj avdanƅ naƣƅz mal caruvacƅlƅq avdanƅ ʙola tursa da, oƣan ʙƅjƅl ʙƅjazƅ çyndi qoj planƅ ʙerilmej qalƣan. Bul ɵte kerekti de, eskeretinde çaƣdaj, avdan qalqozdarƅnda tɵldi kytyv isi de çɵnge qojƅlƣan çoq. Oso kynge dejin 4-5 aj ʙolƅp qalƣan qozƅlar enesinen açƅratƅlmaj keledi. Osƅ sƅqƅldƅ kemcilikter avdannƅꞑ qaj ʙir qalqozƅnan ʙolsƅn taʙƅladƅ.

Mine, osƅndaj elevli kemciligi çojƅlmajƅnca Qarsaqpajda mal caruvacƅlƅƣƅn ɵsiryv çumƅsƅ çɵnge qojƅlmajdƅ. Bul kemcilikti çojuvƣa avdan eꞑʙekcileri çumƅla kirisyvi kerek. Osƅ vaqƅtqa dejin avdan kɵleminde ajta qalarlƅqtaj ɵristep qanatƅn keꞑ çajalmaj kele çatqan Staqanƅp qozƣalƅsƅna keꞑ ɵris ʙerip, onƅꞑ mejlince qarqƅndavƅna çaƣdaj tuvƣƅzƅp, sol qozƣalƅstƅ ʙolcevikce ʙasqara ʙilyv kerek. Tek sonda ƣana Qarsaqpaj avdanƅ ɵlkemizdiꞑ mal caruvacƅlƅƣƅ avdandarƅnƅꞑ aldƅꞑƣƅ qatarƅna cƅƣa aladƅ.

Qajrusьp E.

# Çarьs cartьn orьndav çolьnda

Mal caruvacьlьqьnьn aldьnqь qatarlь mal əsiryvcileriniŋ вykil odaqtьq вirinci tuŋqьc maçilisine qatьnasqan Өlkemizdiŋ sotsьjaldь mal caruvacьlьqьnьŋ staqanьpcьlarь men Sol tystik Qapqaz Өlkesiniŋ Staqanьpcь mal əsiryvcileriniŋ inijsijatiвi men вastalqan eki өlkeniŋ mal caruvacьlьqьn ərkendetyv çөnindegi sotsьjaldьq çarьsьn вizdiŋ Orda avdanьnьŋ eŋвekcileri qarsь alьp, tilek qosqan вolatьn.

Өlkelik partija komijteti men Qalьq komijssarlarь soвetiniŋ qavlьsь men çarьs cartьn qalьn qalqozcьlar arasьnda talqьlaqannan soŋ olar avdannьŋ mal вasьn 1937-çьldьŋ вirinci qьnuvarьna dejin 50 pr. əsiryv uranь men Çaŋa qala, Teŋiz avdandarьn sotsьjaldьq çarьsqa caqьrqan.

Qalqozcьlardьŋ sol tilegin avdandьq partija, soвet orьndarь men sol vaqьtta caqьrьlqan mal caruvacьlьqьnьŋ aldьŋqь qatardaqь Staqanьpcьlarь çana Tyje zavьtьnьn çumьscьlarьnьŋ avdandьq syleti maqulda, çoqarqь eki avdan men çarьsqa tysken. Өziniŋ çarьs cartьnda mal caruvacьlьqьn ərkendetyv çolьndaqь turqan ylken kyrdeli mindetterdi alqan.

Avdannьŋ qara caruvalar sektirindegi 1936-çьldьŋ вirinci qьnuvarьndaqь 37014 вas maldь 50 pr. əsirip, 1937-çьldьŋ вirinci qьnuvarьna 58248 вasqa çetkizвek вolqan. Onьŋ icinde çьlqь malьn 24,6 pr., tyje malьn 18,8 pr. sьjьr malьn 38,4 pr. qoj-ecki malьn 73,4pr. çana cocqanь 24,0 pr. əsiryv mindetin alqan. Odan tьs avdanьmьzdaqь çьlqь zavьtьnьŋ malьn 30 pr, tyje zavьtьnьŋ malьn 26 pr. əsirmek вolqan. Onьŋ ystine вьjьlqь çьlь 17980 вas mal caqьlьsьn ətkizip (вije, sьjьr, qoj-ecki) alьnqan təldi aman saqtav, 50 pr. sapasь men mal azьqьn dajarlav. Et salьqьn 4-əktəвirge dejin 100 pr. orьndap вoluv, malqa mədenijetti qoralar saluv, mal tuqьmьn asьldandьruv taqь sol sьjaqtь вir nece mindetter orьndalmaq вolqan.

Вьjьlqь çьlь avdan kəlemindegi qara caruvalar sektirinen 1420 вije, 463 ingen, 6915 sьjьr, 15373 qoj-ecki təldep, 744 вas toraj alьnuvь kerek edi (вarlьqь 24915 вas), odan 20 yjelge dejin вijeniŋ 89,66 pr. ingenniŋ 96,11 pr. sьjьrdьŋ 86,23 pr. qoj-eckiniŋ 55,47 pr. təldedi. Cocqanьŋ 1,2 pr. torajladь. Jaqnьj вarlьq təldevge tijisti maldьŋ təldegeni 65 pr. вolьp, 17216 вas təl qosьldь.

Bul çөninde təldegen sьjьr, qoj-ecki çana torajlajtьn cocqa sanь tьm az kөrinip otьr. Durьsьnda ol təldemegendikten emes, alьs çatqan avьldardan aqвardьŋ tygel tyspegendiginen вolьp otьr.

Təl вasьn aman saqtav çөninde вir sьpьra kөrnekti kemcilik вoldь. Вьjьlqь çьl alьnqan təldiŋ 512 jaqnьj 3,5 pr. cьqьnqa ucьradь.

Avdandaqь soвetter: Çijek qum 182 вas, Azqьr 64 вas, Tyвekti 60 вas, Talap 56 вas çana Çartьвaj 53 вas təldi cьqьnqa ucьrattь. Bota men qulьnnan kөвirek cьqьn вergen Bijsan, Orda, Qarqalь, Terekti çana Mecit qum soвetteri вoldь. Bul avьl вascьlarьnьŋ өzderi ças təldi cьqьnsьz əsyvine tijisti çaqdaj tuvqьzвaqandьqьnan вolьp otьr. Bul avьldar kəzir avdannьŋ qara taqtasьna çazьldь. Avьl eŋвekcileri aldaqь kynderde вolqan kemcilikterdi tez vaqьt icinde вir çolata çojuvlarь kerek. Mal вasьn əsiryvge, өz carьttarьn orьndavqa cuqьldanuvь kerek.

Çumьstь avdan kөleminde qorьtьp ajtqanda вirinci qьjnuvadaqь 37014 вas malqa вьjьlqь alьnqan təlden aman saqtalьp otьrqan 15704 вas təldi qosqanda вirinci yjelge dejin avdan malь 53718 вasqa çetip, 31,1 pr. əsip otьr. Al, plan вojьnca təl вeryvge tijisti icti maldan əli

kynge dejiŋ tɵldemej otьrƣan 8699 ʙas mal ʙudan tьsqarь, ʙul mal ʙasьn ɵsiryvde kej ʙir kemcilikter ʙolƣanь men ʙizdiŋ avdan eŋʙekcileri, qalqozcьlarь Ɵlkelik partija komijteti men qalьq komijssarlar soʙetiniŋ Sol tystik Qapqaz ɵlkesi men çana Oʙьlьstьq partija komijteti men oʙьlьstьq atqaruv komijtetiniŋ Qaʙarda-Balqar oʙьlьsь men çarьsqa cьqqandaƣь qavlьsьna çavap iretinde ɵz mojьndarьna alьnƣan mindetterin ʙolceʙikce orьndavƣa kiriskendigin kɵrsetedi. Biz ʙul taʙьsqa masattanьp qalmaj, mal caruvacьlƣьn kycejgen ystine kycejtyvimiz kerek. Osь vaqьtqa dejin avьlda kezdesip kele çatqan mal ʙasьn kemityvcilikke çol ʙermevimiz kerek. Mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyv çolьnda kezdesetin ylkendi-kicili kemcilikti dəl vaqьtьnda çojьp otьruv kerek.

Mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyvdegi memlekettik plan ʙojьnca ʙьjьl 2595 ʙije, 10145 sьjьr, 5330 qoj-ecki (ʙarlьƣь 17980 ʙas, ʙuƣan ʙьjьl qajьp ketken ingeni kirmejdi) caƣьlьstan ɵtyvge kerek edi. Sodan 20-yjeŋge dejin 1590 ʙije, 5473 sьjьr, 469 ʙas qoj-ecki jaƣnьj caƣьlьstan ɵtyvge tijisti maldьŋ 42 pr. caƣьlьstan ɵtti. Bьjьlƣь caƣьlьstan ɵtken ʙijeniŋ 63.4 pr. sьjьrdьŋ 53,9 çana qojdьŋ 8pr. asьl tuqьmdь ajƣьr, ʙuqa, qocqarlardan ɵtti. Caƣьlьstan ɵtpegeŋ maldьŋ kɵpciligi-aq sьjьr, qoj-ecki. Biraq ʙulardьŋ caƣьlьs mavsьmь əli ɵtken çoq. Endigi çerde caƣьlьstan ɵtpegen maldardьŋ mavsьm kezinde ɵtyvin qamtamasьz etyv men ʙirge olardь ʙuzьlьp, ic tastap ketyvden saqtav kerek. Bul malьmьzdь qьstan kyjli, aman saqtap cьƣuv ycin aldь men çem, cɵp pen qamtamasьz etyv kerek. Bьjьl plan ʙojьnca 50 pr, artьƣь men çьjnaƣanda 157443 tonna cɵp çьjnavƣa tijisti edik. Bul çumьstь orьndavda alƣacqь kynderde ʙir az qavьptь kemcilikter ʙolƣanь men ʙerilgen syreginen qaldьrmaj orьndap cьqtьq. Syjtip, malьmьz qьsqь cɵppen tolьq qamtamasьz etildi.

Avdanьmьzdьŋ Çaŋa qala çana Teŋiz avdandarь men çarьsqa tyskendegi alƣan mindetterdiŋ ʙiri memleketke ʙeretin et salьƣьn Ɵktəʙirdiŋ 4-ne tygel orьndap ʙoluv edi. Sodan 25 yjeŋge dejin ʙerilyvge tijisti et salьƣьnьŋ 43,9 pr. orьndaldь. Kəzirgi çyrgzilip çatqan çumьstьŋ aƣьmьna qaraƣanda dəlme-dəl sroginde orьndavьmьz sɵzsiz. Biraq munda ʙir qattь eske alatьn çumьs, sol ettiŋ sapasь çaqsь ʙoluvьna kɵŋil avdaruv. Bul çɵninde çumьs qanaƣattanarlьqtaj emes. Əlide kɵŋildi kɵp avdaruvdь kerek qьladь.

Avdan ɵziniŋ cartьnda malsьz qalqozcьlardь 1937-çьldьŋ ʙasьnda tygel maldandьrьp ʙolamьz degen edi. Carttьŋ sol pynkitin orьndav maqsatьn da avdaŋ ʙьjьl ykimetten 4555 ʙas mal alƣalь otьr. Onьŋ ystine avdandaƣь mal permelerine 700 ʙaspaq, 938 qozь-ьlaqtar alьnьp, ʙɵlinip ʙerilmek. Syjtip, avdan kɵlemindegi malsьz yjler tegis maldь ʙolmaq. Bul ʙeriletin maldь məpelep ʙaƣa ʙilyv, ɵsiryv, ɵndiryv, qalqozcьlardьŋ ʙygingi kyngi ekpindi, çavaptь mindeti. Qorьta ajtqanda Ɵrda avdanь partija men ykimettiŋ mal caruvacьlьƣьn ɵrkendetyvdegi dijrektiʙin, eki Ɵlkeniŋ çarьsьnьŋ cartьn, qala ʙerdi avdan aralьq sotsijaldьq çarьs cartьn orndavda otьr. Bul çarьs cartьn san, sapa çaƣьnan ʙulçьtpaj tolьq çana artьƣь men orьndav Orda avdanьnьŋ qalqozcь çurtcьlьƣьnьŋ ʙastь mindeti.

Saqpajьp S.

*(Aqtөөe oвьlьsь, Temir avdanь „Accьqudьq" qalqozьnьŋ predsedateli)*

# Maldь avьlqa ajnaldьq

Bizdiŋ qalqoz 1933-çьlь ujьmdastьruv, caruvacьlьq çumьsь nacar qalqozdьŋ biri edi. Onьŋ ystine, sol çьlь 30 yj kөcpendiler kelip ornalastь. Caruvacьlьq çөninen nacar qalqozqa oda oŋaj tijgen çoq. Biz bul qьjьncьlьqqa teze otьrьp, soŋqь bir eki çьl icinde qalqozьmьzda bolьp kelgen kemciliktérdi kezinde çojuvqa kiristik.

1933-çьlь qalqozda 10-12 bas, qalqozcьlardьŋ çeke menciginde 5-6 bas qana mal bar edi. Mәdenijet quraldarь myldem çoq bolatьn. Al, qazir qalqozda 60 yj bar. Malsьz birde qalqoz mycesi çoq. 33- çьlь birde bir qarasь çoq adamdardьŋ kәzir II bastan malь bar. Qalqozьmьzda teli men 333 bas mal bar. Qalqoz mycelerinin çeke menciginde 1 çьlqь, 14 qoj, 149 sьjьr bar, onьŋ 52 si buzavlь sьjьr, qalqoz mycelerinьŋ menciginḍegi tөldevge tijisti savlьq sьjьrlarь tegis tөldedi. Tөlderi tegis aman. Qalqozcьlar mal өsiryv men qatar qojan, qus asьrav kәsibine kiristi. Qazir 400 bas tavьq, 60 caqtь yj qojandarь bar.

Qalqoz çanьnda asьl tuqьmdь tavarlь syt permasь bar. Bul permanьŋ teŋ çartьsь asьl tuqьmdь sьjьrlar. Permada өtken çьlь teli men 47 bas qana sьjьr bar edi. Osь sьjьrdь kәzdiŋ qaracьqьndaj mәpelep aman saqtaj bilgendigimiz araqasьnda, вьjьl teli men 107 basqa çetip otьr. Tuvqan tөlden bir basta buzav cьqьn bolqan çoq, maldьŋ өlim-çitimi myldem tьjьldь.

Qalqozdьŋ өndiris planь bojьnca mal caqьlьstьruv mavsьmьnda 5 bije ajqьrdan cьquvь kerek edi, onьŋ ystine 3 qunaçьn bajtal qosьlьp barlьqь 8 bije ajqьrdan cьqtь. Qacuvqa tijisti 126 sьjьrdan 114 sьjьr qactь. Mal caqьlьstьruv mavsьmьnda mal tuqьmьn tegis asьldandьruvqa kөp kөŋil bөlip, sapqozdan asьl tuqьmdь 1 ajqьr, 3 buqa satьp alьp yjirge saldьq. Malьmьz caqьlьstьruv mavsьmьnda tegis qacьp ketyvine sevep, caqьlьstьruvqa tijisti mal basqa maldardan bөlinip „Buqa" degen tunьq suvlь, keŋ çajьlьmdь çajlavda baqьlьp tez oŋaldь. Qazirde kyn sanap semiryv ystinde.

Sotsijaldь mal caruvacьlьqьn өrkendetyv çajьnda Qazaqьstan Sol tystik Qapqaz өlkesi men çasasqan sotsijaldьq çarьs cartьn qalqozda keŋinen talqьlap kөrciles „O. G. P. V" qalqozь men sotsijaldьq çarьsqa tystik. Qazir ol qalqozdьŋ malь arьq, çәjilimi çajsьz, qьsqa mal azьqьn qamtuv çөninde de bizden artta qalьp, вьjьlqь tuvqan buzavdan 20 buzav өldi.

Bizdiŋ qalqoz qarçьsь men oqьtqan sanijtarьmьz maldь çaqsь kytedi. Biz buzavcь Bejisьp Әdildi avdandьq kөriske çiberip oqьtьp aldьq. Bejisьp çoldas tөldi kytyv çөninde өziniŋ komsomoldьq mindetin durьs atqarьp, is ylgisin kөrsete bildi. Onьŋ baqqan malь semiz, kyjli boladь. Sьjьrcь Qulnьjazьp Әbdiraqmanda sondaj qьzьmet istep çyr. Ol baqqan sьjьrlar kyn sanap semiryv men qatar sytti өte өnim beredi. Savьncь Çysipova Balceker çoldas syt savuvdьŋ kyndelikti normasьn ynemi orьndap, artьqь men orьndav men keledi. Sytti kөp aluv men qatar buzavdь da kytip baqa bildi. Sьjьr savuvdьŋ kyndelik normasь ynemi artьqь men orьndalqandьqtan ykimetke sarьmaj tapsьruvdьŋ alqacqь 6 ajlьq planьn artьqь men orьndadьq. Syjtip, sotsijaldьq çarьs cartьn orьndav çolьnda maldь mәpelep baqьp, qalqoz malьn baqatьn, savatьn, avruvьn qarajtьn kadrlar dajьndap, kynnen kynge olardьŋ qatarьn өsirip kelemiz.

Qalqozda adal eŋbek istep çyrgen Oraz Ƣalьjьp sьqьldьlar az emes. Oraz Ƣalьjьp çoldas qazir çьlqь baƣadь, өtken çьь 550 eŋbek kyn alьp, ol eŋbek kynin eseptegende 183 ʙut astьq, malьna azьq, yjine otьn çana aqcalaj qarçь alьp edi. Bul qarçьƣa kijerliginen avьsqanьna mal satьp alьp qostь. Bьjьlƣь çьldьŋ alƣacqь 6 ajьnda 330 eŋbek kyn aldь. Mal ʙasьn qьstan aman saqtap sьƣaruv ycin qьsqь mal azьƣьn kyni ʙurьn mol dajьndav kəzirgi vaqьtta ʙizder ycin өte çavaptь çumьs. Bьjьl plan ʙojьnca 1424 gektir çerden 6119 sentiner sөp sabuvmьz kerek edi, ʙul plandь gektir eseʙi men orьndadьq. Biraq, ʙьjьl sөp sijrek çana ʙaqaltaq sьqqandьqtan sentiner eseʙi men sabьluvƣa tijisti sөp 44 prosent qana orьndaldь. Ərijne qьstь kyni maldь sabьlƣan çerdiŋ kөlemi men asьramajsьn, sondьqtan qalajda ʙьjьl 1 çьl çarьmdьq mal azьƣьn qamtьmaqsьmьz.

Maldьŋ qьsqь azьƣь men qatar qьsqь qorasьnda remonttap osь ʙastan mal qьstavƣa dajьn etip ici sьrtьn sьlap qojdьq. Qazir 293 ʙas maldьq qora remonttavlь tur, qoralardьŋ icinde malƣa sөp ʙeretin çemcikter çetkilikti, sonь men qatar ʙuvaz maldь ʙөlek kytetin çana sьjьrdь ʙuzavlatatьn ʙөlek qoralar saldьq. Endi 40 ʙas maldьq qoranь çaŋadan salьp çatьrmьz.

Bizdiŋ qalqoz mal өsiryv majdanьndaƣь meceylikti tez çojuvƣa qandaj çumьlsa, mədenijet majdanьndaƣь artta qaluvcьlьqtь da çojьp kelədi. Qalqoz çanьnda ylgili ʙastavc mektep ʙar. Ol mektepte tek qana өzimizdiŋ qalqozdьŋ ʙalalarь ƣana oqьp qojmajdь, avьldas ʙasqa qalqozdardan da kelip oqьjdь, olar ycin ujьmdastьrƣan 20 ʙalalьq enternat ʙar. Өtken çьь mektepte 49 ʙala oqьsa, ʙьjьl 60 caqtь ʙala oqьmaqsь. Mektep pen enternattьŋ ici sьrtь sьlanьp, pecteri salьnьp remonttaldь. Çazuv taqtasь, parta sьjaqtь kerekti zattar men tolьq çabdьqtalьp mektep oquv çьlьna dajьn tur.

Qalqoz tegis qonьstanьp, qalanьŋ yjindej qatarlastьrьp, kөcelep pasөlke saldь. Ər ʙir qalqozcьlar өzderine çaŋadan çarьq yjler salьp aldь.

Qalqozda ʙir qulьp ʙar. Bul qulьp çanьnda tyrli yjirmeler ʙar. Ol yjirmeler çaqsь çumьs atqarьp keledi. 7 kisiden quralƣan dramma yjirmesiniŋ kycimen ʙьjьl 4 ret("Kelincek", "Qutьqtajmьn", "Tas tylek") pijesileri qojьldь. Budan ʙasqa qalqozdaƣь ʙarlьq domʙьra çana domʙьracьlardь çьjnap domʙьracьlar yjirmesin ujьmdastьrьp, oƣan 3 kisi tartьq, olar ynemi konsert ʙerip otьradь.

Qulьp çanьnda komsomoldar kaʙijneti ʙar, odan ʙasqa qьzьl ʙurьc ʙar. Qьzьl ʙurьcta 120 tyrli qazaqca kitaptar ʙar. Qalqozcьlar ol kitapti pajdalanьp oqьp turadь. Cacke sьjaqtь ojьn quraldarь ʙar. Qulьptьŋ saqьnasь çaqsь salьnьp, otьrƣьctar men qamsьz etilgen. Qulьptьŋ ici çana qalqoz keŋsesiniŋ ici tyrli uran pьlakat çana kөsemderdiŋ sygretteri men ʙezelgen. Qьzьl ʙurьcqa avdandьq, oʙlьstьq, өlkelik, ortalьq gazetterden 53 dana orьasca, qazaqca gazet, 9 dana çornaldar çazdьrьp aldьrьmьz.

Qulьpta kөcpeli kijno kelip ojьn kөrsetip turadь. Bьjьl 3 ret ojьn kөrsetti. Qulьpta Məskev men Almatь arasьnan qaʙar alьp turatьn radьjo ʙar, qalqozcьlar çumьstan qolь ʙosaƣanda çьjьlьsьp tьŋdajdь. Qalqozcьlar radьjo tьŋdavdan çalьqsa, 34 qazaqca pьlastenkesi men patepon ʙar.

Çastar ənderin yjrenip alьp avьz ʙen salьp ʙeredi.

Budan ʙasqa monca, tyrnijk, pelesopet, mьltьq atatьn tijr ʙar, çaqьnda 20 adamƣa "Borocьjlopca atqьc" znacogine norma tapsьrtpaqcьmьz.

Bul ajtьlƣandar soŋƣь eki-yc çьldьŋ icinde Qazaƣьstan өlkelik Partija Komijtetiniŋ çana ʙolceʙiktik ʙascьlьqьnьŋ arqasьnda mal өsiryv, mədenijet majdandarьnda qalqoz kөleminde tapqan taʙьstardьŋ aldь, ʙul sөzden endi maldь, mədenijetti avьlƣa ajnalьp, taʙьstьŋ cьŋьna cьqtьq degen qortьndь cьqpajdь. Qalqozcьlardьŋ çeke menciginde malьn kө-

вejtyv çeninde kej вir kemciliklerimiz вar mьsalь: Esetop Çalmuqannьn 33-çьlь вir taj egizi вar edi, ol əli sol taj egizden tanвaj keledi. Yjtkeni, ol çьlma çьl taj egizin satьp ornьna вaspaq alьp kezdi kyjelev men keldi munь qalqoz kezinde kermedi. Savatsьzdьqtь çojuv çeninde de əlde вolsa kemcilik kep. Osь kynge dejin qalqozcьlardьn çarьsьnan keвisi savatsьz.

Qazaqьstan вolceвikterinin вascьsь Mirzojan çoldastьn çol вascьlьqь men вul çenindegi çumьstьn dəreçesin keterip, qalqozcьlar çurtcьlьqьn çana taвьstarqa çumьldьrьp, 36- çьldьn ajaqьnda çappaj savattь avьl вolamьz.

Sьz dьƣьp

# Aldьmьzdaƣь oquv çьlьndaƣь mindetterimiz

Ortalьq partija komijtetiniꞑ soꞑƣь сьƣarƣan „Narkompros sijsteminde pedalogija çolьna ʙurmalavсьlьq tuvralь“ degen qavlь mekteptiꞑ de, muƣalьmniꞑ de, ʙedelin erekce kɵterip, oquv isin ana ƣurlьm gyldendiryv maqsatь men alьnƣan tarьjƣь qavlь. Olaj devimiz—mektep muƣalьmь ʙalalarьnьꞑ minez-qulqьn, ɵzgecelik taʙьjƣatьn ʙilip, sonьꞑ ьꞑƣajьna ƣaraj oqьtьp, tərʙijelev kerek edi; ʙiraqta, ʙul kynge dejingi təçirijʙede oqьtuvсьnьꞑ ʙul çumьsьna qol suƣьp, ʙalanьꞑças ajьrmaсьlьqьn, çetilyvindegi ɵzgecelikterin pedaloktar ɵz mencigi etip kelgen. Sonь men oquv—tərʙije mamanь muƣalьm, oqьtatьn ʙalasьnьꞑ sьr qasijetterin ʙilmevine de ʙoladь degen sьqьldь ʙolьp kelgen. Partijanьꞑ qavlьsь ʙul sьqьldь ɵreskel ʙurmalavсьlьqtь tьjьp, təlim-tərʙijeniꞑ teorьja, praktijka məselelerin taldap cecetin ilim—tek pedagogijka ilimi ƣana ekenin nusqap otьr.

Mektep soꞑƣь çьldarda kɵp ɵꞑdelip ylgirdi: oquv—tərʙije çaqtarь çaꞑa proƣьram, çaꞑa oquv planь negizine qurьlьp, ʙir izge tysti: ər mektep ɵz ʙeti men is istep, ʙalanьꞑ ʙilimi ər kelki ʙoluvь sьqьldь alalьq çojьla ʙastadь. Balanьꞑ çazuvьn durьstap, savattьlьqьn alƣa ʙastьruvda da ne dəvir ilgeri ʙasƣandьq ʙar. Qazaq ult mekteʙi ʙastavьc, ortalav, orta mektep ʙolьp qurьlьp, ʙurьnƣьdaj çarьm çartь klastarь ƣana ʙolatьn qalpьnan сьƣьp keledi.

Oqьtuvсьƣa kelsek, oqьtuvсьnьꞑ klasьna ʙasсьlьq etyvi, saʙaq ʙeryv reti azdь-kɵpti tyzelyvge ʙet alƣandьƣь ʙar. Tərʙije çaqtarь da təlim-tərʙijeniꞑ ekcep ʙɵlyvge ʙolmajtьn negizgi ʙir salasь retinde orьn ala ʙastadь.

Mektep çьl sanap caruvaсьlьq—qaraçat çaqtarьn oꞑdap, oquv çaʙdьqtarь, oquv sajmandarь ʙirtindep tygendelip keledi.

Mekteptiꞑ ʙul kyjge çetip ɵsyvine, oqьtuvсьnьꞑ qьzmeti maqtavlь qьzmet qatarьnda ʙaƣalanьp, ças ɵspirim ʙalanь çurtсьlьƣьmьzdьꞑ ic ʙavьrьna alьp, qamqorlьƣьn arttьruvьna ʙastap çol kɵrsetken, ylgi—ɵnege ʙergen kɵsemimiz Stalin.

Mekteptiꞑ osьndajlьq ornьƣьp, ilgeri ʙasƣandьƣьnьꞑ ʙir ajƣaƣь-35-36 oquv çьlьnьꞑ ajaƣьndaƣь ʙilim sьnaƣьnьꞑ nətijçesi ʙoluvь tijis edi.

Basьnda da ʙir sьpьra aldьꞑƣь qatarlь mektepter, oquv çьlьn ylgili ʙolmaƣanь men, edəvir avьzƣa alьp ajtarlьqtaj taʙьs pen ajaqtadь. Balanьꞑ oquvь, çazuvь, esep сьƣaruvь, ʙasqa pənderdi ʙilyvi ʙьltьrƣь men salьstьrƣanda kɵp сьjraƣan. Bul sьqьldь mektep əzirge camalь ʙolƣanь men, ʙьlajƣьlarьna ujtqь ʙolarlьqtaj; yjtkeni ər avdannan, ər qaladan ʙul qatarlь mektep, muƣalьm сьqpavь mymkin emes.

Bulaj dep ʙaƣalavьmьz, ərijne mektepterdiꞑ ʙarlьƣьna çatpajdь. Sanь çeti mьꞑƣa çuvьq mekteptiꞑ qalьꞑ kɵpciliginde oquv—tərʙije çaqtarь ʙir qalьptь izge tysip kete almaƣan; oquv çumьsь əlsiz, ʙas-ajaƣь cuʙatьlьp, çaj dolʙar men kelgen. Endece „ʙьltьrƣь men salьstьrƣanda

ilgeri вir qadam вastьq" degenimiz masattanuvqa kelmejdi. Mektep kөpciligi naqьz tьnqьlьqtь, tijimdi oquvdь mengerip kete almaj, sьrttap qana çyr desek—durьs bolar.

Вuqan dәlel: вalalardьn qat tanьr, kitap oquv çaqь çaramdь, вiraq çazuv çaqьn alsaq, kөrkemdik, suluvlьq çaqь вolama, emle çaqь вolama kөp aqsavlь. Olaj вolsa ana tilinin tolьq çartьsь (çazuv çaqь) cala, mandьmsьz.

Çeti çьldьq mektepterdin вalalarь arijpmetijka, geometirija, algeвira saвaqtardь durьs oqьtpav seвepti—вalanьn uqьmь, çazьр esep сьqaruv çaqь cala; ojca (çazвaj) eseptevdi вilmejdi; esep сьqarqanda durьs ylgige qarap çazdьruv degen tәçiriвede az kezdesedi; eseptin cartьn çazdьruv, qalaj сьqaruvdьn planьn, suraqьn çaza вaruvdьn tәrtiвi вalaqa kөrsetilmegen. Sьzuv çumьsьn вala tek qoldan sьza saladь da, serkyl lenejke sьqьldь sьzuv aspaptarьn qalaj ustavdь вilmejdi. Oqьtuvcь tyrli ereçelerdi, zandardь вalaqa oqьtьр çattatqanda, kitapqa ermej, өz çanьnan сьqarьр çattatьр, atavlarьn ereçenin ilimij mazmunьn вuzadь.

Вir sьрьra mektepter tarьjq, qьjmija, cet til (nemis tili) saвaqtarьn oqьtpaj tastaqan. 7-nci klastь вitiretinderinin pijzijka, matijmatijkadan alqan вilimi 6-сь çьldьn proqьramь men qana camalas. Вalalar çaqьrapija saвaqьn qartasьz oquv seвepti, çaqьrapija atavlarьn qartadan taвa almaj adasadь. Osьlardьn ystine, kej вir mektepterde oquv çьlьnьn icinde 2-3 ret derlik oquvcь avьsьр otьrqan.

Вastavьc, ortalav mektepterge qaraqanda, orta mektepterdin oquv çumьsь kөp ondь. Вul mektepterde oqьtьр çyrgen oqьtuvcьlardьn Qazpij sьqьldь oquv orьndarьn вitirip сьqqandarь çaqsь oqьta alatьndar dep вaqalavьmьzqa вoladь.

Mektep oquvьnьn nacar çyryy seвeвin munan вьlaj oqьtuvcьdan qana dep qarajtьn вolamьz. Eger oqьtuvcьnьn вilimi çetkiliksiz вolsa, onьn вer çaqьnda eger ol saвaqqa dajьndalmaj kiretin вolsa, saвaq ec qandaj nәtijçe вermejtini anьq; çetik muqalьm вolqan kynde de, oqьtatьn saвaqtьn әdis çoldarьn anьq вilmejince çaqsь saвaq вere alam devine вolmajdь. Osь qatarlь oqьtuvcьlarqa вiz kөp kөmek вeryvdin carasьn çyrgizyvdemiz. Kuvrs konperensijalar өtkizildi, sьrttan oquv orьndarьnьn oquv çumьsь kycejtildi, taqь вasqa da caralar istelip çatьr.

Aldaqь oquv çьlьnda osь qolda вar kadьrlardьn kyci men, komsomol ujьmdarьn mektep isine çaqsь qatьnastьra otьrьр, mektep oquvcьlarьnьn savattьlьqьn qajtkende de alqa вastьruvmьz kerek; aldaqь çьlь oqьtuvcьlardьn calpь вilimi naqьz oidaqьdj tьnqьlьqtь, sanalь вilim вoluvqa tijis. **Sondьqtan saвaqtьn sapa çaqьna qattь zer salьnьр, oquvdьn әr mektepte qandaj kyide çyrip otьrqandьqьn tekserip, sьnap otьruv mektep вastьqtarьnьnda, avdan oquv вөliminin de typkilikti mindeti.**

Вizdin mekteptin proqьramь, oquv quraldarь, oqьtuv әdisteri вalanьn sana seziminin çьl sanap өsip, dynije tanuvь kommunistik negiz вen qalьptanuvьna вejimdelip qurьlqan. Әr pәnnen вilim viretyv men qaвat, вalanьn sana sezimin de qosa tәrвijeleitin вoluvь tijis. Sondьqtan matijmatijka, pijzijka, qьjmija saвaqtarь, әsirese til, әdeвijet, tarьjq, çaqrapija sьqьldьlar tek qana kitap sөzin cattav men вalanьn ojьn өsirip, вilim qazьnasьn вajьtpaidь. Әr pәnnin materijalьn вir вьnqaj tolьq, teren вilyv men qaвat, ol вilim dereginin sotsijaldьq caruvacьlьqьmьzqa qandajlьq qacet ekeninde cetik virenip aluv cart. Mektep вalasьnьn вilimdi mengerip aluvьnьn da en durьs pedagogijkalьq colь osь col.

Вizdin mektep arnavlь вir qana әdis pen oqьtuvь tijis emes. Вalanьn alqьrlьqьna qaraj әr saвaqtь qurьltьр, tyrlendirip, вalanьn çaqsь

uqьp, çazuvqa, sьzuvqa teselyvin qamtьjtьn ədisti ustav kerek dejmiz. Bul neni bolsa da naqьz ilmij çol men tanuvdьn, bilyvdin, çol-çobasьna ujqas. Bolçap, kerip, sonan ol bajqaqanьn oj tarazьsьna saluv, onan kejin praktijkaqa avьsuv mine cьndьqtь tabuvdьn, obijektip naqtьlьqtь (bar nərseni) tanuvdьn dijalektijka çolь osь (Lenin). Bizdin oqьtuv ədisterimizdin qajsьsь bolsa da negizinde osь çol çobaqa syjenedi, yjtkeni balaqa bilim yjreterde ne nərsenin bolsa da mən çajьn tanьp yjrenyv ycin, onь naqtь tyrde kerip, sьr qasijetterin bajqap aluv kerek; osьlajca kezi men kerip, ne basqaca qoldar men uqьp alqan nərsesin, bala kejin terenirek tekserip teorija çolь men yjrenedi. En aqьrda, ycinci kezende, bala osь tapqan biliminin sotsijaldьq caruvacьlьqьmьzqa qandajlьq qatьnasь barь men teorijanь praktijka çyzinde iske asьruvdьn reti men tanьsadь.

Tərbije çeninde munьn manьzь ajьrьqca; oqan dəlel: Ilim teqnijke tabьstarьnьn naqьz ken keleminde pajdaqa asьp otьrqan çeri—bizdin sobet odaqь. Arktijke çerin colьp zerttevdegi, ken bajlьqtarь ordalarьn tavьp pajdaqa asьruvdaqь tabьstarьmьz, bul maqtavlь erler ataqьn alqan gerojlarьmьz—bulardьn barlьqьda çastardь ezinin sobetti otanьn сьn çyregi men syjetin etip tərbijelev ycin bul sьqьldь materijaldar sabaqqa ər dajьm kep kiristirilip oqьtьluv tijis. Çana da munь men qabat, elimizde sotsijalijzmnin çenip, tolьq ornavь—kommunis partijasьnьn, onьn kesemderi Lenin—Stalinnin arqasьnda ekenin ynemi uqьndьrьp otьruv kerek.

Oqьtuvcьlarьmьzdьn kepciligi məselenin bul çaqьn çaqsь elemevleri sebepti oquvcьnьn tysinigi kyngrt, cala boladь.

Bizdin oquvcь çastarьmьzdьn oquvqa ьnta—talabь kycti, solaj bola tursa da cala oqьjtьn „çalqav", ne çaqsь tysinip kete almajtьndaj balalar kep kezdesedi.

Mektep oquvcьlarьnьn qatarьnda bul sьqьldь „mygedek" oquvqa salaq, tərbijege kenbejtin balalardьn keptigin pedaloktar bul kynge dejin balanьn çaratьlьsьnan dep etirik dəlel ajtuv men keldi. Pedaloktar „naqьz ilim çolь" dep balanьn aqьl dərecesin prosenttep eseptejtin ereskel ədister tavьp cьqardь.

Pedaloktar bala oqьtьp, ər balanьn oquv ьnqajь men tanьs bolmavь sebepti muqalьmnьn çumьsьna keldenennen turьp bijligin ajtьp, ol balalardь çik—çikke belip, sabaqtь qalaj beryvdin çobasьn quruvdь ez mencikterine aldь. Sonьmen pedaloktar muqalьmnьn qaravьndaqь balasьnan ajьrьp, muqalьm ər balanьn alqьrlьqьna, əline qaraj, basqaca ezgeceljkterine qaraj oqьtuvьna zьjanьn tijgizdi.

Qazaq mektepteri munь təçirijbe çyzinde kep sezbevi de mymkin, biraq ta, oqьtuv çenindegi nusqav qattar, pedaloktardьn çoqarь da ajtьlqandaj „rəlin" qostap çazqandьqtar boldь (mьsalь: Balavbajьptьn gruppanь kompilektev degen kitapcasь, taqь bir nece ədis kitaptarь).

Oqьtuvcь barlьq oquvcьlarьn birdej kerip, ər balanьn zijrektigin, oquv oqьjtьn camasьn zerttep yjrenyvi bul kynge dejin oqьtuvcьnьn aldьna qojalmav sebebi de osь. Ər balanь qalaj bavlьp oqьtuv-tərbijelev çeninde mandaj aldь derlik oquvcьlardьn tabьstarь kep, olarьn biz bul kynge dejin pedaloktardьn mencigine qol suquv dep tysinip, çarьqqa cьqarmaj otьrqandьqьmьz boldь. Ol sьqьldь baqalь materjaldь çьjnap, sobet pedagokijkesinin teorьja, praktijkasьn bajьtuv məselesi qolqa alьnbaj kelgen bolatьn. Pedalogija-qьlьm emes ekendigin, onьn istep kelgeni pedagogijkanьn typkilikti məselesi-bala bolьp kelgenin Ortalьq partija komijteti əjgilep otьr.

Ortalьq partija komijtetinin bul qavlьsь pedagoktardь oqьtuvcьlьq çolьnan adastьrьp kelgen pedalogijanь qurtьp otьr. Munan bьlaj ba-

lanь çaqsь ʙaqьlap, onьꞑ oquvƣa, tərʙije aluvƣa ijkemin arttьruv ceʙerligi oqьtuvcьnьꞑ ɵz çumьsь, ɵz mindeti ʙoladь.

Aldьmьzdaƣь oquv çьlьnda mekteptiꞑ oquvь masajrap, alƣa ʙasьp ketyvine erekce ʙir əserin tijgizetin komsomol ujьmь ʙoladь. Komsomoldьꞑ X-sijezi çoldas Stalinniꞑ ajrьqca nusqavь ʙojьnca çastardь oqьtьp, tərʙijelev çumьsьn ojdaƣьdaj ujьmdastьruv məselesin tereꞑ tekserip, talqьladь, ʙul mindet-komsomoldьꞑ eꞑ typkilikti mindeti qatarьnda orьn aldь. Munan ʙьlaj komsomol ujьmdarьnьꞑ mektep pen ʙajlanьsь ana qurlьm kycejip, ʙalalarьmьzdьꞑ çaqsь oqьp, ɵsyvin komsomol ʙastap otьratьn ʙoladь.

Ərijne, oquv cala ʙoluv men qatar, mektep tərʙije məselesinde cece almaj aqsap keldi. Tərʙije çumьsь saʙaq pen ʙir kezeꞑde çyzege asa ʙaratьn çumьs. Balaƣa tərʙije ьqpalьn çyrgizip, onьꞑ çyris, turьsьn, minezqulqьn, mədenijetin, saltьn durьstap otьruvcь-ʙirinci orьnda klas oqьtuvcьsь. Sondьqtan ʙizdiꞑ mektepterde ʙajqalьp kelgen eski avьldьꞑ sarqьncaqtarь çojьluvь kerek. Bul çɵnde ʙizdiꞑ mektep oqьtuvcьlarь qatarьnda pijoner, komsomoldar çaqsь oqьp, ʙalalardьꞑ eꞑʙek ɵrmeginiꞑ qьzƣьlьqtь ɵmir, sanalь oquv ʙolьp ajnaluvьna ujtqь ʙola aluvlarь tijis.

Tərʙije məselesi tek mektepte ƣana cecile almajdь. Balanьꞑ yj turmьsь kɵp oꞑdaluvь tijis. Mektep ʙeretin ylgi-ɵnegeler iske asuvь ʙalaƣa çaqsь ədet ʙolьp ajnaluvь tijis. Sondьqtan mektep ʙalanьꞑ yj ici ɵmiri men tek ƣana tanьs ʙoluvь çetkiliksiz. Yj ici ɵmiriniꞑ avqattьlьq, mədenijettilik qalьpqa tysken kezeꞑde, yj ici eꞑ aldь men ʙalanьꞑ qamьn ojlajtьn ʙolsьn.

Bizdiꞑ mektep ʙalalarьmьzdьꞑ qattь suvsap, izdep otьrƣan nərsesiqьzƣьlьqtь ʙalalar kitaʙь. Kəzir 3-inci klastaƣьlardan ʙьjьlƣь ʙalalarƣa oqьp pajdalanatьndaj ʙir sьpьra kitap cьqtь. Bulardьꞑ sanь kyn sanap kɵʙejip keledi. Osьlardь mektep kɵp qьlьp alьp, ʙalanь kitap oquvƣa ʙavlavь tijis. Onьꞑ ʙer çaƣьnda pijoner ycin, mektep ʙalasь ycin ʙalalar çornalь cьƣaruv-aldьmьzda turƣan kyrdeli tilektiꞑ ʙiri.

36-37-oquv çьlьnda oqьtuvcьƣada, oquvcьƣada kɵp mindet artьladь. Biraq, munь men qaʙat, oquv çumьsьnьꞑ ʙascьlьq orьndarьnьꞑ, əsirese nusqavcьlarьnьꞑ çumьsь kɵp cьjrap durьstaluvь kerek.

Nusqavcьlardьꞑ kɵʙi əlige dejin mektepti iꞑ icki ɵmirinen alьs çatьr. Balanьꞑ sanь men nece qate ʙarьnьꞑ esebin aluv naƣьz ʙascьlьq emes. Bilimi cala, ədis çaƣьna ceʙerligi camalь oquvcьlarƣa nusqav ʙerip, çiji qatьnasьp otьruv təçirijʙede az kezdesedi. Sondьqtan nusqavcь mektepti ꞑ oquv tərʙije isine kɵꞑildegidej qatьsьp kete aluv çaƣьn qattь eskeryv kerek.

Aldьmьzdaƣь oquv çьlьnda alƣa qojьlьp otьrƣan çumьstardьꞑ eꞑ tyjindileri osь ajtьlƣandar. Bul mindetterdi tolьƣь men atqarьp cьƣьp, oquvcь çastarьmьzdьꞑ ʙilimin, savattьlьƣьn çoƣarь satьqa çetkizyv oquv orьndarьnьꞑ ƣana mindeti emes. Oquv orьndarьna partija-soʙet orьndarь ajrьqca nazarьn salьp, çərdemdesyvi kerek. Mektep oquvь gyldenip, ajaqqa ʙasьp ketyvi ʙykil çurtcьlьƣьmьz ycin ylken aʙroj, ʙaƣalь taʙьs. Sondьqtan, ʙul majdanƣa kyc-kɵmekti ajamaj, ʙolcevikce is kɵrsetyvimiz kerek.

Motьnьr R.

# Savatsьzdьqtь çojuv-çurtcьlьq çumьsь

Bykil odaqtьq Qalьq komijssarlarь Soʙeti men BK(ʙ)P nьŋ Ortalьq komijteti 1936-ç. 16 ƣьjnuvardaƣь „savatsьzdar men cala savattьlardь oqьtuv“ tuvralь qavlьsьnda: „Qalqьmьzdь çappaj savattandьrьp, eŋʙekcilerimizdi oqьtuv ycin elimizdiŋ muƣalьm, ençener-teqnikter, agranom, dəriger, styvdentteri sьjaqtь-ʙarlьq mədenijet kycteri tartьlьp, pajdalanьlsьn“ degen edi.

BK(ʙ)P Ɵlkelik komijtetiniŋ III plenymi savatsьzdardь oqьtuv çumьsьna ɵlke kɵleminde 65 mьŋ mədenijet kycteri (mədenijet əskeri) attandьrьlsьn degen edi.

Biraq, ʙul mindetter orьndalmaj keledi.

Ɵlke kɵleminde savatsьzdar mekteʙinde oqьtuvcьlьq qьzmetin ʙьltьr 8 mьŋ camalь ƣana adam istedi, ʙьjьl 13 mьŋ camasьnda ƣana adam istep çyr. Bul III-plenym tapsьrƣan plannьŋ 20 prosenti ƣana. Minc, sol sьjaqtь savatsьzdьqtь çojuv çumьsьn çurtcьlьq çumьsь etip qoja almaƣandьqtьŋ saldarьnan 1935-çьldьŋ savьtsьzdьqtь çojuv planь 55.9% ƣana orьndalьp edi.

Endi 1936-çьldьŋ planь da tijisti qarqьn ala-almaj keledi.

1936-çьldьŋ ʙirinci çartьsьnda ɵlke kɵleminde ne ʙarь 122 mьŋdaj ƣana adam oqьp, savattanьp cьqtь. Bul çьldьq plannьŋ 20,4 prosenti, oʙlьstьq oquv ʙolimderiniŋ məlimetine qaraƣanda ɵlke kɵleminde 355 mьŋ adam oqьp çatьr. Bul oquvƣa tijisti adamnьŋ orta esep pen alƣanda 70 prosenti. Ystimizdegi çьldьŋ 8-ajь ɵtip ʙaradь, əli de mektepke tartьlmaƣan 130 mьŋdaj adam qalƣan.

Al, oqьp çatьr degen 355 mьŋ adamnьŋ ɵzine kelgende, çumьstьŋ qarqьnьna qaraƣanda çьl ajaƣьna dejin tygel çappaj savattanьp cьƣuvь gymən. Yjtkeni, olardьŋ saʙaqtь qunttap oqьp çyryvleri camalь. Oquvcьlardьŋ kɵʙi ʙir kyn kelse eki kyn kelmejdi, ne ʙolmasa mьsalь 27 oquvcьnьŋ 10 kelse, 17 kelmejdi. Buƣan mьsaldar kɵp: Prijecim avdanьndaƣь „Qьzьl əsker“ sapqozьnьŋ 2-permasьndaƣь Skackoʙa degen mədenijet əskeriniŋ qaravьnda 15 yjennen ʙastap 27 əjel oqьlmaq ʙolьp çazьlƣan. Eki yc kyn tygel qatьnasьp çyrip, kejin 8-10 adam ƣana qatьnasatьn ʙolƣan. Seʙeʙi ʙasta detjasili ujьmdastьrьlƣan ekende, ol eki yc kynnen soŋ çaʙьlьp qalƣan. Sonьŋ saldarьnan ʙalalь əjelder oquvƣa qatьnasa almajtьn ʙolƣan.

Sol sapqozdьŋ poselkelik soʙetiniŋ predsedatili Rokoʙskij, onьŋ əjeli Rokoʙskaja ekevide savatsьz. Sapqoz ortalьƣьndaƣь savat mekteʙine oqьmaq ʙolьp tirkelgen. Biraq, oquvƣa ʙarmajdь, oqьmajdь, tьm ʙolmasa ʙasqalardьŋ oquvьna çaqdaj çasap, çərdem de etpejdi. Bul mekteptiŋ muƣalьmь orta ʙilimdi; ʙurьn muƣalimdik istegen Ɵkonnьjkoʙa degen. Ol ɵziniŋ qalaj oqьtьp çyrgenin ʙilmejdi. Əlde qoqam qьzmet retinde me, əlde eŋʙek aqь alama, ʙelgisiz.

Munьŋ qaravьndaƣь 23 adamnьŋ oquvƣa qatьnasьp çyrgeni orta esep pen 9 aq adam.

Prijecim avdanьndaƣь qьsqь acьlƣan savatsьzdьq çojuv mektepteri egis navqanь ʙastala ʙergende çaʙьlьp qalƣan. Qьzьl əsker sapqozь qoj qьrquvdь sьltavratьp, majdьŋ ʙasьnan oquvdь toqtatьp tastap, tek yjenniŋ 15 nen ƣana qajtadan ʙastaƣan ʙolьp çatqan kɵrinedi.

Mundaj avdandar ɵlkemizde ʙiren saran emes, əlde necev ʙolьp cьƣadь. Telman, Aqmola, Esil, Arьq Balьq, Kɵkce-tav, Mamlyvt, Bьjc-

nopka, Atpasar, Presnop, Sarqant, Kamenskij, Çьmpьjtь, Sajram, Prijoral, Qьzьl—tuv, Martuq avdandarьnda egis vaqьtьnda oquv myldem toqtap qalƣan, sonьꞑ saldarьnan qajsь ʙir oʙьlьstarda oquv çumьsь tьm təmendep ketken Mьsalь: Qaraƣandь oʙьlьsьnьꞑ ʙirinci kvartaldaƣь oquvƣa tartьlƣan 82 mьꞑ adamnьꞑ 35 mьꞑь oquvьn tastap ketken. Syjtip, Qaraƣandь oʙьlьsь ʙьjьlƣь oquvƣa tijisti 107 mьꞑ adamnan 25 mьꞑdaj adamdь oqьtьp сьƣardь da, 22 mьꞑdaj adamь ƣana oqьp çatьr. Bul oʙьlьs ʙьltьrƣь planьn da 32—prosent qana orьndap edi, ʙьjьlda ʙykil oʙьlьstьꞑ eꞑ artьnda qalьp otьr. Yjtkeni, mektepke ɵlke kelemindegi tartьlmaj qalƣan 130 mьꞑdaj adamnьꞑ 55 mьꞑь çeke Qaraƣandь oʙьlьsьniki.

Bul oʙьlьsta çumьstьꞑ nacar boluvьnьꞑ seʙeʙi manaƣь ajtqandaj: avьl kommunisteri ʙul çumьsqa sajasьj maꞑьz ʙermej kelgen. Oƣan ʙir dəlel: Telman avdandьq partija komijtetiniꞑ instiryvktiri Potirekejip çoldas „ʙul meniꞑ çumьsьm emes, menim lekʙezge ajnaluvƣa vaqtьm da çoq“ degen. Sol avdandaƣь Pokornьj selsovetiniꞑ predsedatili Sijlyvk çoldas „egis vaqьtьnda lekʙezdi oqьtuvƣa mymkindik çoq. Əri egin sal, əri oquv oqь degenimiz tipti tyʙiri men durьs emes dep ʙilem“ degen (Qaraƣandь oʙьlьstьq oquv ɵliminiꞑ sajasьj aƣartuv sektiriniꞑ ʙastьƣь Tьnьʙekip çoldastьꞑ sol avdan tuvralь ʙajandamasьnan).

Avьldaƣь çojьlmaj kele çatqan lekʙez çenindegi ylken ʙir kemcilik mьnav ʙolьp keledi: Qavlьnь сьƣaradь, tijisti plandarьn çasajdь, çoƣarƣь orьndardь qaʙarlajdь syjtip, qavlьnь çalpь ʙyrkep salьp qojadь.

Mьsalƣa Cьƣьs Qazaqьstan oʙьlьsьn alajьq:„Kɵkpekti avdanь Qaraƣandь kɵl avьlьnda eki çьldьꞑ icinde lekʙez tuvralь сьqqan qavlьnьꞑ sanь 200 den asqan сьƣar, ʙiraq, ʙiriniꞑ de tьjanaƣь ʙolƣan emes. „Qulьmʙetip“ qalqozьndaƣь 199 savatsьzdьꞑ 20 caqtьsь aq oqьp çyr“ dep ʙir tilci çazadь. 1936-ç. ʙirinci majda çappaj savattanamьz dep, Aʙьralь avdanь ʙykil Cьƣьs Qazaqьstan oʙьlьsьndaƣь eꞑʙekcilerge „uran“ tastap edi. Majdьꞑ Ɵtkenine çartь çьl ʙolьp ʙaradь, Aʙьralьdan syjinic qaʙar əli çoq.

Respyvʙlijke planьnьꞑ (600 mьꞑ) ycten ʙiri (200 mьꞑ) propsojuz ujьmdarьna çyktelgen edi. Propsojuz myceleri (ɵndiriste istep çyrgenderdiꞑ ʙərinde) men olardьꞑ semije mycelerin solar oqьtuvƣa mindetti edi. Sodan oqьp savattanьp сьqqanь 23 mьꞑ (plannьꞑ 12 pr.) oqьp çatqanь 95 mьꞑ (plannьꞑ 53.6 purs.) ʙьlajca ajtqanda propsojuz ujьmdarьnьꞑ lekʙez planьn orьndavь respyvʙlijkeniꞑ orta qalьnan da təmen. Yjtkeni, ʙularda da lekʙez çumьsьn propsojuz çurtcьlьƣь ʙolьp qolƣa ala almaj, ɵzi ʙiterge salьnьp oquv orьndarь ister devden qutьla almaj keledi. Qaraƣandь oʙьlьsьnda 102 propsojuz ujьmdarь ʙar. Sonьꞑ 68 nen ƣana azdь—kɵpti məlimet ʙar. Qalƣanьnьꞑ qalьn ic kim ʙilmejdi. Osь 68 ujьmda esepke alьnƣan 27140 savatsьz, cala savattь adamnьꞑ 16572 mektepke tartьlƣan. Bul oʙьlьstьq propsojuz planьnьꞑ (41 mьꞑ) 20,5 pros. osь oquvƣa tartьlƣandardьꞑ oquvƣa qatьnasuvlarь orta esep pen 45 aq pros. Mine, ʙul çaƣьnan kelgende əlgi oqьp çatьr degen 16572 adamdarьmьz 7-8 mьꞑ aq ʙolьp сьƣadь. Endece ol oʙьlьstaƣь oqьp çatqan adam plannьꞑ 40.5 pros. emes, tek 20 pros. ƣana.

Cьƣьs Qazaqьstan oʙьlьsьnьꞑ propsojuzь ʙьjьl 41 mьꞑ adam oqьtьp сьƣaruvь mindet edi. Çazalasa osь 41 mьꞑ adamdь oʙьlьs 1-majƣa dejin savattandьrьp сьƣarmaq ʙolƣan edi.Maj ʙьlaj tursьn, çьldьꞑ ajaƣь da alьs emes, ɵzirge olardьꞑ oqьtьp сьƣarƣanь 1500 adam (plannьꞑ 3,9 pros).Bul oʙьlьstaƣь „Təvir“ degen avdanьmьz Zajsan avdanьndaƣь Qalçьr kenindegi 340 adamnьꞑ 140 aq oquvƣa tartьlqan. Mun-

daƣь sapqozdьŋ 5-permasь men ortalьq ʙazьsьnda qьs ʙojь lekʙez oquvь ujьmdastьrьlmaƣan. Sapqozdaƣь 365 savatsьz adamdardьŋ 169 (45%) aq oquvƣa tartьlƣan.

Qajsь ʙirevler lekʙezdi ojdaƣьdaj çyrgizyvge çaƣdaj çoq degisi keledi. Onьŋ cьndьqqa ic ʙir ʙajlanьsь çoq. Ɵlkemizde çaqsь istep otьrƣan avdanda, qalqoz da, selsoʙet te, predrpijətije de ʙar. Sozaq, Tylkiʙas, Mirzojan, Ujƣьr, Qьzьltuv, Zajsan sьjaqtь avdandar ʙьltьr da plandarьn orьndap, ʙьjьlda çaqsь istep kele çatьr. Bijlikel, Majlь tɵʙe (Mirzojan) sьjaqtь sapqozdar çappaj savattanьp ta otьr. Ajaq kijim paʙirikteri, teri zavьtь, ʙьjopaʙirgii (Almatь qalasь), ʙir Almatь oʙьlьsьnьŋ ɵzinen 10 caqtьlaƣan qalqozdar çappaj savattanьp otьr. Mine, ʙular savatsьzdьq pen ʙolceʙikce kyrese alƣandar, munьŋ tɵŋiregine çurtcьlьqtь ujьmdastьrьp, ʙul çumьstь çurtcьlьq çumьsь etip qoja alƣandar. Tylki-ʙas avdanьndaƣь Alcьmʙajьp degen ʙir mədenijet əskeri 2-3 ajdьŋ icinde 100 camalь əsker çasьndaƣь çastardь ajanʙaj oqьtьp, savattandьrьp cьƣarƣandьƣь ycin oʙьlьstьq oquv ʙɵliminen, avdandьq atkom men partkomnen alƣьstar alьp, 150 somnan ʙəjgiler alƣan. Munьŋ ɵzin ylkenderdiŋ ylgili mekteʙine çoƣarьlatьp avьstьrƣan. Alcьmʙajьptar çalqьz emes, əlde necev, ʙiraq, avьlda sondajlardь tavьp, eŋʙegin ʙaƣalap, olardьŋ insijatijpterin syjep, çərdem etip, çaƣdaj etyvciler az.

Odaqtьq Qalьq Komijssarlarь Soʙeti men BK(ʙ)P Ortalьq Komijtetiniŋ ʙьjьlƣь 16 ƣьnuvar qavlьsьnda ʙьjьl əsker çasьndaƣь çastardьŋ ʙir-de-ʙiri Qьzьl əsker qatarьna savatsьz, ne cala savattь ʙolьp keltirilmesin, ʙəri de tolьq savattь ʙolьp keltirilsin dep mindettegen edi. Bul mindet te ɵlkemizde nacar orьndalьp otьr. Oquvƣa tijisti çastardьŋ 20 protsenti oqьtьlmaj qalьp otьr. Munьŋ keʙi Aqtɵʙe oʙьlьsьniki. Avdandardьŋ kɵʙinde aq sol çastardь qьzьmetterinen ʙosatьp, ʙir çerge çьjnap aq oqьtьp çatqandar ʙar. Biraq, solardьŋ oquv sapalarь nacar.

Qazaƣьstan Qalьq Komijssarlarь Soʙeti men BK(ʙ)P Ɵlkelik Komijtetiniŋ 16-yjeldegi qavlьsь ʙojьnca plandaƣь oqьtьluvƣa tijisti adam sol yjel ajьnda tygel mektepke tartьlsьn dep tapsьrƣan edi. Oŋ tystik Qazaƣьstannan ʙasqalarь tygel oquvƣa tarttьq dej almaj otьr. Oʙьlьstarda çumьstьŋ qozƣalƣan ʙeti ʙar. Qaraqandьnьŋ qajsь ʙir oquv toqtap qalƣan avdandarьnda oquv ʙastala ʙastadь. BK(ʙ)P nьŋ oʙьlьstьq komijtetteri isti qolƣa ala ʙastadь. Degen men əli de istiŋ qarqьnь kyceje almaj, salʙьrap keledi. Seʙeʙi: avьldaƣь kommunis, komsomol, soʙet, propsojuvz myceleri ʙul çumьsqa sьʙanьp kirisken çoq. Kezdej soq, əlde qalaj ƣana istesip çyr. Ajqaj ʙolƣan kezde dьr ʙerip istep, soŋьnan qoja salьp, isti yzdiksiz istemej, ʙul isti çurtcьlьq çumьsь ete almaj keledi. Bul savatsьzdьqtь çojuv çumьsь—çurtcьlьq çumьsь. Munь çurtcьlьq çumьsьna ajnaldьrьp, qalajda ykimet sroginde, sojuzdь respyvʙlijka ʙolajьn dep turƣan elimizdi çappaj savattandьrajьq, ʙul ər-ʙir partijada ʙar, partijada çoq ʙolceʙikterdiŋ ʙastь mindeti.

Cəripip Saʙьr

# Ɵlkyjik çaƣasьnda

*(1916-NCI ÇЬL)*

Izdegenimiz əꞑgime ʙolƣansoꞑ, kece Aqtɵʙeden cьqqalь surasьp estip kelemiz: „On altьncь çьldaƣь kɵterilistiꞑ ʙir ylkeni Qьzьl-kɵl ʙeketinde“ degen sɵzdi. Ьrƣьz qalasьna kelip, onьꞑ çajьn surasьp edik, ʙiraq, osь kyni avdandaƣь qьzmetkerlerdiꞑ arasьnda ʙul əꞑgimeni çaqsь ʙiletin adam ʙolmadь. Bularda: „naq icinde ʙolьp ʙascьlьq qьlƣan adamdь aldьꞑdaƣь qьzьl kɵlden taʙasьn“ dep siltedi.

Ьrƣьzdan Torƣajƣa qaraj çyretin, ylken qara çol men Ьrƣьzdan cьƣьp kele çatьrmьz, çetpis caqьrьmdaj çer ketkende aldьmьzda munarlanьp ʙeket kɵrindi. Qasьna tajanьp kelsek, qьjrap qulap çatqan yjlerdiꞑ qaʙьrƣalarь, onьꞑ ajnalasьnda yjilip çatqan qulaƣan kirpicten ʙasqa dəneꞑe de çoq, qur ʙurьnƣь yjlerdiꞑ orнь ƣana çatьr. Bul ʙeketti ajnala qarap çyrgenimizdiꞑ mənisi mьnav: ʙudan çьjьrma çьl ʙurьn Nijkolaj patcaƣa qarsь qazaqtьꞑ kɵterilisinde ʙul çerde zemlenke salьp, mьꞑ camalь saldat qьstaj çattь degen qaʙar ʙar edi. Sɵlardьꞑ zemlenkeleriniꞑ ornьn qaradьq. Zemlenke salƣanь ьras eken, yjtkeni naq ʙekettiꞑ kyn cьƣьs çaƣьna qьrьq-elyv qadam çerde elyv-alpьs cuꞑqьr çatьr. Bərin ʙirdej qьlьp uzьndьƣь on kez, eni altь kez camasьndaj qazƣan -qazaqtar çatqan cuꞑqьrlar, arasьnda ʙirli-çarьm kicirekteri de ʙar, eki ese ylkenderi de ʙar. Saldat çatqan zemlenkelerdiꞑ orьnь osь eken.

Ar çaƣьnda ʙir qalьꞑ avьl kɵrinip turƣan, ʙeketti qarap ʙolƣan soꞑ sol avьlƣa ʙardьq, kyn ʙatuvƣa camasь ʙir-eki aq saƣat qalƣan.

Egin caruvalarьn ʙitirip, eginniꞑ ʙasьnan kɵcip taza çerge kelip, avьl çaꞑa ƣana qonьp otьr eken, kɵʙisi yjlerin əli tigip ʙolƣan çoq, çьjьrma camalь yj əli tigilip çatьr da, sondaj yjlerdiꞑ çygin qaƣьp silkip icine eꞑgizip əjelder qьʙьrlap çyr. Bir yjdiꞑ sьrtьna kelip toqtaƣan ʙizdiꞑ aptamaʙelge qaraj çygirisip aldь men ʙalalar çьjnalьp keldi de, olardьꞑ artьnan caʙandav attap erkekter çьjnalьsьp çatьr.

Avьldьꞑ qonƣan çeri kɵk oraj, sondьqtan maldьꞑ ʙəri avьldьꞑ qasьnda. Bajqajmьn, qьrьq camalь yjdiꞑ eki-yc çyzdej sьjьrь, sondaj qojlarь-eckileri. Biraq. çьlqь otьzdan artьq kɵrinʙejdi de, tyje mylde çoq. Avьldaƣь adamdar, əjel, ʙala-caƣalar tap tojƣa çьjnalƣandaj ədemi kijinʙese de, əjtevir kijimderi taza, çaqsь, ʙytin, çana ʙir qьzьqь-ʙəri ʙirdej, ʙəri ʙir yjdiꞑ adamdarь sekildi kijingen. Adamdarьnьꞑ açarьnda carcaƣandьq ʙelgisi çoq, ʙetteri tolьq, qьzьl, çumьstan kelgen ʙelgi çoq, yj tigip arьp çyrgen əjelder de sondaj. Kədimgi aq kijmecek, qьzьl ala kɵjlektiꞑ ystinen kɵʙisi çaꞑa kyrte, pençek, kej ʙirevleri çasьl masatьdan qamzol, ajaqtarьnda cɵlki men ʙɵtenke-qalalь çerdiꞑ adamdarь sekildi.

Yj tigip icin çьjnaƣanca, dalaƣa kijiz-kɵrpe tɵsep ʙizdi otьrƣьzdь, avьl adamdarьnьꞑ kɵrileri de ʙiz ʙen qatar otьrdь, çastarь ajnala tyregelip tur. Amandasьp məni çajьmьzdь ajttьq, avьl adamdarь da caruva-

larьn ajtьp ʙizdi tanьstьrьp çatьr. Biraq avьldь ajnala caʙьsьp çyrgen tөrt ʙes çьlqь ʙizge maza ʙermejdi. Bir ʙajtaldьꞑ soꞑьna erip yc tөrt ajƣьr cavьp, ʙiri men ʙiri talasьp çyrgende, ʙulardьꞑ soꞑьnan ʙir erkek esek ʙaqьrьp olda caʙadь, ajƣьrlardьꞑ tistegeninde, ʙajtaldьꞑ qos ajaqtap tepkeninde çumьsь çoq-ajƣьrlьqtь ʙuda qьladь.

—Əj osь pəle ʙoldь av! Avdannan mal dərgeri kelmejdi, өzimiz kestirejik desek qorqamьz, өltirip alarmьz dejmiz. Sonьꞑ men çьlqьmьzdьꞑ çartьsь ajƣьr, ne өzderinde, ne ʙajtaldarda, ne ʙizde maza çoq. Erteden qara kecke talasadь da çyredi. Byjtip ʙiz çьlqь kөʙejte almajmьz!-Dep kөrilev ʙirev uvajьmьn ajttь.

Syjtip, əꞑgimelesip otьrƣanda yjge cəj icyvge caqьrdь. Yjdiꞑ icin tap-taza qьlьp çьjnaƣan, kijiz-tekemetin tөsegen, dynijesin orьn orьnьna ədemilep çьjnaƣan, tөrdegi ʙir alasalav ystelde patьjpon tur, keregede ilyvli qus atatьn çap çaꞑa mьltьƣь çana tur. Qol məcijnesi tөsektiꞑ çoƣarƣь çaqьnda kijizdiꞑ ystinde, onьsь da çap çaꞑa.

Ylken aq dastarqandь çajdь, qantь men nanьn dastarqanƣa cacьp, yc tөrt çerden kese-kese aq majdь aldьmьzƣa qojdь, Muqactьꞑ əjeli, qap qara qьlьp quj ƣan cajƣa qajmaqьn mol qьlьp qujьp ʙizge ʙerip çatьr. Sonda Muqac:

—Mirzojannьꞑ qalasьnan kelgen qonaqtar ekensizder, majь men raqattanьp çep otьrьꞑьzdar. Bul toqtьqtь Mirzojan çoldas kelgeli kөrdik, өzin kөrmesekte atьna ojnap çyrgen ʙalamьzƣa cejin qanьq. Cəj icip ʙolƣanca avьl adamdarьnьꞑ avzьnan Mirzojan tyspedi. Sьrttan tьꞑdap qarap otьrƣan adamƣa Mirzojan osь avьldьꞑ ʙir adamь, əcejin Almatьƣa çolavcь ketken, erteꞑ qajtьp kelip, osь avьldaƣь caruvasьn çөndejtin kisi sekildi estiledi.

Caj icip ʙolƣan soꞑ on altьncь çьlƣь əꞑgimege kiristik.

—Kənekij, qajsьꞑьz çaqsь ʙilesizder, soƣьstьꞑ icinde ʙolƣandarьꞑьz qajsьꞑ, ʙizge ajtьp ʙeriꞑizderci? Dep edim. Yjdiꞑ icinde çьjnalьp otьrƣandardьꞑ ʙirevi:

—Osьnьꞑ icinde otьrƣandardьꞑ ylkenderi ʙəri de qatьnasqan, osь otьrƣan Muqac sөjlep ʙerer, umьtьp qalƣanь ʙolsa ʙizde tyzep otьrarmьz. Muqac sarʙazdardьꞑ icinde ylkenirek orьn alƣan edi. Sөjlesin-dep, yjdiꞑ ijesine siltedi.

Bizdiꞑ tysip otьrƣan yjimizdiꞑ ijesi, çasь elyvden asqan caldav adam, ʙiraq əli mьqtь kөrinedi, өziuvdarnikpin, egin ekkende çigitterdiꞑ ʙirinen qalьspajmьn dep otьrƣan, sol kisi sөz ʙastap:

—Kөp zaman өtti ƣoj, estende cьqsa kerek, Esmaƣamʙet ʙarmьsьn? Sende tьꞑdaj otьr, kem qalƣan çerin toltьrarsьn, sende sarʙazdardьꞑ irileriniꞑ ʙiri ediꞑ ƣoj-dep yjdiꞑ icinde otьrƣandardь ʙir qarap cьqtь da:

—Əveli el men tanьstьrajьn. Өzimniꞑ çasьm elyv eki de. Osь çerde tuvьp өstim. Bul çerdiꞑ atь Өlkyjik dejdi. Osь otьrƣanda Өlkyjik өzeniniꞑ çaƣasьnda otьrmьz. Burьn Kençeƣara ʙolьsь, 5-avьl devci edi, ьrƣьz ojazьna qarajtьn edik. Bul kynde Ьrƣьz avdanь 28-avьl dejdi. Seriktigimizdiꞑ atь „Bostandьq," osь otьrƣan ʙarьmьzda „Bostandьqtьꞑ" mycelerimiz, ʙastan talaj qьjьndьqtar өtti, mundaj əꞑgimeni sөjlep otьrmaq tygil, ojlavƣa da vaqьt ʙolmaƣan kynder ʙoldь. Bul kynde çaqsьmьz, mal kөʙejdi, astьq ʙar, ystimiz ʙytejdi, yjimiz çөndeldi, „qalaj kyn kөrem" degen uvajьm ketti. Endi qьzьq əꞑgimege ʙөrimizde qumarmьz. Tьꞑdavƣa өzderiꞑ erinʙeseꞑder, sөjlep ʙeryvge ʙizdiꞑ avьl erinʙes dep Muqac ʙastan өtken vaqьjƣanь sөjlevge kiristi.

## 1916-ньсь çьl.

Bizdi ol vaqьtta sarʙaz dejdi. Bascь bolƣan adamdarьmьzdьꞑ ʙiri Ermaƣamʙet Kyzemʙaj ulь osь kyni tiri. „Çar ʙasqan“ seriktigin ʙasqarьp turadь, erteꞑ Torƣajƣa qaraj çyrseꞑder aldarьꞑnan taʙьladь, sol kisige çolьƣьp surarsьꞑdar, ʙascь bolƣan adam ol kɵʙirek ʙiler, mende çen ortasьnda ʙoldьm ʙilgenimdi sɵjlep ʙerejin.

Toƣьz çyz on altьncь çьlƣь yjen çarlьƣь cьqqannьꞑ artьnan, ʙizdiꞑ Kençeƣara ʙolьsьnan tɵrt çyzdej çigit aladь degen qaʙar cacьldь. Kimniꞑ alьnьp kimniꞑ qalatьnьn ʙirevde ʙilmejdi, çurttьꞑ ʙəri de sastь, ʙəri de ɵzi alьnatьndaj kɵrip, ʙəri atqa mindi. Ersili qarsьlь capsьn, ʙirinen ʙiri aqьl surav men caʙьsьp ʙirevi çyrdi. Mьꞑ çarьmdaj yjdiꞑ erkeginiꞑ ʙəri at ystinde. Bolьs, ʙij, aqsaqaldar ьrƣьzdьꞑ qalasьna ʙarьp çatьp aldь.

Syjtip turƣanda Ьrƣьz, Torƣaj, Calqar, Ojьl, Temir, mьna çaƣьmьzda Atʙasar ojazdarьnьꞑ eli „patsaƣa qarsь kɵterilsin qьladь eken“ degen qaʙar da elge çajьlьp ʙaradь. Olaj ʙolatьn ʙolsa ʙiz qarap otьramьz ʙa dep ʙizdiꞑ elde patsaƣa qarsь qol kɵteryvge ʙel ʙajladь.

Endi ʙir ajdьꞑ icinde Kençeƣara ʙolьsьna qaraƣan eldiꞑ adamdarь pətyvelesip, mьꞑ camalь adam sarʙaz ʙolьp çьjnalьp aldь. Bascьlar sajlandь, çigitterdi qьrьq-qьrьqtan ʙɵlip, ər ʙir qьrьq adamƣa ʙirevin ʙascь qьldь. Avьldь kejin qondьrьp qьzьl kɵl men torƣaj ɵzeninin eki ortasьn meken qьlьp qostarьmьzdь, kyrkelerimizdi tigip alьp, ʙir qosta tɵrtevden-ʙesevden ʙɵlinip çattьq.

70 camalь ʙьtьra mьltьq, 2 ʙerdenke tavьp aldьq, ustalardь çьjnap najza, qьlьc, aj ʙalta soqtьrьp çigitterdiꞑ ʙəri qaruvlandь. Syjtip çyrgende ʙizge qarsь ʙolatьn ʙajlardьꞑda ʙetteri ʙilingeni ʙoldь. Olaj qьlьq ʙolsa, ʙiz nesine ajajmьz dep ʙajlardьꞑ ʙir necevin cavьp aldьq. Almat ulь Maqannьꞑ 500 çьlqьsьn, Qadьrʙaj ulь Pazьl degen ɵzʙektiꞑ 115 çьlqьsьn, Qocqarʙaj ulь Qajralaptьꞑ 100 çьlqьsьn alьp, attarь çoq çigitterge mingizdik.

Osьnь istep ʙolьp endi çan çaqqa adam çiʙerip ʙajlanьs çasadьq. Amankɵl tavьp ʙolьstarьna kyn ara qatьnap, ondaƣь sarʙazdar men qaʙarlasьp turuvƣa eki adam ʙelgilendi: Çьjьmʙaj ulь Aqqoça men Omar ulь Bajçigit ekevi. Olardьꞑ da kisileri kyn ara ʙizge kelip qaʙarlasьp turdь. Osьndaj dajьndalьp, sajlanьp ʙolƣan kynimiz sentəʙirdiꞑ 22-kyni edi. Barlьq sarʙazƣa yc tɵrt ʙascь sajlanьp edi, ɵlardьꞑ ʙul kynde tiri otьrƣanь Ermaƣamʙet Kyzemʙaj ulь, endi men kɵʙirek sonь ataj ʙeremin.

Ermaƣamʙettiꞑ qasьnda Osьjp dejtin ʙir orьs çigiti ʙar, sarʙazdardь sol Osьjp mьltьq atuvƣa yjretedi. Ajtpaqcь, Osьjp tuvralь ʙir eki avьz sɵz ajtьp ketyv kerek eken. Osьjp degen ʙir orьs çigiti ʙir nece çьldan ʙeri ʙizdiꞑ elde ceʙerlik ɵnerin istep kesip qьlьp çyretin edi, ɵzi Opa gyʙirnasь, isterli tamaq ojazьnan qacьp kelgen ʙolsa kerek, ʙizge kelip qazaq icine siꞑip ketken, qolьnan ceʙerlikte, ustalьqta kelyvci edi. Qazaq kɵterilisi ʙastaluvь men sol çigit ɵzimiz ʙen ʙirdej aralasьp, sarʙazdardь çik-çikke ʙɵlip, ər tyrli soƣьstьꞑ çajьn yjretip kyni tyni damьl tappaj çyrdi. Kejinde ajtajьn dep otьrƣan soƣьstarьmnьꞑ icinde ɵzi ʙascьlьq qьlьp, patcanьꞑ saldattarьn çeꞑip ʙergen çerleride ʙoldь. On segizinci çьldar da el icinde ɵz avruvьnan ɵlip qaldь.

Syjtip dajьndanьp çatqanьmьzda ɵktəʙirdiꞑ 20 leriniꞑ camasь ʙolsa kerek, Pazьl Qadьrʙaj ulь degen ʙaj ɵzʙek avьlƣa qajtьp keldi. Dykeni ʙizdiꞑ elde ʙolatьn edi. Onь ʙiz ʙajqamappьz, Qocqarʙaj degen ʙajdьꞑ yjinde çatьp, ʙizdiꞑ sarʙazdarьmьzdьꞑ camasь, kycin, qaruvla-

-rьn ʙilip alьp, ʙir tyn icinde Ьrƣьzƣa tartьp ketip otьrьptь da, ьrƣьzƣa ʙarьp, ondaƣь nəcəlnikterge ʙildiripti.

Ьrƣьzdaƣь **ulьqtar** ʙizdiꞑ kycimizdi anьq ʙilmej qavьp qьlьp otьrƣan ʙa, çoq ʙasqa seʙeʙi ʙolƣanʙa, elge ətiret cьƣarƣan çoq edi, endi Pazьldan qaʙarlanƣan soꞑ elge əsker cьƣardь. 400 camasьndaj saldat eken, ɵktəʙirdiꞑ 25 kyni qьzьl kɵldi ʙasьp Ьrƣьzdan Torƣajƣa qaraj ɵtti, ɵl ʙizge, ʙiz oƣan mьltьq atqanьmьz çoq, alьstan kɵrip qaldьq. Çol çɵnekej kez kelgen maldь alьp, adam ɵltirip çyre ʙerdi. Bul ətirettiꞑ ʙizden ɵltirgen adamdarь Tanqul ulь Coqpaj, Qoꞑьr ulь Ƣaʙdьraqman çana Ospan dejtin çigit.

Bul ətirettiꞑ artьnan ʙizge mьnadaj qaʙar keldi: „Amangɵl ʙolьsь men Taʙьp ʙolьsьnьꞑ sarʙazdarьn çeꞑip, tarqatьp, patcanьꞑ əskeri endi ʙizge cьƣьp kele çatьr“ dep. Ne qьlsa da ʙir sojqannьꞑ ʙolatьnьna endi kɵzimiz çetti, ʙizde dajьndanьp çatьrmьz. Mьꞑ camalь sarʙaz ʙeketten on caqьrьmdaj çerdegi ʙortɵʙege ʙekinip, çan çaqqa qaravьlcь çiʙerdik. Qaravьlcьlarьmьz ekevden-ycevden ʙɵlinip tɵʙe-tɵʙelerdiꞑ, molalardьꞑ arasьna çasьrьnьp çatьr.

29-nci ɵktəʙir ʙolsa kerek, patcanьꞑ əskeri qьzьl kɵl ʙeketine kelip quladь da ʙir az saldattь ʙɵlip ʙizge qaraj çɵneltti. Bɵlinip ʙizge qaraj kele çatqan qьrьq-elyv saldattardьꞑ aldьnda, camasь ʙir caqьrьmdaj çerde yc qaravьlcь saldattarь kele çatьr. Çasьrьnьp çatqan ʙizdiꞑ sarʙazdardь olar kɵrmejdi, kɵzderi alьsta çatqan kɵp sarʙazda. Yjtkeni, mьltьqtьꞑ oƣь çetpejtin altь-çeti caqьrьmdaj çerde ʙizdiꞑ sarʙazdar çasьrьnʙaj ədeji qarasьn kɵʙejtip kɵrsetip tur. Kɵzderin kɵpke tigip kele çatqanda, çasьrьnьp çatqan ʙizdiꞑ qaravьlcьlardьꞑ naq çanьna kelip çetkende, ycevinin ʙirevi murttaj ycьp calqasьnan tysti de ekevi kejin qaraj qaca çɵneldi.

Eki qaravьlcь saldat qacьp ʙarьp kɵʙine qosьldь, kɵʙi kejin cekpej kelgen çerine turьp ne dəvir toqtap qaldь da, zeꞑʙirektiꞑ oƣьn çavdьrdь. Zeꞑʙirektiꞑ on ʙes camalь doʙь atьldь, adamƣa zararь ʙola qojmadь, ʙirьq davsь çer çarьp adamnьꞑ zəresin aldь. Soƣan cьdamaj sarʙazdar kejin ceginip ketti. Bizden ʙul sapar ɵki at cьƣьn ʙoldь. Bygingi kyn osь men tarqastьq.

Arada eki yc kyn ɵtti, Ьrƣьzdan əsker qulap qьzьl kɵlge tɵgilip çatьr, ʙirevi de Torƣajƣa qaraj asqan çoq. Sirə ʙir ylken çumьsьn cьƣarajьn dep əskerde çatqan cьƣar, ʙizdiꞑ ʙascьlarьmьzda ʙir ədemi plandь çasap aldь: retin taʙьp patcanьꞑ əskerin aldap ɵlkyjikten ɵtkizip, qajtarьnda ɵtkeldi çaꞑьltьp qamap almaq. Osь plandь orьndamaq ycin sarʙazdardь elyv-alpьstan ɵlde necege ʙɵldi, ʙərine de tijisti çumьstarьn tapsьrdь, ʙəriniꞑde ʙascьlarь əsker kelgende ne istejtinin çatqa ʙiledi.

2-nci nojaʙir kyni ʙolsa kerek, qьzьl kɵlden ʙizge qaraj alpьs camalь saldat cьqtь degen qaʙar keldi. Kele çatqan əsker men eki aramьz on caqьrьmƣa tolmajdь. Bul qaʙardь esite sala Osьjp ɵzi ʙastap çyrip, sarʙazdardь ʙulaj orьndadь: altь çyzdej adam ɵlkyjiktiꞑ kyn cьƣьs çaƣьnda, armanьraq eki caqьrьm çerde qьrdьꞑ artьnda toptanьp qarasьn kɵrsetpej turdь, çyz camalь sarʙaz ɵlkyjiktiꞑ ultanьna tysip ɵtkel çanьnda ɵtirik çasьrьndь, eger saldattar çaqьndap qalsa, saldattardьꞑ kɵzince ɵtkelden ɵtedi de, izderin kɵrsetip qacadь, ʙulardь saldattar quvuv kerek. Endi ʙir çyz camalь sarʙaz ɵtkelden tɵmen cьn çasьrnьp çatьr, ʙular saldattar anav qacqan sarʙazdardь quvьp uzaƣanda artьna tysedi de ɵtkelge çiʙermejdi, taƣьda ʙir çyz sarʙaz ɵzennin kyn ʙatьs çaƣьnda çasьrnьp çatьr, olar ɵtkelsiz tereꞑ çerden ɵtip çatqan saldattardьꞑ aldьnan cьqpaq.

Əlgi pьlan ʙojьnca sarʙazdar tygel ornьƣьp ʙolƣan kezde kyn ʙatьs çaqtan alpьs camalь adam ɵlkyjiktiꞑ ultanьna kelip qulaƣanda, ɵtkelden ɵtip ʙir ʙɵlek sarʙazdar ɵzendi ɵrlep qaca çɵneldi. Bulardь kɵrip saldattarda ɵtkelden ɵtti de sarʙazdьꞑ soꞑьna tysip quva çɵneldi. Ɵtkelden eki caqьrьmdaj çer ozƣan soꞑ, çasьrьnьp çatƣan kɵp sarʙazdar ər çerden ajqaj sala, əskerge qaraj captь. Saldattьꞑ ʙeti acьq çaƣь ɵlkyjiktiꞑ tereꞑirek çeri, muz çaꞑa qatqan çalƣьz attь ʙolmasa, kɵp adamdь kɵtermejdi, saldat solaj qaraj qactь, yjtkeni ʙasqa çaƣьnьꞑ ʙəri qamav.

Beti acьq çaq-ɵzenge kele-kele **muzga** tysti, çьjьrma caqtь adam ʙolƣanda muz ojьlьp saldattar syꞑgip-syꞑgip suvƣa ketip çatьr, ʙirevleri qajta qacam dep muzƣa tarmasьp çatьr, sol kezde aldьnda çasьrьnьp çatqan çyz camalь sarʙaz ajqaj sala cьƣa keldi de saldattar qamavƣa qaldь, ol arada çan çaqtaƣь sarʙazdarda kelip qalьp, saldat, sarʙaz aralasьp najzalasьp-cartta-curt, kədimgi qazaqtьꞑ ɵz ara tɵʙelesi sekildi ʙoldь da qaldь. Opьr-topьr ʙolьp çatqanda kimniꞑ-kim men najzalasьp çatqanьn adam ʙiler emes, ʙəriniꞑde esi cьƣьp ketken, soꞑьꞑ men pajdalanьp alpьs saldattьꞑ çьjьrma segizi qacьp qutьlьp ketti, segiz saldat ɵlip çatьr, çьjьrmadan artьƣьnьꞑ qajda ketkenin taʙanda ʙile almaj artьnan ʙildik-muzdьꞑ astьna ketken eken, ʙizden ɵlgen adamdar: Əjden Erdev ulь, Qalmaqan Qoꞑьrʙaj ulь, Esirkep Ertaj ulь, Baltacь Birmaƣamʙet Kɵldej ulь.

Esimizdi çьjnaƣan soꞑ qarasaq Əjdenniꞑ najzasьnьꞑ ʙir yci qolьnda, ɵzi ɵlip çatьr-ʙir yci ɵlgen saldattьꞑ kɵkireginen kirip arqasьnan ʙarьp cьqqan. Əjdenniꞑ kɵkiregin oq tesip ɵtken. Ekevi ʙirin ʙiri ɵltirip qucaqtasqandaj çatьr, ekevi de kylip çatqan sekildi.

Ɵlkyjik çaƣasьndaƣь soƣьsta ʙizdiꞑ qolƣa tysken nərseler: 8 ʙeꞑtopke, otьz segiz qьlьc, eki at, ʙir talaj oq. Munьꞑ artьnan yc tɵrt kyn tьnʙƣьp, ɵlgen adamdarьmьzdь çerlep, çaralьlarьn emdep tьm-tьrьs çattьq, əskerde ʙizge qarsь cьqpadь. Nojaʙirdiꞑ çetisi kyni Sarʙazdar taƣьda attanьp qьzьl kɵlge qaraj çyrdik.

Endigi ojьmьz saldattь qьzьl kɵlden qacьramьz degen. Alpьs saldattьꞑ teꞑ çarьsьn ɵltirip qalƣanьn qacьrƣan soꞑ, endi dəmemiz ylken, „saldattьꞑda çajь ʙelgili eken“ dejmiz. Çeꞑʙejmiz, ʙetin qajьrmajmьz degen oj ʙirevmizde de çoq. Çalƣьz-aq Osьjp qavьp ajtadь, onь curt tьꞑdajtьn emes.

Sirə ʙizdiꞑ kele çatqanьmьzdь sezip qalsa kerek, əlde ʙurьnnan qьlƣan saqtьƣь ma, saldattar pɵlemetterin qьzьl kɵlden ʙes altь caqьrьm çer ʙeri cьƣarьp ornatьp qojƣan eken, ʙizdiꞑ sarʙazdar çaqьndap ʙarьp qaldь. Mьꞑ camalь adam sarʙaz ilgerili, kejindi kele çatьp, pylemɵtti ʙьtьrlatьp ata ʙastaƣannan aq, kejin qaraj ʙurьlьp qac—qanca ʙizdiꞑ kɵp adamdarьmьz oqqa ucьp attan qulap qaldь, qulaƣandardь ala qacam dep ajnalƣandardьꞑ ɵzi çaralanьp əreꞑ qactь. Qacьp ʙara çatqan kɵp ʙirin ʙiri ʙasьp, ɵzdi ɵzin mertiktirip ketkenderi de ʙoldь.

Bьlaj cьqqan soꞑ adam tygendesek seksen camalь sarʙaz çaralanьp, tɵrt adam taƣьda ɵlip qalьptь. Ɵlgender: Aʙdьraqman Majlьajaq ulь, Çaʙaƣь Ɵtkilʙaj ulь, Bekçan Tujaq ulь, taƣьda ʙirev-atьn umьtьp qaldьm. Bul ʙizdiꞑ eꞑ aƣьrƣь soƣьsьmьz. Osьnan soꞑ ʙizdi ʙaƣьndьrdь-dep Muqac sɵzin ajaqtadь da, yjde otьrƣandarƣa qarap:

—Al, çigitter, ʙizdin elde ʙolƣan soƣьstьꞑ mazmunь osьlaj cьƣar? Dedi- Sonda yjdiꞑ icinde otьrƣan ylkender ysterine artqan çykterin tysirgendej ʙir-ʙir kyrsinip aldь, çastar əli esterin çьjnaj almaj kɵzderin Muqacqa tirep otьrƣan qalpь.

—Japьraj! Atalarьmьzdьꞑ talaj eꞑʙegi ʙar eken qoj!

Əjden men ʙirge ɵlip çatqan ʙejcara saldattь ajtsaꞑcь, onьꞑda əke-cecesi, ne qatьn ʙalasь ʙolƣan cьƣar av?! Ɵz erki men keldi dejsin ʙe?

Zalьm patsanьꞑ ʙujrьƣь ƣoj.

Osьndajdьꞑ ʙərin kitap qьlьp nege cьƣarmajdь eken? Çastar dəneꞑe ʙilmejmiz ƣoj, endi on çьldan munьꞑ ʙəri umьtьladь ƣoj dep yjdiꞑ icindegiler ojlarьndaƣьsьn ajttь. Ne dəvir ojlanьp otьrьp Esmaƣamʙet sɵz ʙastap Muqacqa çavap ʙergendej:

—Çoʙasь osь ƣoj endi. Biraq, manadan ʙeri seniꞑ ajtqanьꞑ, ondaƣь ʙolƣan vaqьjƣanьꞑ on ʙɵlegniniꞑ ʙiri ƣoj. Soƣьstьꞑ aldьndaƣь ʙolьp çatqandaƣь, onьꞑ artьnan kɵrsetken minezder ʙiri de ajtьlmaj əcejin ystirtin sɵjlenip cьqtь ƣoj. Məselen ʙizdiꞑ çeꞑilgenimizdiꞑ artьnan, kyzden ʙeri Ьrƣьzda tьƣьlьp çatqan ʙij, ʙolьs, aqsaqaldar elge qajtьp ɵtiretke ʙascь ʙolьp qanca el captь, 188 adamdь ustap ʙerip, olardь soƣьs çerine ajdadь. Onьꞑ artьnan taƣьda əli de neler ʙoldь, mуnьꞑ ʙiri de ajtьlƣan çoq. Bygin osь men qoja turajьq, erteꞑ qalƣanьn sɵjlermiz, dəmde kelip qaldь ƣoj.

---

**A. MUTALLAP.**

# Ɵrdendi Emen

*(Basь Ɵtken Sanda)*

Çazƣь turьmƣь eki yj ʙirlesip salƣan egisti aralap, çazьqtav çerdegi sьjьr soqʙaq çol men kɵk dɵnenniꞑ oꞑ çaƣьn colaq qamcь men sьjpaj salьp Emen keledi. Egispen avьldьꞑ arasь ʙir qьdьruv çer edi.

Çalqьz kele çatqan Emenniꞑ ojьna əlde neler tysti, ʙajaƣь Əleksej men Tomarʙajdan kɵrgen sojьl soqqьsь kɵz aldьna elestegendej ʙoladь da, kɵzin acьp, kirpigin qaƣьp, qaƣьp çiʙerdi.

—Japьraj dedi ʙul meniꞑ ɵꞑim ʙe, tysim ʙe, ras teꞑdik kedejdiki me? —dedi Emen kele çatьp ɵzine ɵzi.

—Qoj tysim emes, ɵꞑim cьƣar, mьnav kɵk dɵnen ystinde otьrƣan men. Anav kɵringen avьl, munьꞑ qaj çeri tys edi.

Osьnь ojladь da:

—Soʙet ykimeti ʙiz sьjaqtь ezilgen eꞑʙekcilerdiꞑ kɵzin aca kelgen ykimet, olaj ʙolsa, qala ʙolьp egin salsaq, ʙizge ƣoj demes edi, yjitkeni çer qara caruvaniki dep çatьr ƣoj—dedi.

Emen ʙul ojьn ʙir çьl ʙojь icine saqtap çyrip, 23-çьldьꞑ qьsьnda Nьƣьman, Temirʙaj, Muqan, Temirqan, Çaqьp sьjaqtь dostastarьna əꞑgime qьla ʙastadь. Birevler:

—Osь nemene ajtьp çyr, qala ʙolam dep orьs ʙolƣьsь kep çyrme eken—dejdi, çaqtьrmaj.

—Əli de ʙajlar ʙar, çerdi ije qьlar ma eken-dejdi. Biraq, ʙuƣan Emen casьmadь. Çazqь turьm ʙolьstan ruqsat alьp, əveli 20 yj qala ʙoladь. 24-çьldьꞑ çazьnda 54 yjge çetedi, ykimet tarapьnan çərdem ʙerildi, Emenniꞑ sondaƣь ojь „qala ʙolsaq, orьs krestijandarьnca egin salьp, astьqtь ʙolar edik" dev edi. Bul tilegine çetti. Əlgi 52 yj ʙasqa avьldardan egindi mol salьp, turmьstarьn tyzej ʙastadь. 26-27-çьldar çer ʙɵlisinde ʙelsendiler qatarьna qosьlьp, qalaƣa çaqsь çerden aldь. Emen çerdiꞑ qara caruvalarƣa ʙeriletindigine əʙden kɵzin çetkizgen edi.

Qalqozdastьruv çьldarьnda ezinin tuvьsqandarь men çurttan вurьn qalqozqa tysti. Biraq, вelsendimin dep at ystinde çyrmedi, qalqozcьlar men вirge qara çumьsta вoldь. 30-31-çьlqь çana 32-çьlqь peregepterde Emen, Cərip ulь Çaqan sьjaqtь „Kөtek“ soвetin əperвaqan, вas вuzar вasqarmasьna qarsь turdь. Emendi Çaqannьŋ yc kyn suvьq yjge çazьqsьz qamap qojqan kynderi de вoldь.

Emen qalqoz çumьsьna cьn вerilip, çumьs istedi, өz qara вasьnьŋ muŋьnan, pajdasьnan вurьn, ol qalqozdьŋ muŋьn, qalqozcьlardьŋ qamьn вurьn eskerip, вurьn ojlajtьn, qalqoz caruvasь degende çan təni men istejtin вoldь. Qalqozdьŋ eŋвek eseвin çyrgizdi. Isi men qьlьqь unaqannan kejin qalqozcьlar qalqoz вastьqь etip sajladь.

Emen 1932-çьldьŋ sentəвir ajьnan osь kynge dejin вir avьspaj qalqoz вastьqь вolьp keledi.

Soŋqь 34-35-çьldar Emen qarap çyrmejdi, sajasьj вilimin көterip, өz caruvasьnьŋ teqinijkesin yjrenyvge talpьndь. Osь kyni egin caruvacьlьqьn anav, mьnav aqьranomьŋьzdan kem вilmejdi. Emen вastaqan „Qara tal“ qalqozь 35-çьlь eginniŋ ər gektarьnan 185-190 put astьq aldь. Çanьnda otьrqan „Bərвa“ nege almajdь? Ərijne Emen qalqozcьlar men вul taвьsqa өz caruvasьnьŋ teqnijkesin meŋgeryvdiŋ arqasьnda çetti. Partija men ykimet Emenniŋ osь qьzьmetin вaqalap, memleketimizdiŋ eŋ çoqarqь nagratь „Lenin“ ordenin вerdi.

* * *

Kyn вatьp, ьmьrt çaвьlьp ketti. Kec вolsa, sьqьrajьp qana çanatьn lampьlardьŋ çarьqь, вygin elektir çarьqьndaj „Colaq Dosçannьŋ“ kecelerine səvlesin erekce cacьp çarqьrap tur. Burьn saraŋ soqьlatьn mekeme telepondarьnda damьl çoq. Tьŋdavcьlardьŋ sөz sarьnьna qaraqanda, вygin вir quvanьctьŋ əseri вar sьjaqtь. Çer вөliminiŋ nəcandigi Moldaвajьrtьŋ koвijnetinde otьrmьz. Bizdiŋ əŋgimemiz çazqь egis tuvralь edi. Çer вөliminiŋ вastьqь Moldaвajьr, MTS ta remonttьŋ, qalqozdar da çazqь egiske dajьndьqtьŋ вarьsь tuvralь məlimetter qarap, cuqьldanьp çattь. Bastaqan əŋgimesin ajaqtaj вergende esikten sav etip, вir top adam kirip keldi. Moldaвajьr sөzin qoja salьp, kirip kelgen adamdardьŋ icindegi sopaq вet, cyŋirek kөz, dөmвelce qara torь çigittiŋ qolьn ustaj aldь. Sөze qojdьm, yjitkeni kece Qьzьlçardan cьqar aldьnda:

—Sender Bejnetqorqa вarsaŋdar Emenniŋ kelyvine senderdiŋ вaruvьŋ dəl keledi—dep, вir talaj keŋester вerip edi. Icimizden:

—Davda вolsa osь kelgen Emen av-dep otьrqanьmьzda, MTS derektiri Ьjmanqulьp Moldaвek kylimdej sөjlep:

—„Lenin„ ordenin alqan Aqьmetip Emeniŋ osь вoladь dedi вizge qarap. Emen ezyv tartьp, çьmьja kylip: otьrqandardьŋ вərine amandastь, вiz вen de amandastь. Kelgen adamdar antalaj Emenniŋ omьravьna qarastь. Azdan soŋ avdandьq partija komijtetiniŋ vaqьtca sekiretarь Uvlasejiвic çurtqa qarap:

—Kəne çeke əŋgimeleriŋ вolsa, kejin sөjlesersiŋder, вiz kəzir atqaruv komijtetiniŋ koвijnetinde Emenniŋ kөrgen qьzьqtarьn tьŋdajьq dedi. Turqandar taqь da quvana tysip.

—Maqul tьŋdajьq—desti. Çurt qoparьla Rajspolkom koвijnetine keldi. Məçilis acьldь. Emenge sөz вerildi. Emen sөzge kiristi:

Qьzьlçardan Məskevge çetkence pojьzda kөrgenderi nen вastap, өzderin asa qurmettep, qalaj qarsь alqanьn sөjledi. Məskevdiŋ qalasьnьŋ tamacasь, qьzьqtьqьn sөjledi. Өzderi tysken „Kijip“ gastijnitsasьnьŋ өmiri kirip kөrmegen tamaca çaqsь yj, çaqsь çajlь kytimdi вolqanьn sөjledi.

—Əj ne kerek, Məskevde sajrandь saldьq əj kep, ʙir ese kijno, ʙir ese ojьn, ʙir ese pəʙirik,zavьt, ʙir nece myvzijlerdi kɵryvge ʙaramьz. Ondaj qьzьqqa tojatьn ʙiz ʙar ma?... Syjtip, Məskevdi 6 kyn araladьq. Tuvƣalь estip kɵrmegen qьzьqtь kɵrip çatьr mьn, tipti ajtьp çetkize almajmьn. Dekəʙirdiꞑ 27-kyni məçilis acьldь, Meniꞑ ʙir ьntьƣьm, syjikti kɵsemimiz Stalindi kɵryv ʙolьp otьrdь, ylken zal, əne ʙir çaqƣь,prijzidymge arnalƣan orьn, sonьꞑ ʙer çaqƣьn ala taƣь ʙir talaj orьndar; „Biz alьstav otьrdьq av, sɵzderin qalaj estijmiz“ dep otьrdьm. Bir azdan soꞑ ʙir çaqƣьnan ʙir top adam cьƣa keldi. Syvretinen tanьs ʙolьp qalƣamьz ƣoj,tanьj kettim: aldьn ala Kaganoʙьc,Molotьp,Ordçanikijdze çoldastar çyrip keldi. Orta kezinde,orta ʙojlь, qara torь, ɵꞑi çьlь qьjapattь ʙir adam kɵrine ʙergende aq, delegattardьꞑ arasьnda „uvralaƣan,“ çasasьn Stalin çoldas—degen ajqaj zaldь çaꞑƣьrttь. Qadala qarasam, kədimgi kyndegi sygiretterdi kɵrgenimiz sьjaqtь Stalin çoldas eken. Orьndarьna keldi.Delegattar ulь qurmet kɵrsetip qol soƣuv men ʙoldь. Myzijke zaldь çaꞑƣьrtьp turdь. Əlden soꞑ, orta ʙojlь çuvantьq kelgen syjir saqaldь qarttav adam çьjnalьstь ʙasqarьp:

—Çalpь odaqtьq egin cьƣьmьnьꞑ maꞑdaj aldь adamdarьnьꞑ məçilisi acьldь—dep çьrьjalajmьn—dedi. Taƣь da qol soƣьlьp, ornьnan turьp, qurmet kɵrsetildi,sɵzdi estij almajmьn ƣoj dep otьrƣanьmda, kɵlemi kyj sandьqtaj qaʙьrƣadaƣь ɵcekejlengen ədemi çəcikter, ʙir kisidej sɵjlep qoja ʙerdi. Cirkin ɵner aj dedim—icimnen, ʙajqasam radijo eken.

Məçilis yc kynge sozьldь. Endigi ymit qajtsede anav minʙege cьƣьp sɵjlev ʙoldь. Aldьnda Koznetsop pen, Segizʙajьp çoldastar men əꞑgimeleskende, olar:

— Eger Qazaqƣьstanƣa sɵz ʙerse, sen sɵjlersin dep edi. Sonь estigennen ʙeri, mende damьl ʙolmadь. Kelesi kyni çeti adamnan kejin Cernop, Jakiʙlep çoldastar:

— Qazaqƣьstan delegattarьnan Aqьmetipke sɵz ʙerildi-degende lypildep otьrƣan çyregim,-„endi sɵjlejsiꞑ, maꞑьzdь sɵjlep cьq“ degen əser ʙergendej ʙoldь. Kɵsemderdiꞑ aldь qalaj çьlь edi, denem ʙalqьp, ʙojьma ʙir tyrli çiger pajda ʙolƣandaj, ʙuvьnьmdь ʙekitip, çyregimdi toqtatьp, ojьmdь çьjьp alьp, caqьrƣan minʙege keldim. Ne kerek irkilmej sɵjlep cьqtьm. Onь gazetten ɵzderiꞑizde oqьƣan ʙolarsьzdar. Sɵzimdi ʙitirgennen kejin minʙeden çaj tysyvdi maqul kɵrmedim. Otьrƣan kɵsemderdiꞑ qolьn ustap amandastьm. Biraq, men sɵjlep çatqan kezde Stalin, Boracьjlop çoldastar ʙir çumьs pen cьƣьp ketip edi. Ol armanьmdь da kytken çerden taptьm. „Orden“ alƣannan kejin kɵsemder men ʙirge sygiretke tystik. Sol çerde Stalin, Boracьjloptar men ɵdeji qol ustasьp amandastьm. Sondaƣь Stalin çoldastьꞑ arqamnan qaƣьp:

— „Malades kazakstanes-degen sɵzi mijnɵtinde aq kɵꞑilime“ ьjmandaj ujьƣandaj ʙoldь.

Stalin çoldastьꞑ ol sɵzin men, „kelecekte ʙudan da çaqsь çumьs isteꞑder, ʙudanda kɵri ʙaqьttь, tamaca turmьs çasaꞑdar“ degen sɵzi dep uƣьnam. Onan əri Emen orden alƣannan kejingi ucan teꞑiz quvanьcьn sɵjledi. Bul nagrat çalƣьz ɵziniꞑ qara ʙasьnьꞑ ƣana nagratь emes, ʙykil ɵz qalqozьnьꞑ, osь avdannьꞑ nagratь ekenin, ʙuƣan ɵzi ƣana emes,ʙykil avьlь, avdanь ʙolьp quvanƣandьƣьn ajttь. Munan ʙьlajda astьq ɵnimi çolьndaƣь ylgili isti, ɵnegeli isti munanda ajqьn kɵzge kɵrsetyv ycin kyresetindigin ajttь.

Çurt Emenniꞑ ər ʙir sɵzin mejlince ьqьlas pen tьꞑdadь. Onьn ər ʙir avьz sɵzi, kəzirgi zamanьmьzdьꞑ ylken keleli isin kɵrsetip otьrdь. Onьꞑ „ʙьjьlƣь çьlь astьqtьꞑ gektarьnan 35 den 40 sentnerge dejin ɵnim aluvьmьz kerek degen eꞑ soꞑƣь sɵzi,ol Stalinge ʙergen serti. Ol

sertin Emen qalajda orьndajtьnьn, orьndav ycin çan-təni men kirisip, qьzьmet istejtinin, cьn çyreginen aqtarьla ajtьlƣan sɵzderi kɵrsetip turdь.

Aj syttej çarьq, çel çoq, əve tьnьp tur. Biraq, tьmьrsьq cьtqьl ajaz. Çeŋil macijnaƣa otьruvьmьz aq muŋ eken, 15 caqьrьm çerdi kɵz acьp, çumƣanca çyrip çettik. Çolda ʙastaƣan əŋgimeni ajaqtatuvƣada murca kelmedi. Qalьŋ qьzьlca aƣactьŋ ʙavьrь, ʙul ʙiz kele çatqan „Qara tal“ qalqozь edi, Çaqьndaj ʙergende ər yjdiŋ tɵʙesinen ʙuvdaq-ʙuvdaq qalьŋ tytin cьƣadь. Kɵceniŋ kyn ʙatьs çaqьndaƣь cettegi yjge kelip tyse qaldьq. Qoranьŋ esiginen domalaq ʙet, aq quʙaca ças əjel ʙizge qarsь cьƣa keldi de, Emendi:

—Çanьm aman keldiŋ ʙe? dep qucaqtaj aldь. Bul Emenniŋ əjeli Raqьjla çeŋgej edi.

—Savmьn-dep Emen əjeli men amandasьp çatьr.

Emenniŋ segiz çastaƣь qьzь Səlijme, er ʙalasь Zajnur, ortancь qьzь Zejnep qattь saqьnьp qalƣanƣa uqsajdь, ajmalap qucaqtaj ʙeredi. Raqьjla çeŋgej ʙes ajlьq Səkendi Emenge ʙerdi. Balalarьn syjip, quvanьp çatьr.

Macijneniŋ çarьƣьn kɵrip, gyrildegen davsьn esitip, ər yjden çygirip cьƣьp, qalqozcьlarda qaptap kelip qaldь. Esikti acьp, yjge kire ʙergenimizde çetpistiŋ camasьndaƣь kempir ornьnan ucьp tyre kelip, Emendi qucaqtaj aldь.

—Qaraƣьm aj-kɵp kecikkenge, avьrьp sьrqap qaldь ma dep edim. Aman, esen keldiŋ ʙe? çydemepsiŋ qoj qulьnьm dedi.

—Nege çydejin əçe, qajta kɵŋilim ɵsip, tyzelip qajttьm dedi Emen. Syjtkence ʙolmadь, qalqozcьlar, qalqozcь əjelder, mektep ʙalalarь Emenniŋ yjin kerip əketti. Esik acьlar, acьlmastan aq:

—Baqьttь ʙol, ɵmirli ʙol, alƣan nagratьŋ qajьrlь ʙolsьn-dep qalqozcьlar çьmьŋdaj kylip çattь-osьlardьŋ arasьnda, entelej ʙasьp, 600 eŋʙek kyni ʙar, molotijlkedegi ʙaraʙancь ekpindi Səpyv entige ʙasьp, kirip keldi, amandьq surasqannan kejin:

—Emençan quttь ʙolsьn ajtam, əjtevir 6 aj çazdaj damьl tappaj siŋirgen eŋʙegimiz dalaƣa ketpedi, partija men ykimet onь ʙaƣalap, atьmьzdь odaƣьmьzƣa çajdь. Men ulь nagrattьŋ qurmetine, seniŋ kelyv qarsaŋьna, egin majalarьn ʙasьp ʙitirdim dedi. Emendi ʙirev quttьqtap, ʙirev qocemettep, sɵjlep, kylki, quvanьc aralas sɵzder yjdi çavьp ketti.

Kijmelep kelip çetpis segizdegi qalqoz qartь, əri qojcь Qusajьn:

—Va çurt amandьqtь estip çatьrmьz. Emenniŋ ne kɵrip, ne ʙilgenin esitejik-dedi.

—Ajtsьn, ajtsьn! dedi qьzьƣьn, çurt cuvlap!...

—Bygin ʙərin ajtьp tavьsa almaspьn, ɵzim taŋ qalƣan ʙirer qьzьƣьn ajtajьn:

Məskevge ʙarƣan soŋ damьl tapqamьz çoq, eŋ aldь men ʙelesepet zavьtьna ʙardьq, onda 2500 çumьsker ʙar eken, ʙəri ʙir kisidej istejdi eken. Men zavьt ʙascьsьnan:

—Kynine qanca ʙelesepet çasap cьƣarasьzdar-dedim, əlgi ʙascь ɵzyv tartьp, çьmьjьp-kylip:

—Kyn demeŋiz, saƣat, mijnət deŋiz-dedi.

—Al, mijnətiŋiz aq ʙolsьn dedim, ʙul arada Stalin çoldastьŋ staqanьpcьlar məçilisindegi sɵzi esime tyse qaldь.

—Mijnətinde ʙir ceʙer, ʙir ʙelesepet cьƣaradь. Al, 35-çьlь ʙizdiŋ zavьt 185.000 ʙelesepet cьƣaradь, aldaƣь 36-çьlda eki çyz on mьŋ ʙelesepet cьƣarmaqpьz dedi.

Qalqozcьlar taŋ qalƣan picin men:

—Ɵte çьldam eken, kɵz ʙen kɵrdiŋder me?—dedi.

— Ajtьp otьrmьn qoj, biz 10 mijnet turdьq, sonda kez aldьmьzda 10 beleşepet çasap kersetti.

— Aj çarьqtьq ener aj-dedi Qusajьn qart.

— Өneri nesi, enerdi вasqarьp otьrqan ezimiz sьjaqtь adamdardь ajtsajcь-dedi qalqozcьnьŋ вirevi.

Qalqozcьnьŋ вirevi çaqьndaj tysip:

— Lenindi kerdiŋ ве?

— Kermej, kergende qandaj! çaqsьlap kerdik, Lenin mavzalijdiŋ icinde kijingen qalpь men, cьnьqa вelenyvli çatьr eken. Biz kerip-cьqtьq.

— Taqь qajda вardьŋ?

— Aŋ qajuvandardьŋ вaqcasьna вardьm, onda nece tyrli, вurьn men kermegen qajuvandardь kerdim, solardьŋ icinde avьrlьqь eki çyz qьrьq tert put, sotkesine çeti put çьjьrma qadaq çem çejtin pil degen alьp qajuvandь kerdim.

— Dəv eken cirkin!, ezi kisige tijmej me?

— Nege tijsin, qolqa-tilge yjrengen qoj.

—Taqь da ne kerdiŋ?

—Əlgi pariktiŋ icindegi ezen suvda denesi kesek вir qajuvan вoldь. Bul suvda çyretin вegamot degen qajuvan eken, avьrlьqь yc tonna eken. Budan вasqa ylken çьlan, çolвarьs, arьstan, dala mьsьqь, ajuv, aq ajuv, qasqьr, arqar, qulan, kijik, totь, aqquv taqь вasqa tolьp çatqan aŋ qustar вoldь. Qajsь вiriniŋ atьn вilejin tolьp çatьr tipti dedi Emen.

—E,.. E... taqь ne вar eken?

—Bajaqь çurttьŋ ajtьp çyretin majmьldarьnьŋ əlde nece tyrlisi вar eken. Majmьldar adam sьjaqtь çanьna kisi вarsa qьlmьŋdap, çьlmьŋdap qaladь, tipti kej вirevi adamnьŋ qьlьqьn kersetedi—dedi.

Emenniŋ əngimesi osьlaj sozьla вerdi. Ər kim ez ojьndaqь suravlardь çavdьrьp çatьr. Bərine de Emen çavaвьn вeredi.

Bul kyni—tyni вojь Emenniŋ kergen вilgenderin ajtuv men ajaqtaldь. Kelesi kyni qalqozcьlardьŋ çalpь çьjnalьsь вolьp, Emenniŋ вajandamasьn tьŋdadь. Bul çьjьlьsta Emenniŋ ordenine quvanqan ekpindi qalqozcьlar çaŋa mindetter aldь. Qalqoz ustasь Gerovesnijkop:

—Kesemimiz Stalin aldьnda вergen Emenniŋ vədesin orьndap cьquv ycin вiz вudanda çaqsь istevimiz kerek. Men ezim egin sajmandarьn on вes kynniŋ icinde remonttap вitiremin dedi. Osь sьjaqtь ər вir ekpindiler vədelerin вerip çattь.

*„QARA-TAL“ qalqozь 1936-çьl.*

A. Stetskij

# Çumьscьlar men qara caruvalardьꞑ sotsijaldь memleketi

SSSR dьꞑ çaꞑa kosntijtuvtsijasьnьꞑ proektьsьn ɵzimizdiꞑ elimizde, cet elderde ɵte qьzuv talqьlap çatьr.

Burçuvazija gazetteriniꞑ, ɵsirese pacis gazetteriniꞑ, ʙir azь çaꞑa soʙet konstijtuvtsijasьn avьzƣa almavƣa ja sonьꞑ mazmunьn teris kɵrsetyvge qancama tьrьssa da, çaꞑa konstijtuvtsijanь çalƣьz ʙizdiꞑ eldiꞑ eꞑʙekcileri ƣana emes, kapijtal elderindegi çumьscьlar men eꞑʙekciler de talqьƣa salьp çatьr. Cet elderde cьƣьp turatьn kommunis gazetterinde kapijtalijzim elderindegi proletarlardьꞑ pikirleri ʙasьlьp turadь, olar soʙettiꞑ sotsijaldь memleketiniꞑ ulь olçalarьna maqtanьp, syjsinip otьr, osьnь kɵrgende olardьꞑ çigeri kɵteirlip otьr.

Çaꞑa soʙet konstijtuvtsijasь solarƣa da çaqьn is ʙolьp otьr, solardьꞑda kɵꞑlindegi armanьnьꞑ iske asqandьƣь, kapijtal quldьƣь men qьsьmcьldьƣьnьꞑ qurьlьsьna qarasь alьsqan, sotsijalijzim ycin alьsqan kyresindegi maqsattarьnьꞑ iske asqandьƣь ʙolьp otьr. „Soʙet konstijtuvtsijasь ʙizdiꞑ kɵꞑlimizdegini ajtьp otьr" dejdi kapijtal elderiniꞑ çumьscьlarь.

Sonь men, çaꞑa soʙet konstijtuvtsijasь çer çyzilik vaqьjƣa ʙolьp otьr desek, onьmьz asьrьp ajtqandьq ʙolmajdь. Munьꞑ solaj ʙolatьn çeni de ʙar. Yjtkeni, çaꞑa konstijtuvtsija çer carьnda tuꞑƣьc ret ornьqqan sotsijaldь memlekttiꞑ, 170 milijon adamь ʙar memlekettiꞑ, qurьlьsьn ʙelgilep ʙerip otьr. Biz ʙurьn da memleketimizdi sotsijaldь memleket dejtinʙiz. Biraq, ʙul at naqtьlь qalьptan gɵri elimizdegi çumьscьlar men qara caruvalardьꞑ aldьna qojƣan mindetin kɵʙirek kɵrsetyvci edi, solardь tap-tapqa ʙɵlinʙejtin, tap kyresi ʙolmajtьn, adamdь adamnьꞑ eksploatatsija çasavь məꞑgige çojьlƣan qoƣam quruvƣa, teꞑ-pьraʙolь eꞑʙekcilerdiꞑ sotsijaldь qoƣamьn ornatuvƣa-ʙel ʙajlaƣan mьqtь tileginiꞑ ʙelgisin kɵrsetyvci edi.

Kəzir, SSSR daƣь eꞑʙekci ʙuqaranьꞑ Lenin-Stalin partijasьnьꞑ ʙascьlьƣь ʙojьnca çyrgizgen erlik kyresi men çeꞑisteriniꞑ nətijçesinde ʙul ulь maqsat negizinde iske asьrьldь. Sotsijaldь memleket degen at kəzir ʙolьp otьrƣan, elimizde ornьqqan ekonomijkalьq negizge, tap qatьnastarьna, qoƣam tərtipterine tolьq səjkes. Bul at kəzir alьstaƣь maqsattь kɵrsetip otьrƣan çoq, qol çetken, osь kynniꞑ ɵzinde ornatьlƣan SSSR da naqtьlь ʙolьp otьrƣan nərseniꞑ ɵzin kɵrsetedi.

Çaꞑa konstijtuvtsija cьn tolьq maƣanasьnda sotsijaldь qoƣamnьꞑ konstijtuvtsijasь. Birinci taravь men onьncь taravь osь qoƣamnьꞑ negizderin sьjpattap kɵrsetip otьr. Bularda çumьscь taʙьnьꞑ eꞑʙekci-qara-caruvalar men ʙirlesip kyreskende tapqan taʙьsь ʙulçьtьlmas zaꞑ retinde çazьlьp otьr. Çaꞑa konstijtuvtsijanьꞑ proektь elimizdegi qoƣamnьꞑ sotsijaldь çol men ujьmdastьrьlƣandьƣьnьꞑ izi, sonьꞑ ajnьmajtьn

qalpь ʙolьp otьr, munьꞑ çer çyzilik maꞑьzьda osьnьsьnda. Munьꞑ izin tysiryvci sotsьjaldь reʙolytsijanьꞑ danьcpan ustasь, eꞑʙekci ʙuqaranьꞑ kөsemi Stalin çoldas, ʙul ʙizdiꞑ qaj çeri ʙolsa da kөsemniꞑ ʙascьlьƣь men çasalƣan sotsijaldь өmirimizge əʙden dəl kelip otьr.

Çaꞑa konstijtuvtsijada çaꞑa qoƣamnьꞑ adamdь adamnьꞑ quldanuvь, eksploatatsija çasavcьlьƣь çoq qoƣamnьꞑ, ult arazdьƣь çoq, ʙajlar men qajьrcьlьq çoq, çatьp icerler çoq, ʙarlьq azamattarь qala men dereʙneniꞑ eꞑʙekcileri-çumьstь ortaq is ycin istejtin ʙarlьq eꞑʙekcileri çurttьꞑ əl avqatьn çasajtьn qoƣamnьꞑ, ʙarlьq eꞑʙekcileri ʙirdej teꞑ praʙalь ʙolьp otьrƣan, өz memleketin ʙasqaruvƣa qatьnasa alatьn qoƣamnьꞑ qurьlьsь tysinikti çaꞑa tereꞑ maqanalь sөzder men ajtьlьp əʙden eskertilip otьr.

Kəzir ʙizdiꞑ eldegi eꞑʙekci ʙьlaj tursьn, ʙasqa elderdegi ər ʙir eꞑʙekci de sotsijalijzim degen, ʙykil adam ʙalasь çetyvge tijisti çaꞑa qoƣam degen osь dep əʙden ajta aldь. Bul endi qьjal emes, alьstaƣь maqsat emes. Bul naqtьlь өmirdiꞑ өzi, osь өmir soʙet memleketiniꞑ konstijtuvtsijasьn da memlekettik ʙerik zaꞑ ʙolьp çazьlьp otьr.

Bizdiꞑ qoƣamdьq qurьlьsьmьzdь sьjpattavƣa ajrьqca toqtaluvdьn qaçeti çoq. Konstijtuvtsija proektьnьꞑ ʙirinci taravь ʙul qurьlьstь ʙarьnca tolьq, əʙden ajqьn sьjpattap ʙerip otьr. Konstijtuvtsijanьꞑ osь statijalarьn əʙden ojlastьrьp qarastьrƣan vaqьtta, marksijzim-leninijzim negizderin salƣan adamdardьꞑ ʙurьn kommuvnijzimniꞑ ʙirinci satьsьn sьjpattaƣan sөzderi eske tysedi. Kelecektegi qoƣamnьꞑ negizgi ʙelgilerin kyn ʙurьn kөre ʙilgen danьcpan aqьl ijeleriniꞑ qьlьmьj ʙolçavь ʙolьp eseptelgen nərseler kəzir ʙiz ycin naqtьlь өmirge ajnaldь, өmirdiꞑ zaꞑьna ajnaldь. Markistiꞑ „Gotedegi programmasьn“ degen kitaʙьnьꞑ tamaca çerlerin nemese Leninniꞑ „Memleket çaꞑa reʙolytsija“ degen kitaʙьnьꞑ tijisti taravlarьn oqьp kөriꞑizderci, -sonda ajta qalƣandaj taʙandьlьq pen çyzege asьrьlьp otьrƣan Markis Lenin-teorijasьnьꞑ ajrьqca kyciniꞑ ʙarlьƣьn taƣь da sezesiz, yjtkeni, ʙul teorija-өmir өrkendeviniꞑ zaꞑь.

Bizdiꞑ qurьlьsьmьzdьꞑ ekonomijkalьq negizi qoƣamdьq sotsijaldьq mencik çana caruvacьlьqtьꞑ sotsijaldь sijstemasь. Bul ne degen sөz ekendigin endi çurttьꞑ ʙəri de çeterliktej ʙiledi.

Bizdiꞑ qoƣamdьq sijstemamьz tygeli men çana typ negizi men kapijtal sijstemasьna qarama-qarsь sijstema. SSSR da eꞑʙek tuvra qoƣamdьq eꞑʙekke ajnaldь, yjtkeni, SSSR azamattarь (ʙir azьraƣь ƣana ʙolmasa) qoƣamdьq sotsijaldь kəsip orьndarьnda çana qoƣamdьq endiris quraldarь men istejdi. Eꞑʙek produvktarьn kapijtalister siꞑirmejdi, eꞑʙek praduvktarь ʙykil qoƣamnьꞑ qaravьna tysip otьradь.

Əlde nece ƣasьrlardan ʙeri eꞑʙekciler kyresiniꞑ tuvьna çazьlƣan „Eꞑʙek etpegen-icip-çemesin“ degen pirinsip çana sotsijalijzimniꞑ: „Ər kimnen qolьnan kelgenine qaraj, ər kimge eꞑʙegine qaraj“ degen pirinsiʙin çaꞑa Konstijtuvtsija endi zaꞑ etip çarьjalap otьr. Bizdiꞑ elimizdegi ər ʙir adam ulь eꞑʙek semijasьnьꞑ mycesi ekendigin, eꞑʙek etyvi men өz əl-avqatьn da, өz otanьnьꞑ ʙajlьƣь men quvatьn da çasavcь ʙolьp otьrƣanьn ʙiledi.

Caruvacьlьqtь sotsijaldь çol men ujьmdastьruv arqasьnda kəzir ʙykil ekonomijkaƣa plandь sotsijaldь ʙascьlьq mejlince mьqtap çana ʙarьnca tolьq kөrsetilip otьr. Elimizdiꞑ caruvacьlьƣь kəzir cьn tolьq maƣanasьnda qalьq caruvacьlьƣь ʙolьp otьr: ʙul caruvacьlьqtь qalьqtьꞑ qalьꞑ ʙuqarasь çyrgizip otьr, ʙul caruvacьlьq sol qalьꞑ ʙuqaranьꞑ myddelerin kөzdep otьr, ʙul caruvacьlьq soʙet memleketi orьndarьnьꞑ ʙir ьꞑƣaj plandь ʙascьlьƣьna ʙaƣьnьp otьr.

Sotsijalijzm degenimiz kommunistik qoƣamnьꞑ ʙir satьsь, ʙuƣan qoƣam ɵziniꞑ ʙurьnnan dajar negizine syjene ɵrkendep çetpejdi, ʙul, kapijtalijzimniꞑ qalьꞑ ortasьnan cьqqan qoƣam ʙoladь, munda eski qoƣamnьꞑ taꞑʙalarь men izderi ʙoladь,-dep marksijzm-leninijzm negizderin saluvcьlar atap kɵrsetken ʙolatьn. Bul-qoƣamdь kommunistik çol men qajta quruv isiniꞑ tolьq ajaqtalьp çetpegendigin kɵrsetedi.

Osь çaƣьnan alьp qaraƣanda, ʙesinci statija ajrьqca nazar saluvƣa turatьn statija ʙolьp otьr. Bul statija SSSR daƣь sotsijaldь menciktiꞑ eki pormasьn atap kɵrsetip otьr, qoƣamdь sotsijaldь çol men qajta quruv isiniꞑ elimizdegi kəzirgi dəreçesiniꞑ ɵzgeceligin kɵrsetip otьr. Bul eki pormanь Konstijtuvtsijanьꞑ, ʙasqaca ajtqanda memleketimizdiꞑ negizgi zaꞑьnьꞑ, anьqtap kɵrsetip otьrƣandьƣь, ʙul pormalardьꞑ maꞑьzьn çana olardьꞑ sotsijaldь asьlьnda, ajьrmacьlьqtarьnda aꞑƣartadь. Menciktiꞑ ʙul eki pormasь kɵkten tysken çoq, ɵzinen ɵzi de tuvƣan çoq, ʙular ʙizdiꞑ qьjalьmьzdan da tuvƣan çoq. Bular naƣьz tarьjqьj damuvdьꞑ nətijçesi, osь zamannьꞑ iri ɵnerli kəsiʙi, temir çoldarь, ʙanktarь ƣana emes, solar men qatar, Stalin çoldas ajtqandajьn, usaq ʙьtьraƣan ucan teꞑiz qara caruvalar da ʙolьp kelgen elde kapijtalijzmnen sotsijalijzmge ɵtyv protsesiniꞑ nətijçesi.

Proletarijat, kapijtalisterdiꞑ ʙarlьƣьn ijelikten tajdьrьp, ystemdigin qulatьp, ɵzderin quvьp, paʙriktardь, zavьttardь, temir çoldardь, ʙanktardь sotsijaldь mencikke ajnaldьra aldь, paʙrik pen zavьttardь memleket mencigine, ʙasqaca ajtqanda ʙykil qalьqtьꞑ dəvletine ajnaldьra aldь, al, çer kəsiʙi men ajnalьsqan usaq caruvaƣa ʙasqaca ədis qoldanuv qaçat ʙoldь. Oƣan iri kollektip caruvacьlьqtьꞑ artьqcьlьqtarьn kɵrsetyv kerek ʙoldь, çoqcьlьqtan, kyjzevcilikten, mecevlikten qutqaratьn ʙir ƣana çol ʙar, ol çol-eꞑʙekci qara caruvanь qalqozƣa ujьmdastьruv çolь ekendigine millijɵndaƣan eꞑʙekci qara caruvalardьꞑ kɵzin çetkizyv kerek ʙoldь. Eꞑʙekci qara caruvanьꞑ ɵzi çeke caruvacьlьqtan qol yzip, sotsijalijzm çolьna ɵz erki men tysyvge ʙel ʙajlajtьn dəreçege çetyvi kerek ʙoldь. Kooperatip-qalqoz mencigi (çeke qalqozdardьꞑ mencigi, kooperatip ʙirlestikteriniꞑ mencigi) usaq qara caruva caruvacьlьqtarьnьꞑ ɵz erki men ʙirlesip, qalqoz ʙoluvь nətijçesinde tuvdь.

Memleket menciginiꞑ qoçasь, memleket çana sonьꞑ atьnan ʙasqaruvcь memleket orьndarь ʙolsa,-qalqozdьꞑ sotsijaldь menciginiꞑ qoçasь qalqozcьlardьꞑ ɵzderi. Ɵndiristegi ajrьqca orьn, çumьscьnьꞑ paʙrik pen zavьtta, qalqozcьnьꞑ ɵz qalqozьnda alьp otьrƣan ajrьqca ornь da osь men ʙajlanьstь. Çumьscьlar men qalqozcьlardьꞑ qoƣamdьq sotsijaldь taʙьstan ɵz ylesin aluv çɵnindegi ɵzgecelikteri de osь men ʙajlanьstь. Aqьrьnda, qalqozdьꞑ 7-statijada ajtьlьp otьrƣan ajrьqca qurьlьsьn da atap ɵtyv kerek, ʙul qurьlьs qalqozcьnьꞑ çeke myddesin qoƣamdьq myddesi men ajrьqca tyrde ʙajlanьstьrьp otьr; qalqozda qoƣamdьq caruvacьlьq pen qatar ʙelgili mɵlcerde (avьl caruvacьlьq ɵrteliniꞑ uvstaʙьnda ʙelgilengen mɵlcerde) qalqozcьnьꞑ kɵmekci caruvacьlьƣьnьꞑ ʙoluvьna da çol ʙeriledi.

Kelecekte əlide qacьq çatqan perspektijʙada sotsijaldь qurьlьstьꞑ ɵrkendevine çana nьƣajuvьna qaraj, sotsijaldь menciktiꞑ osь eki pormasьnьꞑ arasьndaƣь, sotsijaldь kəsip orьndarьnьꞑ eki pormasьnьꞑ arasьndaƣь ajьrmacьlьqtar sɵzsiz çoƣaladь. Al,kəzirgi vaqьtta ʙul ajьrmacьlьqtar ajtarlьqtaj ylken. Bizdiꞑ qurьlьsьmьzdьꞑ negizinde mencik pen kəsip orьndarьnьꞑ osь eki pormasь çatьr. Istiꞑ çajьn durьs uƣьnuv, çumьscьlar men qara caruvalardьꞑ odaƣьna ec qandaj zarar kelyvine çol ʙermev ycin, ʙulardьꞑ çaqьndьƣьn ƣana emes, ʙul pormalardьꞑ ajьrmacьlьqtarьn da kɵre ʙilyv kerek. Yjtkeni, kəsip orьn-

darьnьꞑ ʙul pormalarьnьꞑ ər qajsьsьna ajrьqca ədis kerek, ər qajsьsьna ajrьqca ʙascьlьq etyv kerek.

Sotsijaldь mencik pormalarь çajьndaƣь məselenin ɵte-mɵte maꞑьzdь ʙolatьn seʙeʙi, çumьscьlar men qara caruvalardьꞑ arasьndaƣь tap ajьrmacьlьqtarьnьꞑ qaldьqtarьda osь pormalar men ʙajlanьstь. Bulardьꞑ arasьndaƣь negizgi tap ajьrmacьlьƣь çoqaldь, yjtkeni, çumьscьlar da, qara caruvalar da eꞑʙekti sotsijaldь kəsip orьndarьnda istejdi, ɵz taʙьsьn sol eꞑʙeginiꞑ nətijçesinde alьp otьradь. Al, ɵndiristegi ornь çaƣьnan alьp qaraƣan da, ʙulardьꞑ orьndarь eki ʙasqa. Bul tuvralь çeterliktej ajtьlƣan, endi onь qajta ajtuvdьꞑ qaçeti çoq. Çumьscьlar kəzirde de eꞑʙekci eldiꞑ eꞑ sanalь, eꞑ ujьmdasqaꞑ, eꞑ aldьꞑƣь qatarlь ʙɵlegi ʙolьp otьr.

Konstijtuvtsijanьꞑ ʙirinci çana ekinci statijalarьn qarastьrƣan vaqьtta, ʙul çaƣdajlardь eskerip otьruv qaçet.

Çaꞑa Konstijtuvtsija ʙizdiꞑ qoƣamnьꞑ ajnьmajtьn ɵz qalpь (slepogi) izi. Bul qoƣam ɵziniꞑ negizinde, ɵziniꞑ tamьrьnda sotsijaldь qoƣam. Alajda, ʙul sotsijaldь qoƣam osь kynniꞑ ɵzinde minsiz sotsijaldь qurьlьs, qaj çeninde ʙolsa da, ec ʙir mini çoq, əʙden kemeline kelgen qurьlьs emes. Bizde əli de ʙolsa kɵp is çete istelip çetken çoq, taptardь qurtuv protsesin typkilikti ajaqtatuv çeninde, kapijtalijzmniꞑ ekonomijka men adam sanasьndaƣь sarqьncaqtarьn qurtьp ʙoluv çeninde əli de ylken is istev kerek ʙoladь.

Çaꞑa konstijtuvtsija qoƣamdь sotsijaldь çol men qajta quruv çana taptardь çojuv isiniꞑ kəzirgi çetip otьrƣan dəreçesindegi ɵzgecelikterdi, ɵrekcelikti qьsqaca çana tysinikti tyrde kɵrsetip ʙerip otьr.

Kejde: „Birinci statijada çumьscьlar men qara caruvalardьꞑ sotsijaldь memleketi ajtьlƣan, al, ekinci statija Soʙetterdi elimizdegi ykimet ʙijligininꞑ orьndarь-eꞑʙekciler depuvtattarьnьꞑ Soʙetteri dep, kɵrsetken, ʙul qalaj? Munda qajcьlьq çoq pa? Budan da ʙirinci statijada eꞑʙekcilerdiꞑ sotsijaldь memleketi" degenniꞑ ɵzi çaqsь emes pe edi? degen sɵzder cьƣьp çyr.

Bulaj devciler Konstijtuvtsija mazmunьna pormal tyrde, ystirit qaraƣandьqtan ƣana ʙul „qajcьlьqtьꞑ" solaj ʙolьp kɵrinetindigin, cьnьnda ʙul qajcьlьq emes ekendigin eskermejdi.

Cьnьnda, Konstijtuvtsijanьꞑ ʙirinci statijasьnьꞑ „çumьscьlar men qara caruvalardьꞑ sotsijaldь memleketi" degen pormuvlasь tarьjƣьj çaƣьnan durьs: ʙul pormuvla ʙizdiꞑ sotsijaldь memleketimiz tuvƣanda, qurьlƣanda, kəzirgi dəreçesine çetkende ʙurьn ɵzilgen, qalьqtьꞑ orasan kɵpciligi ʙolƣan eki ylken taptьꞑ, ʙurçuvazija men pomeccikterdiꞑ ystemdigin qulatьp, çumьscьlardьꞑ ʙascьlьƣь men çaꞑa sotsijaldь qurьlьs ornatqan taptardьꞑ memleketi ʙolьp kelgendigin eskertip, kɵrsetip otьr. Birinci statijanьꞑ ʙul pormuvlasь kəzirgi dəvir ycin de durьs, yjtkeni ʙul pormuvla elimizde taptardь çojuv protsesi negizinde orьn dalьp ʙolsa da əli tygeli men tolьq ajaqtalьp çetpegendigin, ʙul protses əli de çyrip çatqandьƣьn, elimizde tap ajьrmacьlьqtarьnьꞑ qaldьqtarь əli de ʙar ekendigin kɵrsetip otьr.

Al, taptardь çojuv isinde osь kynniꞑ ɵzinde-aq cecyvci qadam ʙasqanьmьzdь ekinci statija kɵrsetip otьr, ʙul statija Çumьscь çana qara caruva depuvtattarьnьꞑ soʙetteri degen ʙurьnƣь attьꞑ ornьna eꞑʙekciler depuvtattarьnьꞑ soʙetteri dep alьp otьr. Munda ʙizdiꞑ qoƣamnьꞑ qala men derevnedegi eꞑʙekciler qoƣamьna ajnalƣandьƣь kɵrsetilip otьr. Munda soʙet intellijgentsijasь da qoƣamьmьzdьꞑ teꞑ pravolь ʙɵlegi ʙolƣandьƣь kɵrsetilip otьr. Yjtkeni, „Eꞑʙekciler depuvtattarьnьꞑ soʙetteri" degen pormuvlaƣa SSSR daƣь eꞑʙekci qalьqtьꞑ tolьq ʙir ʙɵlegi retinde, ʙizdiꞑ memleket, caruvacьlьq çana mədenijet qurьlь-

sьmьzda çavaptь rɵl atqaruvcь ʙɵlegi retinde intellijgensija da ɵzinen ɵzi kiredi. Syjtip, soʙet demokratijasь ʙykil qalьqtьꞑ cьn demokratijasьna ajnalьp otьr, ʙarlьq azamattardь qarmajtьn demokratijaƣa, tapsьz qoƣamnьꞑ teꞑ praʙolь adamdarьnьꞑ demokratijasьna ajnalьp otьr.

Soʙet Konstijtuvtsijasьn talqьƣa salƣanda SSSR dьꞑ eꞑʙekci ʙuqarasь sotsijaldь qoƣamdь tarьjqta ʙirinci ret ornatьp, ɵziniꞑ tarьjqьj isin qalaj çana qandaj çol men atqarƣandьƣьn taƣь da ʙir eskertip ɵtyv qaçet. Bul sɵzdiꞑ çavaʙь ʙirev aq: qalqьmьz maqtanьc etip otьrƣan, maqtanьc etpej otьra almajtьn, ʙasqa qalьqtarƣa ɵnege, ylgi ʙolьp otьrƣan ʙul çeꞑis, ʙul taʙьstar tap ducpandarь men alьsqan qaçьrlь çana ajavsьz kyreste taʙьlƣan, ajanʙas çigerdiꞑ, qaçьrlь qajrattьꞑ, erliktiꞑ arqasьnda taʙьlƣan, ʙularsьz adam tarьjqьnьꞑ çaꞑa zamanьn ʙastajtьn mundaj isterdiꞑ istelyvi mymkin emes.

Eꞑʙekciler ʙul taʙьstarƣa Lenin-Stalinniꞑ daꞑqtь kommunis partijasьnьꞑ ʙascьlьƣь men çetti, ʙul partija eꞑʙekcilerdi kapijtal quldьƣьnan qutqaruv mindetin, adamdь adamnьꞑ eksploatatsija çasavcьlьƣьnьꞑ, ezyviniꞑ qandaj tyrin ʙolsa da, çojuv mindetin aldьna qojьp ajnьmastan, aqьrьna dejin sol mindetti iske asьrƣan çalƣьz ƣana partija. Sotsijaldь qurьlьstь iske asьruv ycin, Lenin-Stalin partijasь çumьscь taʙь men ʙarlьq eꞑʙekcilerdi ujьmdastьrьp, ʙarlьq qьjьncьlьqtardь, ʙarlьq kedergilerdi çojuvƣa çetektep otьrdь.

Eꞑʙekcilerdiꞑ sotsijalijzm çolьndaƣь ʙudan ʙьlajƣь kyrestegi aldьꞑƣь qatarlь ətiretiniꞑ—kommunis partijasьnьꞑ çetekcilik çana ʙaƣьt ʙeryvcilik rɵli çaꞑa Konstijtuvtsijanьꞑ 126-statijasьnda ajqьn kɵrsetilip otьr.

„...çumьscь taʙьnьꞑ çana ʙasqa eꞑʙekcilerdiꞑ qatarьnan cьqqan asa ʙelsendi çana asa sanalь azamattar SSSR kommunis partijasьna ujьmdasadь, ʙul partija eꞑʙekcilerdiꞑ sotsijaldь qurьlьstь nьƣajtuv çana ɵrkendetyv ycin çyrgizgen kyresinde solardьꞑ aldьꞑƣь qatarlь ətireti ʙolьp taʙьladь. Bul partija eꞑʙekcilerdiꞑ ʙarlьq ujьmdarьnьꞑ, qoƣamdьq ujьmdarьnьꞑ da, memlekettik ujьmdarьnьꞑ da, çetekci ujьtqьsь“.

Basqa statijalar sьqьldь, ʙul statija da elimizde ʙolƣan asa tereꞑ ɵzgeristerdi korsetip otьr.

Bizdiꞑ partijamьz munda „eꞑʙekcilerdiꞑ aldьꞑƣь qatarlь ətireti“ atalьp otьr. Bul əʙden durьs. Çalƣьz çumьscьlar ƣana emes, qalqozcь qara caruvalar da, solar men qatar soʙet intellijgentsijasь da ʙolceʙikter partijasьnьꞑ ajnalasьna kəzir mьqtap ujьmdasьp otьr. Çalƣьz çumьscьlar ƣana emes, qalqozcь qara caruvalar da, soʙet intellijgentsijasь da ʙirlesip sotsijalizmniꞑ ʙizdiꞑ Lenin-Stalin partijasьnьꞑ daꞑqtь, ajʙьndь tuvьna çazьlƣan ulь isi ycin kyresip otьr. Barlьq eꞑʙekcilerdiꞑ ʙiri qalmaj ʙizdiꞑ partijamьzƣa, onьꞑ majdandar men kyreste sьnalƣan, sotsijaldьq qurьlьstьꞑ tarьjqьj təçirijʙesinde sьnnan ɵtken lenindik-stalindik ulь çolьna əʙden senetindigin kɵrsetetin mьꞑ-mьꞑdaƣan çaꞑa ajƣaqtar kyn sajьn kɵrsetip otьradь.

Bizdiꞑ partijanьꞑ „ʙarlьq eꞑʙekcilerdiꞑ aldьꞑƣь qatarlь ətireti“ dep ataluvƣa praʙosь, dəleli əʙden tolьq. Alajda, ʙizdiꞑ partijanьꞑ çumьscь taʙьnьꞑ aʙangardь retindegi rɵli endi çoƣaladь dep ajtsa, tek tyzelyvden ketken adamdar ƣana ajta aladь.

Bizdiꞑ partijamьz ɵziniꞑ ʙascьlьq rɵlin iske asьrƣanda dəl çumьscь taʙьnьꞑ partijasь retinde iske asьrьp, sondaj ʙolьp ɵsip, kyreste nьƣajdь. Bizdiꞑ partijamьz kəzirde de çana çaƣdajlarda, ɵz qatarьn tolьqtьrƣanda, aldь men eꞑʙekcilerdiꞑ eꞑ aldьꞑƣь qatarlь, eꞑ sanalь çana eꞑ ujьmdasqan ʙɵleginen—çumьscьlar qatarьnan—adam alьp ɵsip otьradь, munь Konstijtuvtsijanьꞑ çoƣarьda keltirilgen statijasь atap kɵrsetip otьr. Bizdiꞑ partijamьz kəzirde de aldь men çumьscь taʙьna

syjenedi. Bizdiŋ partijamьz kəzir de aldь men çumьscь tabьnьŋ eŋ aldьŋqь qatarь, sajasьj sanalь bəliminiŋ əkili, solardьŋ basьn birikitrip otьrqan ujьm. Al, çumьscь tabь barlьq eŋbekcilerdi ьntьmaqtastьrьp, əz ajnalasьna çьjnaj bildi, syjtip, əziniŋ bolcebikter partijasьnьŋ qoqamdьq negizin nьqajtьp, ulqajttь.

Çaŋa Konstijtuvtsijaqa qolьmьz çetip otьr, çaŋa Konstijtuvtsijanьŋ ereçeleri kəzir çaŋa əmirdiŋ, azat eŋbekciler əmiriniŋ bulçьtьlmajtьn berik zaŋь bolьp otьr, bul proletarijat dijktatuvrasьnьŋ arqasь. Munь ec bir umьtuvqa bolmajdь. Proletarijat rebolytsijasьnьŋ osь təmirdej berik pormuvlasьna bizdiŋ barlьq ducpandarьmьz, ystemdik—quruvcь burçuvalar, solardьŋ aram tamaqtarь, ijtarcьlarь men malajlarь nendej ec ekendigin, buqan nece tyrli çala çavьp, əsek taqatьndьqьn biz çaqsь bilemiz. Munьŋ mənisi tysinikti. Proletarijat dijktatuvrasь—kapijtalijzmdi qurtuvdьŋ çaŋa sotsijaldь qoqamdь ornatuvdьŋ negizgi quralь. Ulь kəsemderi, danьcpandarь Marks, Engelis, Lenin men Stalin. Proletarijattь qaruvlandьrqan osь tamaca tarьjqьj qural əziniŋ tarьjqьj mindetin tolьq çana tygeli men aqtadь çana aqtap otьr.

Memlekttiŋ ykimet bijligin əz qolьna alьp, eŋbekcilerdi əz maŋьna uьjmdastьrьp, ducpandardьŋ qarsьlьqь men cabuvьlьn kyl-talqan etip qьjratьp, SSSR dьŋ çumьscь tabь sotsijaldь qoqamdь ornattь, munь çaŋa Konstijtuvtsija ajaqtatьp otьr.

Çaŋa Konstijtuvtsija proletarijat dijktatuvrasьnьŋ nətijçesi, sonьŋ olçasь, munь biz de, cet elderdegi dostarьmьz da ec bir umьtuvqa tijis emes, umьta almajmьz. Sonь men birge, çaŋa Konstijtuvtsija proletarijat dijktatuvrasьnьŋ burьnqьdan əri damьqandьqь da bolьp otьr.

Bizdiŋ çaŋa sobet Konstijtuvtsijasь, çumьscь tabь dijktatuvrasьnьŋ ərkendevindegi çaŋa satьsьnьŋ, ətkeldi dəvirdegi emes, sotsьjaldь qoqamqa çetken satьsьnьŋ memlekettik pormasьn belgilep berip otьr.

Osьnь kəp çurt uqpaj, çumьscь tabьnьŋ dijktatuvrasь məselelerine, çaŋa Konstijtuvtsijanьŋ asьlь çajьndaqь məselelerge kelgende catasьp çyr. Bul вьlьqtar kəbinese çumьscь tabьnьŋ dijktatuvrasьn teris tysingendikten, meccandarca tysingendikten tuvьp çyr. Bul teris tysinyvciler dijktatuvranьŋ kyc çumsavcь çaqьn qana, ducpandarьna raqьmsьz bolьp otьrqan çaqьn qana kəredi, çumьscь tabьnьŋ dijktatuvrasь burçuvazijanь basьp, burçuvazijaqa ystemdik çyrgizyv ekendigin qana kəredi. Mundaj catasuvcьlar çumьscь tabьnьŋ dijktatuvrasьn azamat soqьsьnьŋ vaqьttarь men çaŋa tap kyresiniŋ əte cijelenisken kezderi men qana birge eseptejdi, al, ol kezderde dijktatuvra eŋbekcilerdiŋ duspandarь men kyreskende ec qandaj zaŋ men ec qandaj ereçeler men, ec qandaj tradijtsijalar men cek qojьlmaqan ykimet bolatьn.

Biraq, çumьscь tabьnьŋ dijktatuvrasьn вьlaj tysinyvcilik əte sьŋarçaqtьq boladь, teris, qata boladь. Bulaj tysinyvcilik çumьscь tabьnьŋ dijktatuvrasьna burçuvazijanьŋ berip çyrgen maqьnasь men yjles boladь, çumьscь tabьnьŋ ykimetine çala çabuvcь, burçuvazijanьŋ otьnamaj qujadь. Lenin вьlaj degen bolatьn:

„Proletarьjat dijktatuvrasь eŋbekcilerdiŋ abangardь bolьp otьrqan proletarijat pen eŋbekcilerdiŋ proletarijattan basqa sansьz kəp slojlarьnьŋ (usaq burçuvazija, usaq caruvacьlьq ijeleri, qara caruvalar, intelijgentsija çana basqalar), ja solardьŋ kəpciliginiŋ eki arasьndaqь odaqtьŋ, kapijtalqa qarsь odaqtьŋ, kapijtaldь tolьq qulatuv, burçuvazijanьŋ qarsьlьqьn çana burьnqь eski zamandь qajta ornatuvqa tьrьsqan ərekettiriniŋ barlьqьn tolьq basuv maqsattarьn kəzdegen odaqtьŋ, sotsijalijzmdi typkilikti çasap, nьqajtuv maqsattarьn kəzdegen odaqtьŋ ajьrьqca pormasь" (XXIV tom, 31-bette).

Sonan soŋ:

„Dijktatuvranьŋ eŋ çoqarqь prinsibi-proletarijat çetekcilik rəl men memlekettik ykimet bijligin mьqtap ustavь ycin, proletarijattьŋ qara caruva men aradaqь odaqьn qoldav" (XXVI tom- 460-bet).

Proletarijat dijktatuvrasь çajьndaqь məseleni Lenin men Stalin osьlaj qojqan bolatьn. Stalinniŋ „Leninijzm məseleleriniŋ" tijisti taravlarьn tysinip oqьsaŋьz bolqanь, çaŋa sobet Konstijtuvtsijasь SSSR da çumьscь tabьnьŋ dijktatuvrasь çajьndaqь məseleni „çoqaltьp otьr" degen kej bir bylgarijzatorlardьŋ qancalьq mьqtap catasqandьqьna køziŋiz çete qojadь.

Bulardьŋ ol søzderi asqan zьjandь bos søzder. Qajta SSSR da çumьscь tabьnьŋ dijktatuvrasь sotsijaldь qurьlьs çolьnda orasan køp ister istedi, dəl køzirgi vaqьtta, çaŋa satьqa çetken vaqьtьnda øziniŋ bazasьn burьn bolьp kørmegen dəreçede nьqajtьp, ulqajtьp otьr.

Bul baza køzir sotsijaldь ekonomijka men sotsijaldь qoqan mencigi bolьp otьr. Çumьscь tabь men qara caruvalardьŋ odaqь berik çana buzьlmas odaqqa ajnaldь. Sobet intellijgentsijasь mьqtap, çumьscьlar men, qara caruvalar men qol ustasьp, qьjmьldap otьr. Çumьscь tabьna barlьq eŋbekcilerdiŋ sengen seniminiŋ ycь qьjьrь çoq. SSSR çumьscь tabьnьŋ çetekcilik rəli çaŋa bijikke cьqtь. Olaj bolsa, çaŋa Konstijtuvtsija çumьscь tabьnьŋ dijktatuvrasьn damьtuvcь çana nьqajtuvcь qana, bul sotsijalijzmdi tolьq ornatuv „tapsьz qoqamqa, memleketsiz qoqamqa køcyv" (Stalin) maqsatьn køzdegen çumьscь tabьnьŋ basqa eŋbekciler men aradaqь odaqьnьŋ dəl ajrьqca pormasь, bul anьq.

Aldьmьzda qьjьncьlьqtar əli de bar. Qьjratьlqan tap ducpanьnьŋ qaldьqtarь bizge qarsь əreket istep çyr. Sьrtta, bizdiŋ cek aralarьmьzdьŋ ar çaqьnda çьrtqьctar quraldanьp çatьr, olar bizge qaraj umtьluv ycin tek ьŋqajlь vaqьtьn qana kytip otьr. Çumьscь tabьnьŋ dijktatuvra quralь solarqa qarsь is istejdi, bizdiŋ solarqa qarsь asqar belimiz boladь.

**(„Pravda" dan)**

**Balav Çysipʙajьʙa.**

*(Aqmola, Çarlь kɵl soʙetiniꞑ predsedatili)*

## Çumьsьmьz çandana ʙastadь

Aqmola avdanьndaƣь Çarlь kɵl soʙeti soꞑƣь kezderde mədenij, kɵpcilik, ygit çumьstarьn çandandьra ʙastadь. Avьl soʙetiniꞑ çanьnan toƣьz soʙet seksijasь, 5 çerde depuvtat toptarь qurьldь. Bulardaƣь mycelerinin sanь 88 adam. Onьꞑ 15 sь əjelder. Soʙet mycelerinin qalqozdьꞑ ʙasqarmasьnda myce, orьn ʙasar ʙolьp avьl kɵleminde 4 qalqozda 4 əjel istejdi.

Soʙet çumьsь çolƣa qojьlьp, kɵpcilik ujьmdastьruv isiniꞑ kyn sanap çɵndelyvi men, avьlьmьzda mədenij isterimizde ɵrge ʙasuvda. 1936-çьldьꞑ ʙasьnda 107 er, 101 əjel, ʙarlьƣь 208 qalqьmьz savatsьz edi, sonьꞑ kəzirde 76er, 20 əjel-ʙarlьƣь 98-ne qat tanьtьp сьƣarьp, qalƣandarьn yzdiksiz oqьttьrьp çatьrmьz. Ystimizdegi çьldьꞑ icinde qalqьmьzdь tolьq savattandьrьp сьƣarmaqpьz. Savatsьzdьƣьn çojuv çumьsьna avьlьmьzdьꞑ çasь men qatar kərisi de ьnta çigeri men kirisyvli. Bul çɵnde kɵpciligimizdiꞑ ijnsijatijʙin kɵterip, ylgili ɵnegesin ʙerip otьrƣan çoldastarьmьzda çoq emes. Mьsalь: 50 çastaƣь Ospanova ɵzi elden ʙurьn mektepke kirip savatsьzdьƣьn çojuv men qatar, ʙasqalarƣa ylgi kɵrsetip otьr. 4 qalqozdьꞑ çanьnda da qьzьl ʙurьсьmьz ʙar, ondaƣь çumьstar ynemi çyrgizilip otьradь.

Avьl kɵleminde qalqoz sajьn ʙirden, 4 mektep ʙar, ʙəri de tyzyv remonttalƣan. Bularda oqьjtьn ʙalalardьꞑ sanь 121. Bul mektepterdi ʙasqaratьn muƣalьmdarьmьzdьꞑ turmьs çaƣdajlarьn ykimet qavlьsьna səjkes çɵndedik. Burьnƣь ala almaj çyrgen 5-6 ajlarьnьꞑ çal aqьlarьn ɵndirisip ʙerdik.

Avьlьmьzda mal caruvacьlьƣь carьqtap ɵsyvde. 25-30 qarasь ʙar qalqozcьlarьmьz eki yjdiꞑ ʙirinen сьƣadь. Lavanьp sьjaqtь mal ʙasьn kɵʙejtip, sapasьn arttьrƣan ekpindi qalqozcьlarьmьz Qazaqьstannьꞑ XV çьldьq znacogin alьp otьr.

Malƣa kerekti cɵp azьƣьna erekce kɵꞑil ʙɵlip otьrmьz. Yjel ajьnьꞑ 15 ne dejin ʙьjьlƣь cɵp çosparьn tolьƣь men orьndadьq.

Bьjьl avьl kɵleminde 1504 gektar egin saldьq. Egindi mezgilinde sapalь salьp сьƣuvda avdan kɵleminde ekinci orьn aldьq. Eginniꞑ aram cɵʙin eki ret otap сьqtьq.

Endigi qolƣa alьp çatqan çumьsьmьz BK(в)P Ortalьq komijtetiniꞑ yjen plenyminiꞑ qavlьsьn, soʙettiꞑ stalindik çaꞑa konstijtuvtsijasьnьꞑ proektin kɵpcilikke keꞑ tysindirip, ʙarlьq sajasьj caruvacьlьq, mədenij aƣartuv çumьstarьmьzdь çandandьrьp, kɵpcilikti sonьꞑ ajnalasьna mьqtap ujьmdastьra otьrьp istev ʙolьp sanaladь. Bul mindetti orьndavƣa kyc, çigerimizdi ajamaj çumsajmьz.

Qulnьjazьp

# Traktorcь, kombajьncьlardьŋ çal aqьsь vaqьtьnda tələnsin

Partija men ykimettiŋ traktorcь, kombajьncь, avьl caruvacьlьq məcijneleri çumьscьlarьnьŋ çal aqьsь çenindegi naqtьlь nusqavlarь Çarma avdanьndaqь Çaŋqьz-Təbe MTS da osь kynge dejin is çyzine kəŋildegidej bolьp aspaj keledi. Bьjьlqь egis kezinde normasьn 185 pr. ətip orьndap, 279 kijlogram çaquv majьn ynemdegen Qulьmbetip atьndaqь qalqozdьŋ traktorcьsь Ataŋqulьp çana Duvckin Ijban sьjaqtь staqanьrcь trktorcьlar 36-çьldьŋ ətken ajlarьndaqь çal aqьlarьn ala almaj otьr. Ekpindi kombajьncь Musarap ətken 35-çьlqь remonttaqь eŋbek aqьsьn əli alqan çoq. Musarap çoldastьŋ bul çəndegi bir nece arьzdarьna MTS dijrektiri de, avdandьq orьndarda çyre çavap berip keledi. Endigi çerde, bul sьqьldь kemcilikter tezden çojьlьp, traktorcь, kombajьncьlardьŋ çal aqьlarь dəl vaqьtьnda tələnsin.

---

Qaraqozin Masaqpaj

# Sotsijaldьq çarьsqa caqьramьn

Əlkelik komijtetiniŋ tili „Avьl kommunisi" çornalьna tilci boluvdь ezime ardaqtь at dep bilemin. Tilciniŋ mindeti tek qana kərgen, bilgenin çornalqa çaza saluv men bitpejdi, bolcebik baspa səziniŋ tilcisi kəpcilikti baspa səz təŋiregine ujьmdastьruvcь boluv kerek.

Çazqь dem alьs vaqьtьnda avьl, avdan ortalьqьndaqь kommunister men tilektester arasьnda çornaldь davьstap oqьp berip, olardьŋ çornal tuvralь pikirin ujьmdastьramьn. Olardьŋ arasьnan çornalqa tilci tartamьn, tek qana tilciler qatarьna tartьp qojmajmьn, olarqa çornalqa qalaj çaza bastavdьŋ ədisin yjretemin.

Çaqьnda „Avьl kommunisi" çornalьnьŋ turaqtь oquvcьsь (partijanьŋ kondijdatь) Çəjlijna Zaqьjpa degen Ьrqьz avatkomьnьŋ əjelder çənindegi inistroktorь men əngimelesip, çornal tuvralь pikirin suradьm. Ol maqan bьlaj dep çavap berdi: „Men," Avьl kommunisi„ çornalьn eki çьldan beri yzbej oqьp turamьn. Yjitkeni, çornal əziniŋ atьna səjkes Avьl kommunisteriniŋ kyndelikti turmьsьnan, təçirijbeli çumьsьnan çana, çandь paktьlь materijaldardь tysinikti, uqьmdь, çatьq til men oquvcьlarьna ьlajqattap çazadь. Budan bьlaj çornal çeke kommunisterdiŋ çumьs təçirijbesinen kəp çazuv men qatar, kommunistik ylgili semija, sotsijaldьq salьt-sana məselelerin kəbirek çazьp turatьn bolsa, dejmin -dedi.

Çəjlijna çoldastьŋ çornal tuvralь pikirin qana bilip qojqamьn çoq, çornalqa qalaj çazuvdьŋ ədisin yjretip, birinci ret əziniŋ çumьs təçirijbesi tuvralь maqala çazdьrdьm.

Ərijne, tek osь ister men qana barlьq mindetimdi orьndadьm degim kelmejdi. Çornaldь qalьŋ qalqozcь oquvcьlarьnьŋ arasьna budanda kəri kəbirek taratuvqa at salьsamьn. Çaqьnda əz çumьsmda çyrip, 2 qalqozdь aralaqanьmda 32 dana „Avьl kommunisi çornalьn tarattьm. Çazqь dem alьs kezinde 150 dana „Avьl kommunisi" çornalьn taratamьn.

Sonь men birge „Avьl kommunisi„ çornalьnьŋ tilcilerin çornaldь kəpcilikke taratuv, maqala ujьmdastьruv sьjaqtь çornaldьŋ çumьstarьna at salьsuv çeninde sotsijaldьq çarьsqa caqьramьn.

**Əmirip Beken**

*(Cusartav avdanьndaqь Qos agac avьl sobetine qarastь „Egiz-Qьzьl" artelinin mycesi)*

## Mal basьn esiryvdemiz

Cubar tav adanьndaqь „Qos-aqac" avьl sobetine qarastь „Egiz-qьzьl" attь ərtelde 33-çьlь seriktik вольp ujьmdasqanda 104 bas mal вar edi. Kəzir təli men 13 çьlqь, 97 sьjьr, 2 tyje, 1664 qoj, 55 ecki, вarlьqь 1831 bas malь вar.

Munan tьsqarь ərtelde 36-çьl qurьlqan вir tavarlь sьjьr permesinde 74 iri sьjьr, 28 вuzav вar. Permedegi maldь qosa eseptegende ərteldin 1940 вas malь вar. Mal esiryvde aldaqь qatarlь staqanь ecьlarьmьzda az emes. Təvirвaj **Byrkijniptin** 4 sьjьrь, 65 qojь, Aqьnьp Cəkerimnin 58 вas malь вar. Qalqoz вольp ujьmdasqannan вeri yzdiksiz caвandьq qьzьmetti atqarьp kele çatqan Maqьçan əli вirde вas mal cьqьndatqan emes. Maqьçannьn çeke menciginde kəzir 49 вas malь вar. Mal esiryv tuvralь Sol tystik Qapqaz elkesi men Qazaqьstannьn sotsijaldь çarьs cartь tuvralь, Əlkelik partija komijteti men Qalьq komijssalarь sovetinin qavlьsь, qalqozcьlar arasьnda talqьlandь. Mal вasьn esiryvde ər вir qalqozcь erkek, əjelder staqanьpcь волsaq degen ьntasь zor.

---

**Bajsadaqьp**

*(Calqar avdanьndaqь „Cьвьq" seriktiginin komsomol ujьmdastьruvcьsь)*

## Çarьs cartьn orьndajmьz

Qazaqьstan men Sol tystik Qapqaz elkesinin mal caruvacьlьqьn erkendetyv çenindegi çarьs cartьn tolьqь men orьndav çolьnda Aqtөве oвьlьsьnьn Calqar, Ojьl, Ьrqьz avdandarь вir-вiri men sotsьjaldь çarьsqa tysti. Çarьs cartь вojьnca Ojьl avdanь 47, Ьrqьz 49, Calqar avdanь 43 pros. etip mal вasьn esirmek, ol ycin mal kytimin caqsь çolqa salьp, cep, qora-qopsь men tolьqь men qamtamasьz etyvge вarьnca kyc cumsamaq. Bizdin Calqar avdanьnьn Alqa sobetindegi „Cьвьq" serigimen, Qajьndь sobetindegi „Cetьrqьz" seriktigi çarьsqa tysti. Avdan qalqozcь curtcьlьqь carьs cartьn orьndavqa cumьla kirisip otьr.

---

**Esimвekip**

*(Qьzьl-tuv avdandьq den savlьq bəliminin вastьqь)*

## Bizdin tilegimiz

Əlkemizdin qazaq tilinde cьqatьn gazet çornaldarьnda den savlьq orьndarьnьn вascь qьzmetkerleri men ьsьlqan çaqsь mamandarь az çazadь. Doqtьr Mamьtьp etken çьlь „Avьl kommunisi" çornalьnda „tenge qotьr" (sijpljis) degen maqalasьn çazdь da kejinnen çazвajtьn вольp ketti. Cьnьnda, əsirese ьsьlqan qazaq doqtьr mamandarьnьn вaspa sez вetinde yzвej, ezinin is təcirijвesin kepciliktin aldьna tartьp, olardьn nazarьn avdarьp turuvь əвden-aq kerek. Doqtьr Mamьtьptьn „tenge qotьr" degen „Avьl kommunisi" çornalьnda вasьlqan maqalasь

bir çaqьnan avьldaqь den savlьq orьndarьnьn qьzmetkerlerine ylken qural bolsa, ekinci çaqьnan qalqozcь kepciliginiŋ sol avьruv men yaьqtь men kyresyvge kөŋilin avdarttь.

Өlkemizde kөpten beri eŋbek etip kele çatqan dөrigerlerimiz az emes. Mamьtьp, Sejitip, Nurqalьjьp sьqьldь bir nece isker dөrgerlerimiz bar.

Bul çoldastardьŋ den savlьq çumьsь çөnindegi tөçirijbeli aqьlь kөpcilikke өte-mөte kerek. Əsirese, avьlda kөp kezdesetin merez, kөk sav, çiŋicke qurt, taz, qotьr sьjaqtь avьruvlardьŋ qajdan, neden bolatьnьn, onь qurtuv ycin qandaj cara qoldanuv kerektigin çana sol avruvlardь boldьrmas ycin ne istev kerek ekendigi çajьnda çazьp, kөmek kөrsetip otьruvь өte qaçet; sonь men birge өlkelik, oвьlьstьq, avdandьq den savlьq orьndarьnьŋ qьzmetkerleri өz çumьsьnьŋ nөtijçesi çөninde maqala çazьp turuvь kerek. Bul den savlьq orьndarьnьŋ çumьsьnьŋ çөndelyvine kөp kөmek eter edi.

---

Esimвekip

# „Avьl kommunisi“ niŋ dabьlьnan kejin

„Avьl kommunisi“ çornalь 4-sanьnda Qьzьl-tuv avdanьnda dөrgerdiŋ çetimsizdiginiŋ saldarьnan qalьq arasьnda tyrli avruv kөbejip baradь degen edi. Kөzir Qazaqьstan qalьq den savlьq komijssarьjatьnьŋ çәrdemi men typkilikti qьzьmet istev ycin bir dөrger keldi. Avdan ortalьqьnan bir avьruv qana acьlьp (10 kөjkelik), bir nece avьruvlardь çazьp cьqardь. Ças maman ъвьrajьp çoldas avruv qana çumьsьn ylgili etyvge ajanbaj kyc çumsap keledi.

Avruv qananь aqtьq ret tyzetyvge oвkom, oвlatkomnьŋ qavlьsь вojьnca 20 mьŋ som qaraçat berildi. Osь kyni iske kirisyvge qam istelip çatьr. Onь men qatar oвkomnьŋ qavlьsь вojьnca çaqьnda 3 pelcir kelmekci.

# QAVLЬ QARARLAR

## SSSR soʙetteriniꞑ VIII-sijezi tuvralь çana çer-çerdegi soʙet sajlavь men sijezderin caqьruv tərtiʙi tuvralь

*Odaqtьq ortalьq atqaruv komijtetiniꞑ qavlьsь*

Soʙetter odaqьnьꞑ ortalьq atqaruv komijteti qavlь qьladь:

1. SSSR soʙetteriniꞑ VIII-sijezi tɵtence sijez dep eseptelsin.

2. Çer-çerdegi soʙetterdiꞑ sijezderi 1936-çьl ektəʙirdiꞑ ʙirinen nojaʙirdiꞑ 15-ne dejin ɵtkizilsin.

Tek qьjьr çerlerdiꞑ soʙet sijezderin qana Odaqtьq ortalьq atqaruv komijtetiniꞑ erekce qavlьlarь ʙojьnca ʙasqa vaqьtta ɵtkizyvge ʙoladь.

3. SSSR soʙetteri VII-sijeziniꞑ qavlьsьna səjkes çergilikti ykimet orьndarь qajta sajlanʙasьn.

4. Soʙetterdiꞑ avdandьq sijezderine ʙaratьn ɵkilderdi qalalьq, selendik çana poselkelik soʙetterdiꞑ kəzirgi plenuvmdarь sajlajtьnь tysindirilsin.

5. RSPSR men USSR soʙetteriniꞑ sijezderine ʙaratьn ɵkilder SSSR soʙetteriniꞑ sijezine ʙaratьn ɵkilder men qatar sajlansьn, ol respuvʙlijkalardьꞑ soʙet sijezderi SSSR soʙetteriniꞑ sijezinen kejin caqьrьlsьn.

Qazaqьstannьꞑ sijezi de osь tərtip pen caqьrьlsьn.

6. Orьlьstarqa ɵlinʙejtin odaqtas respuvʙlijkalardьꞑ-Beloruvsijannьꞑ, Ɵzʙekstannьꞑ, Təçikstannьꞑ çana Tyrkmenstannьꞑ soʙet sijezderi SSSR soʙetteriniꞑ sijezine ɵkilder sajlav ycin, ʙykil odaqtьq soʙet sijezinen kejin ɵz respuvʙlijkalarьnьꞑ çaꞑa Konstijtuvtsijalarьn qarap ʙekityv ycin ʙurьnqь daqdьlь tərtip ʙojьnca caqьrьladь.

Gruvzijannьꞑ, Əzirʙajçannьꞑ, Armenijannьꞑ çana Qьrqьzьstannьꞑ soʙet sijezderi de osь tərtip pen caqьrьlsьn.

7. Odaqtьq ortalьq atqaruv komijtetiniꞑ prezijdymi çanьndaqь Ortalьq sajlav komijssijasьnьꞑ ɵkildigi ʙekitilsin.

***Odaqtьq ortalьq atqaruv komijtetiniꞑ predsedatili-***
***M. Kalijnin.***

***Odaqtьq ortalьq atqaruv komijteti sekretarьnьꞑ mindetin atqaruvcь-I. Unclijqt.***

***Məskev, kreml, 1936-çьl, 2-aqus.***

# Qazaqtъn aptonomijalь sobetti sotsijaldь respuvlijkasьnda çaŋa oвlьstar quruv tuvralь

## Bykil Resejlik Ortalьq atqaruv komijteti prezijdyminin qavlьsь.

Qazaqtьŋ aptonomijalь sobetti sotsijaldь respuvlijkasьnьŋ sobet. caruvacьlьq çana qoqam ujьmdarьnьŋ ətinicterin eskerip, вykil Resejlik ortalьq atqaruv komijtetiniŋ prezijdymi mьnadaj qavlь etedi:

1. Qazaqьstannьŋ Qaraqandь oвlьsь: Qaraqandь çana Sol tystik Qazaqьstan bolьp eki oвlьsqa вelinsin:

Qaraqandь oвlьsьnьŋ ortalьqь-Qaraqandь qalasь, Sol tystik Qazaqьstan oвlьsьnьŋ ortalьqь-Petiropavьl qalasь bolьp belgilensin.

2. Qaraqandь oвlьsь: Aqmola, Nura, Bijcnevskij, Novo-Cerkas, Erkincilik, Qorqalçьn, Telman avdandarьnan, Qaraqandь qalasьnan, soqan qaraqan selsebetterden çana Qarqaralь ekirigindegi Çaŋa arqa, Cet, Qoŋьrat, Quv, Bajan-avьl, Qarqaralь avdandarь men Prijbalqacstrojdan quralatьn bolsьn. Qaraqandь oвlьsьna Oŋ tystik Qazaqьstan oвlьsьndaqь Qarsaqpaj avdanь qosьlsьn.

Qarqaralь əkirigi açьratьlsьn.

Sol tystik Qazaqьstan oвlьsь: Məmlyt, Sokolop, Presnop, Ajьr-tav, Arьq-balьq, Kalijnin, Kəkce-tav, Atbasar, Cyvcin, Eŋbekcilder, Qьzьl-tuv, Teŋkeris, Bejnetqor, Stalin, Krasno-armej, Lenin, Prijecim, Bolajьp, Poluvdin, Zerendi, Makin, Esil, Molotьp, Ruvzajьp, Keller avdandarьnan Petropavьl qalasьnan çana soqan qaraqan selsebetterden quralatьn bolsьn.

4. Aqtəвe oвlьsь: Aqtəвe çana Qostanaj bolьp eki oвlьsqa вelinsin: Aqtəвe oвlьsьnьŋ ortalьqь-Aqtəвe qalasь, Qostanaj oвlьsьnьŋ ortalьqь- Qostanaj qalasь bolьp belgilensin.

5. Qostanaj oвlьsь: Qostanaj, Pedorop, Qaraвalьq, Meŋdiqara, Semijozer, Oвaqan, Yvrijtskij, Çetiqara, Batpaqqara, Taranьp, Torqaj avdandarьnan çana Qostanaj qalasьnan quralatьn bolsьn.

Qaraqandь oвlьsьnьŋ Presnegorskij avdanь Qostanaj oвlьsьna qarajtьn bolsьn.

6. Aqtəвe oвlьsь: Aral, Ьrqьz, Klyvcevoj, Martyk, Novo-Resej, Steppoj, Taвьn, Temir, Ojьl, Qoвda, Calqar, Qaraвutaq, Çurьn avdandarьnan çana Aqtəвe qalasьnan quralatьn bolsьn.

Bykil Resejlik Ortalьq atqaruv komijtetiniŋ
predsedatili-**M. kalijnin.**

Bykil Resejlik Ortalьq atqaruv komijtetiniŋ
sekretarь-A. **Kijselop.**

Məskev, kreml. 1936-çьlqь yjeldiŋ 29-kyni.

# Qazaqtьŋ aptanomьjalь sovetti sotsijaldь respuvlijkasьnьŋ avdandarьn ьqcamdav tuvralь

*Bykil Resejlik Ortalьq atqaruv komijteti prezijdyminiŋ qavlьsь*

Bykil Resejlik Ortalьq atqaruv komijtetiniŋ prezijdymi mьnadaj qavlь etedi:

1. Cьqьs Qazaqьstan ovlьsьndaqь Cemonajqь avdanь mьnadaj volьp ekige бelinsin:
 a) Cemonajqь avdanь, ortalьqь-Cemonajqь posəlkesi;
 в) Novo-Cyлвa avdanь, ortalьqь-Novo-Cyлвa posəlkesi.

2. Aqtөвe ovlьsьndaqь Ьrqьz avdanь mьnadaj volьp ekige вelinsin:
 a) Ьrqьz avdanь, ortalьqь-Ьrqьz posəlkesi;
 в) Qaravutaq avdanь, ortalьqь-Qaravutaq posəlkesi.

3. Aqtөвe ovlьsьndaqь Semijozer avdanь mьnadaj volьp ekige вelinsin:
 a) Semijozer avdanь, ortalьqь-Semijozer posəlkesi;
 в) Taranьp avdanь, ortalьqь-Bijktorop posəlkesi.

4) Aqtөвe ovlьsьndaqь Temir avdanь mьnadaj volьp ekige вelinsin:
 a) Temir avdanь, ortalьqь-Temir qalasь;
 в) Çurьn avdanь, ortalьqь-Çurьn posəlkesi.

5. Aqtөвe ovlьsьndaqь Qostanaj çana Ovaqan avdandarьnьŋ sostavьnan Ovaqan avdanь degen çaŋa avdan вelinip cьqarьlsьn, munьŋ ortalьqь Bolce-Cuvrskop posəlkesinde volsьn, al, osь kyngi Ovaqan avdanь Yvrijtskij avdanь volьp atalsьn.

6. Almatь ovlьsьndaqь Andrejip avdanь mьnadaj volьp ekige вelisin:
 a) Andrejip avdanь, ortalьqь-Andrejipke posəlkesi;
 в) Dzerçijniskij avdanь, ortalьqь-Kolpakopka posəlkesi, soŋqь posəlkeniŋ atь əzgertilip, Dzerçijniskij posəlkesi volьp atalsьn.

7. Almatь ovlьsьndaqь Kegen avdanь mьnadaj volьp ekige вelinsin:
 a) Kegen avdanь, ortalьqь Kegen posəlkesi;
 в) Narьn-Qol avdanь, ortalьqь-Narьn-Qol posəlkesi.

8. Qaraqandь ovlьsьndaqь-Məmlyt avdanь mьnadaj volьp ekige вelinsin:
 a) Məmlyt avdanь, ortalьqь Məmlytke posəlkesi;
 в) Sokolop avdanь, ortalьqь-Presnopka posəlkesi.

9. Qaraqandь ovlьsьndaqь-Krasno-armej avdanь mьnadaj volьp ekige вelinsin:
 a) Krasno-armej avdanь, ortalьqь-Novo-Suvqotьn posəlkesi;
 в) Keller avdanь, ortalьqь-Keller posəlkesi.

10. Qaraqandь ovlьsьndaqь Kalijnin avdanь mьnadaj volьp ekige вelinsin:
 a) Kalijnin avdanь, ortalьqь-Çoravlepke posəlkesi;
 в) Novo-Cerkas avdanь, ortalьqь-Novo-Cerkas posəlkesi.

*Bykil Resejlik Ortalьq atqaruv komijtetiniŋ predsedatili-M. Kalijnin.*

*Bykil Resejlik Ortalьq atqaruv komijtetiniŋ sekretarь-A. Kijselop.*

*Məskev, Kremil. 1936-çьl yjeldiŋ 29-kyni.*

# Qazaq respuvʙlijkasь soʙetterinin X-sijezi tuvralь

*QASSR Ortalьq atqaruv komijtetinin qavlьsь*

SSSR dьn Ortalьq atqaruv komijtetinin 1936-çьlqь aqustьn 2-degi qavlьsьna səjkes, Qazaqtьn Ortalq atqaruv komijteti qavlь etedi:

1. Qazaq respuvʙlijkasь soʙetterinin X-sijezi soʙetterdin ʙykil odaqtьq sijezinen kejin caqьrьlsьn.

2. Soʙetterdin oʙlьstьq sijezderinde soʙetterdin ʙykil odaqtьq sijezine de çana Qazaq respuvʙlijkasь soʙetterinin respuvʙlijkalьq sijezine de delegattar ʙir çolь sajlanatьn ʙolsьn.

***Qazaqьstan Ortalaq atqaruv komijteti predsedatilinin orьnʙasarь-A. Çangeldin.***

***Qazaqьstan Ortalьq atqaruv komijtetinin sekretarь-T. Çumaʙajьp.***

*Almatь qalasь 8-VIII—1936-ç.*

# MAZMUNЬ:

1. Qalьqtьŋ ducpadarь əckerelenip qoloa tysti . . . —„— . . .
2. Sobetter odaqьnьŋ prokuvratuvrasьnda . . . . . . .
3. Tarьjqьj plenym . . . . . . . . . . Nurpejisip . . . .
4. Bykil partija ujьmьnьŋ çumьsь . . . . . Eryvbajьp . . . .
5. Soqьsqa qarsь kyn . . . . . . . . . Qalьmbetip . . .
6. Sobet abijatsijasь . . . . . . . . . . Taçibajьp . . . .

## Partija kəpcilik çumьsь

1. Partija bascьlьqьndaqь kollektiptik „Prabda" . . . . . . . . . . . . . .
2. Proletarьjat internatsijonalijzimi ycin kyreste. Saduvaqasьp . . .
3. Partija kabijnetterin, partija oquv yjlerin çaqsь ujьmdastьrajьq . . . . . . . . . . Çysipip . . . . .
4. Tilektester arasьndaqь çumьsьmьzdь kycejtejik . . . . . . . . . . . . . . . . Boqanьp . . . . .
5. Partija propagandьsьn çoqarqь satьqa kəterejik . . . . . . . . . . . . . . . Əbiçanьp . . . .
6. Plenym tapsьrmalarьn orьndavqa kiristik . Çamantajьp . . .

## Sotsijaldь avьl caruvacьlьqь

1. Mal caruvacьlьqьn ərkendetyvdegi bastь mindetter . . . . . . . . . . . . . . . . . Sarmurzьn . . . .
2. Kyzdikti sapalь etip, tez salatьn bolajьq . Eryvbajьp . . . .
3. Gerapord pen buvdandastьramьz . . . . . Tasbolatьp . . . .
4. Qarsaqpaj aldьnqь qatarlь mal caruvacьlьq avdanь boluv kerek . . . . . . . . . . . Tanajьp . . . .
5. Çarьs cartьn orьndajmьz . . . . . . . . Qajrucьp . . . .
6. Maldь avьlqa ajnaldьq . . . . . . . . . Saqpajьp . . . .

## Mədenijet majdanьnda

1. Aldьmьzdaqь oquv çьlьndaqь mindetterimiz. Sьzdьqьp . . . .
2. Savatsьzdьqtь çojuv çurtcьlьq çumьsь . Momьnьp . . . .

## Ədebijet bəlimi

1. Ɵlkyjik çaqasьnda (16-çьl tuvralь əŋgime). Cərijpop . . . . .
2. Ɵrdendi Emen . . . . . . . . . . . . Mutallap . . . . .

## Konsyltatsija

1. Çumьscьlar men qara caruvalardьŋ sotsьjaldь memleketi . . . . . . . . . . . . . Stetiskij . . . . .
2. Çer-çerdiŋ qatьnan . . . . . . . . . . .

## Qavlь—qararlar

1. 8-Odaqtьq keŋester sijezin caqьruv tuvralь.
2. Qazaqьstanda çaŋa oblьstar quruv tuvralь.
3. Qazaqьstannьŋ kej bir avdandarьn ьqcamdav.
4. Qazaqьstannьŋ X-keŋester sijezin caqьruv tuvralь . . . . . . . . . . . . . . . .

| REDKOLLEGIJA | 1. **Segizbaj ulь S.** (çavaptь redaktor)<br>2. **Qulçan ulь J.**<br>3. **Smajьl ulь E.** |
|---|---|

Техн. редактор ТНЫШБАЕВА С.
Ответ. корректор ИСКАЛИЕВ З.
Принято в набор 25/VIII 36 г.
Подписано к печати 11/IX 36-г.

Кол. знаков в печ. листе 40000
Формат бумаги 82Х110
КАЗЛИТ № 2152
Об'ем 5 листов. Тираж 10070

Книжно-журнальная типография Н К М П г. Алма-Ата Зак. 398-а